2. Приказ Министерства просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
3. Инструкция по организации внутришкольного контроля // URL: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/2022%20Оку-әдістемелік%20ұсынымдар/%20ВШК%20рус.яз.pdf>
4. Лазарев В.С. Системное развитие школы. – М.: Педагогическое общество, 2002. – 203 с.
5. Матрица управленческих решений по результатам проведения процедур контроля и оценки качества образования // URL: <https://irorb.ru/wp-content/uploads/2019/12/primery-upravlencheskihreshenij-po-rezultatam-ocenochnyh-procedur.pdf>
6. Методические рекомендации для учителей по формированию функциональной грамотности обучающихся // URL: https://tikhvin.org/files/str_podr/kpo/Методические%20рекомендации%20по%20подготовке%20к%20ОГ.pdf

● МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Зонова Л.А.

«Налобин орта мектебі» КММ,
Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданының Налобино ауылы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепшілік бақылауды ұйымдастыру, жұмыстың негізгі бағыттары және олардың орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігі атап көрсетілген. Мектепшілік бақылау бағыттары оқу процестерін, оқушылармен жұмысты, педагогтерді әдістемелік даярлауды және тәрбие іс-шараларын қамтиды. Мақала бүкіл оқу жылындағы бақылаудың барлық бағыттарының циклділігі мен маңыздылығын көрсетеді. Бақылаудың әрбір бағыты бойынша жұмыс егжей-тегжейлі сипатталған, сондай-ақ мақсат қою, мониторинг, талдау, түзету және жүйені дамытуды қоса алғанда, бақылау процесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беріледі. Жалпы білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін білім беру процесінің әртүрлі қатысушыларымен қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: мектепшілік бақылау, тиімділік, жүйе, білім, сапа.

● THE SYSTEM OF INTRA-SCHOOL CONTROL AS A TOOL FOR ENSURING THE QUALITY OF EDUCATION

Zonova L.A.

KSU « Nalobinskaya Secondary school» of Kyzylzhar district
village of Nalobino, North Kazakhstan region

Abstract. This article highlights the organization of intra-school control, highlights the main areas of work and their compliance with the requirements of the state mandatory standards of secondary education. The areas of intra-school control include educational processes, work with students, methodological training of teachers and educational activities. The article emphasizes the cyclical nature and importance of all areas of control throughout the academic year. The work in each area of control is described in detail, along with recommendations on the organization of the control process, including setting goals, monitoring, analysis, adjustment and development of the system. Much attention is paid to communication and cooperation with various participants in the educational process, which contributes to the achievement of common educational goals.

Keywords: intra-school control, efficiency, system, education, quality.

FTAMP 14.01.11

БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ САПАСЫ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚАЛАЙ ӨСЕР ЕТЕДІ?

Смаилова М.Т.

Quantum Stem School, Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада педагогикалық тәжірибені жақсарту мақсатында мұғалімдер өткізген зерттеу сипатталады. Зерттеу барысында сапа мен нәтиже арасындағы тәуелділікті құрайтын себеп-салдар әдісі қолданылды. Бағалаудың сапалы құралдарын құру жоғары жауапкершілікті жүктейді, әрі бағалау нәтижесін арттыруға ықпал етеді. Мақала өзінің тәжірибесін жақсартқысы келетін ұстаздарға пайдалы болады.

Түйінді сөздер: тест, тест тапсырмалары, тестілеу теориялары, бағалау құралдары, оқыту сапасы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу тұжырымдамасы бойынша әзірленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады [1, 2]. Бұл ережелер қалыптастырушы бағалауды (ҚБ) және ішкі жиынтық бағалауды (ІЖБ) ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды. Ішкі жиынтық бағалауды пән мұғалімдері жүргізеді, жұмыс тапсырмаларын спецификацияға сәйкес пән мұғалімдері құрастырады. Ішкі жиынтық жұмысты орындағаннан кейін, әдетте, пән мұғалімдері оқушылармен қателер бойынша жұмыс жасайды, әр тапсырманың шешімін талдайды, оқушының белгілі бір пән бойынша максималды балл алмау себебі неде деген сұраққа жауап іздейді.

Астана қаласындағы Quantum Stem School мектебі оқу жылының басынан тест тапсырмаларын құрастыратын шығармашылық топпен жұмыс істеу-

ге кірісті. Курстарды сертификатталған тренер, СІТО халықаралық тренерлерінен (Білімді бағалаудың Голландиялық институты – әлемдегі ең жақсы тестілеу және бағалау орталықтарының бірі) білім алған М.Т.Смаилова жүргізді. Бұл институт адам әлеуетін өлшеу мен бақылауға және оның дамуына ерекше көңіл бөледі [5,6,7]. Шығармашылық топ құрамына математика пәнінің мұғалімдері кірді. Оқу барысында аптасына бір рет семинар-тренингтер өткізілді. Аталған семинарларда әріптес педагогтер оқушылардың дағдылары, қабілеттері, жетістіктері мен қабілеттерінің өлшемдері ретінде заманауи тестерге қойылатын талаптармен таныстырылды, сынақ түрлерін (ашық, жабық) талқылады, тест тапсырмаларын жазу кезеңдерін, стандарттары мен ұпайларды есептеу талаптарын анықтады. Осы семинарлар мен тренингтерде ҚБ және ІЖБ-да қолдануға арналған тест тапсырмаларын сапалы дайындауға назар аударылды. Зерттеу Астанадағы Quantum Stem School мектебінде жүргізілді. Зерттеуге математика пәнінің мұғалімдері мен 9-сыныптардың 56 оқушысы қатысты.

Әдістеме

Оқу жетістіктерін объективті бағалау барлық тапсырмалар талаптарға сай құрастырылған жағдайда ғана тестілеу процедурасы арқылы жүзеге асырылады. Е.В. Дозорова мен В.А. Дозорованың «Современные средства контроля и оценивания результатов обучения в школе» атты зерттеу жұмысымен танысқаннан соң, тест тапсырушылардың білімін бағалау барынша шынайы болуы үшін ұсынылған тапсырмалардың қиындық деңгейімен жұмыс істеумен қатар, тест тапсырмаларын тексеретін дағдыға байланысты барлық талаптарға сай етіп жасау керек деген қорытындыға келдік [4]. Көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде оқушылардың білім деңгейін анықтауға бағалау тапсырмалары сапасының әсерін қарастырады. Ал М.С. Седов пен Н.Е. Соколовтың зерттеу жұмысында тестілеу нысандарын бағалаудың объективтілігіне баса мән берілген [8]. Сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесіне қатысты В.В. Белоус пен А.П. Карпенконың ғылыми-зерттеу жұмыстарынан терең әдістемелік көмек алдық. Аталған зерттеуші ғалымдар білім сапасын бақылаудың сынақ әдісін және білім беру тестілерінің сапа критерийлерін жан-жақты қарастырады [9]. Оқушылардың жұмысын зерттеу барысында бір көрсеткіштің өзгеруі басқа көрсеткіштерге қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік беретін талдаудың себеп-салдарлық түрі таңдалды [3].

Себеп-салдарлық талдау зерттеуге негізделген гипотезадан басталады. Біздің жағдайда біз тест тапсырмаларының сапасы (жабық, ашық түрі) бағалау нәтижелеріне қалай әсер ететінін зерттедік. Тесттерді құрастыруға қойылатын талаптарды ескердік:

- ▶ сенімділік – қатесіз бағалау, бағаланған нәтижелерге сенуге болатын-болмайтынын көрсетеді, яғни нәтижелердің қаншалықты дәйекті, дәл және қайталанатындығы;
- ▶ валидтілік (негізділік) – берілген сынақтың нақты нені сынау және өлшеу керек екендігіне сәйкестік дәрежесін көрсетеді;

- ▶ ашықтық – барлық қатысушылардың тестілеуге қажетті алдын ала керек ақпаратты (пән, дағдылар, бағалау процесі) білуін қамтиды.

Себеп-салдарлық талдау осы зерттеуге негіз болған себеп-салдарлық байланыстарды модельдеу үшін қолданылады. Зерттеудің нәтижелік мәндерін нәтижелік мәндермен салғастыра салыстырғанда, нәтиже мәндері әртүрлі әрекетте қандай болатынын түсінуге болады.

Бағалау үшін тапсырмаларды құрастыру кезінде жоғарыда аталған талаптардың бірін орындамау білім алушы жұмысын объективті бағалау нәтижесінің себебі болуы мүмкін. Бұл зерттеуде мұндай себептің болуын анықтау, нәтижелерді талдау және сынақтардың сапасы мен жұмыс нәтижелері арасындағы себеп-салдарлық байланысты бағалау, содан кейін мұндай себептерді алып тастау қажет болды, бірақ себеп-салдарлық талдаудың бірқатар шектеулері мен болжамдары бар және олардың себеп-салдарлық байланыстарын бағалау объективті және сенімді болуы үшін ескерілуі қажет. Себеп-салдарлық қатынастар мен өзгермелі өзара әрекеттесуді оқып-үйрену үшін қолданылған түрлі нәтижелер (сынақ сапасы мен бағалау нәтижелерінің объективтілігі) графиктер мен кестелер түрінде ұсынылған, сонымен қатар ауызша сипатталған. Ішкі жиынтық бағалауға арналған тест тапсырмалары сапалы құрастырылуы керек және оқушылардың білім сапасына әсер етпеуі керек, сондықтан сапалы тест тапсырмаларын дайындау оқушының үлгерімін бағалаудың басты қағидаты болып табылады.

Практикада қолдану


2023-2024 оқу жылының бірінші тоқсанында ІЖБ жүргізгеннен кейін 56 оқушының қатесімен жұмыс жасау барысында кейбір тапсырмалардың шарттарын түсіну қиын болғаны анықталды (тапсырмаларда қажет емес ақпарат болу немесе ақпарат жеткіліксіз болуы), кейбір тапсырмаларды шешу үшін бірнеше нұсқалық шешімдер қажет болды. Орындалған тапсырмаларды талдау барысында ІЖБ-ның кейбір

тапсырмалары арқылы оқушылардың білім деңгейін объективті бағалау мүмкін екенін көрсетті. Математика пәні бойынша бірінші тоқсандағы жиынтық бағалау нәтижелерін талдауды ескере отырып, алған білімдеріне сүйене отырып, шығармашылық топ мұғалімдері тест спецификациясына сәйкес 9-сыныптың жиынтық бағалауына арналған тест тапсырмаларын құрастырды. Тест тапсырмаларында тексерілетін дағдылар мен екінші тоқсан бағдарламасының бөлімдері көрсетілді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша атқарылған әдістемелік зерттеу іс-шаралары төменде сипатталады.

1. СІТО талаптарына сәйкес қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалауға тест тапсырмаларын дайындау: сенімділік, негізділік, ашықтық.
2. Мектепте орындалған тапсырмаларды әріптес математиктердің тексеруі (мектеп жүйесінде қабылданған процедура).
3. Жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін оқушылардың рефлексиясына сұрақтар құрастыру (8 сұрақ құрастырылып, 1-кестеге енгізілді).
4. Алынған рефлексияны талдау (ІЖБ соңында 56 оқушының рефлексиясын талдау және сегіз сұрақтың әрқайсысы бойынша жалпы қорытынды).
5. Оқушылардың жұмыс нәтижелерінің себептік талдауы (рефлексияның талдауын ескере отырып, бағалау схемасы бойынша жұмысты тексеру).
6. ҚБ және ІЖБ тапсырмаларын дайындау кезінде кездесетін қиындықтар туралы әріптестермен талқылау кеңесі жүргізілді. Осы мәжіліс барысында математика пәні педагогтеріне келесі сұрақ-сауалдар қойылды:
 - ▶ Сіз ҚБ және ІЖБ үшін ұсынылған тестерді пайдалана отырып, оқушылардың бағдарлама бойынша білім деңгейін анықтай алдыңыз ба?
 - ▶ бұл тест тапсырмалары оқушылардың біліміндегі қандай кемшіліктерді анықтауға көмектесті?
 - ▶ жабық тест тапсырмаларын жазу кезінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?
 - ▶ ашық тест тапсырмаларын құру кезінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?

Төменде 1-диаграмма берілген, оның абсциссасында ІЖБ нәтижелері және 9-сынып оқушыларының ҚБ-да қол жеткізген оқу мақсаттарының саны ұпаймен, ал ордината бойынша оқушылар саны көрсетілген.



1-диаграмма

1-диаграммада оқушылардың жетістіктерінің білім беру мақсаттары бойынша ҚБ және ішкі жиынтық бағалау нәтижелері арасындағы сәйкессіздік көрсетілген. Осы көрсеткіш негізіне практикалық бөлікке көбірек назар аудару туралы шешімге келдік. Бұл шешімді нақты тарқатып айтқанда, ашық және жабық тест тапсырмаларын дайындау, орындалған тапсырмаларды талқылау, екі циклде ішкі жиынтық бағалау нәтижелеріне зерттеу жүргізу (екінші, үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша), ішкі жиынтық баға-

лау аяқталғаннан кейін оқушылармен 8 сұрақтан тұратын рефлексиялық жұмыс жүргізу, шығармашылық топтағы әріптестер үшін сауалнама нәтижелері бойынша қосымша тренингтер өткізу туралы іс-шаралар жүргізу қажет екендігі туралы шешім қабылданды.


Нәтижелері:

Төменде 2-тоқсан (1-цикл) бойынша жиынтық жұмысты орындау бойынша оқушылардың рефлексия парақтарын талдауы берілген.

1-кесте

Сұрақтар	9-сынып
1. Шарттары сізге түсініксіз болып көрінген тапсырмалардың нөмірлерін көрсетіңіз	6,8
2. Сызбалары сізге түсініксіз болған тапсырмалардың нөмірін көрсетіңіз (бар болса)	7,9
3. Сызбалары сізге жеткілікті ақпарат бермеген тапсырмалардың нөмірлерін көрсетіңіз (бар болса)	7
4. Тапсырманы орындау үшін ақпараты жеткіліксіз тапсырмалардың санын көрсетіңіз	6,7,8
5. Сізді ІЖБ орындаудан алшақатқан себептерді көрсетіңіз (бар болса)	Себеп жоқ
6. Орындау үшін жеткілікті орын болмаған тапсырмалардың санын көрсетіңіз	3,8,4,6,5
7. Жауап нұсқалары сізге түсініксіз болып көрінген тапсырмалардың нөмірлерін көрсетіңіз	2,7
8. ІЖБ орындауға кететін уақытты көрсетіңіз	70, 80 мин

ІЖБ жүргізгеннен кейін ҚБ және ІЖБ нәтижелеріне талдау жасалды, ол 2-диаграммада көрсетілген.



2-диаграмма

Бірінші тоқсанның қорытындысымен салыстырғанда математикадан 25 балдан жоғары және одан жоғары нәтиже алған оқушылар саны 12%-ға өсті, алайда оқушылардың жауаптарына сәйкес жиынтық жұмысты орындау кезінде олар келесі мәселелерге тап болды:

- ▶ тапсырма шарттарының дұрыс құрастырылмауы;
- ▶ тапсырма бойынша ақпараттың жеткіліксіздігі.

Рефлексия нәтижелерінің талдауы шығармашылық топтың жалпы талқылауына ұсынылды, оның барысында келесі қорытындыға келдік:

- ▶ шарты түсініксіз тапсырма ретінде белгіленген тапсырма сызбасыз және сызбаны құрастыруға қиындық туғызды;
- ▶ оқушылар ақпараты жеткіліксіз тапсырма ретінде белгілеген тапсырма, шын мәнінде, оқушылармен әңгімелесуден кейін түсінікті тапсырма ретінде белгіленді, бірақ бұл құрылымдық тапсырманы орындау үлкен сандарды есептеумен, пайдаланумен байланысты болды, калькулятор қажет болды.

Осылайша, бірінші циклде кейбір тест тапсырмаларының сапасы ішкі жиынтық бағалау нәтижелеріне әсер етті.

3-тоқсан бойынша жиынтық жұмысты құрастыру кезінде рефлексияда жауап па-

рақтарын талдау ескерілді. Құрастырушылармен кездесуде нақты нұсқаулары бар жазбаша тапсырмаларға қойылатын талаптар тағы да талқыланды; қолданылған сызбалар тапсырманы орындау үшін бұл сызбаны не үшін және қалай пайдалану керектігі туралы нақты ақпарат беруі керек; құрылымдық тапсырмаларды шешу кезінде калькуляторларды пайдалану. Жабық типті сынақтар үшін ұзындығы бойынша немесе өсу ретімен реттелген сәйкес дистракторлар таңдалынды. Жиынтық бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеуді бастамас бұрын тапсырма авторларына сауалнама жүргізілді.

Тапсырмаларды жасау кезінде құрастырушылар келесі мәселелерді атап өтті:

- ▶ жабық тест тапсырмаларын құрастыру кезінде тексерілетін дағдылар мен тапсырманың берілген ұпайларға сәйкестігін ескеру;
- ▶ ашық тест тапсырмаларын құрастыру кезінде орындау уақытын ескеру.

Сауалнама нәтижелері шығармашылық топтың одан әрі жұмысы үшін пайдаланылды. Тренер жоғарыда аталған есептер бойынша жұмыс істеді және математика кафедрасында 3-тоқсандағы БЖБ-да орындалған тапсырмалар сарапқа салынды.


2-кестеде 3-тоқсандағы ішкі жиынтық бағалауды аяқтағаннан кейін берілген оқушылардың рефлексиясының талдауы берілген.

2-кесте

Сұрақтар	9-сынып
1. Шарттары сізге түсініксіз болып көрінген тапсырмалардың нөмірлерін көрсетіңіз	5, 10
2. Сызбалары сізге түсініксіз болған тапсырмалардың нөмірін көрсетіңіз (бар болса)	-
3. Сызбалары сізге жеткілікті ақпарат бермеген тапсырмалардың нөмірлерін көрсетіңіз (бар болса)	-
4. Тапсырманы орындау үшін ақпараты жеткіліксіз тапсырмалардың санын көрсетіңіз	5, 8, 10
5. Сізді ІЖБ орындаудан алшақтатқан себептерді көрсетіңіз (бар болса)	себеп жоқ

Сұрақтар	9-сынып
6. Орындау үшін жеткілікті орын болмаған тапсырмалардың санын көрсетіңіз	4, 7, 8
7. Жауап нұсқалары сізге түсініксіз болып көрінген тапсырмалардың нөмірлерін көрсетіңіз	-
8. ІЖБ орындауға кететін уақытты көрсетіңіз	70, 80 мин

ІЖБ жүргізгеннен кейін ҚБ және ІЖБ нәтижелеріне талдау жасалды, ол 3-диаграммада көрсетілген.



3-диаграмма

Бұл диаграмма ҚБ мен ІЖБ нәтижелерінің арасында үлкен айырмашылықтар жоқтығын, сонымен қатар жүргізілген зерттеу жұмыстарының тиімділігін көрсетеді.

3-тоқсанға тапсырманы құрастыру кезінде құрастырушылар келесі талаптарды ұстанды:

- ▶ тапсырмалар тексерілетін дағдыларға, оқу мақсаттарына және орындалу уақытына сәйкес келеді; сұрақтан негіз бөлінеді, тапсырманың негізінде барлық қажетті деректер келтіріледі;
- ▶ қолданылған сызбалар тапсырмаға сәйкес келеді және толық ақпарат береді.

Ұсынымдар

Мектеп жасындағы білім алушылардың оқу нәтижесін бағалау әдістемелік зерт-

теу жұмысы барысында және шығармашылық топ мүшелері – математика пәні педагогтерімен бірлескен жұмыс нәтижесінде келесі ұсыныстар туындады. Әріптес педагогтерге арналған ұсыныстар:

- ▶ тексерілетін дағдылар мен бағалаудың оқу мақсаттарын алдын ала айқындап алу қажет;
- ▶ білім алушыларға бақылау тапсырмаларын орындау уақытын нақты хабарлау керек;
- ▶ тапсырмалар бойынша нұсқаулар түсінікті және тұжырымды болуы тиіс;
- ▶ тапсырма туралы ақпараттың жеткілікті болуын ескеру керек;
- ▶ тапсырманы орындау шарттарында қажетсіз ақпарат болмауы керек;
- ▶ пайдаланылған сызбалар тапсырмаға сәйкес болуы тиіс;

- ▶ жабық тестер үшін ұзындығы бойынша немесе өсу ретімен реттелген дисктракторлар таңдалуы қажет;
- ▶ тапсырмалардың тиімділігін үнемі тексеріп отыру қажет;
- ▶ оқушылармен кері байланыс жұмыстарын жүргізіп, оның нәтижесі бойынша тапсырмаларды оңтайландыру керек.

Осы ұсыныстарды ескере отырып, оқырмандар оқудың объективті нәтижелеріне қол жеткізетін тиімді бағалау құралдарын әзірлей алады деген ойдамыз.

Қорытынды

Әдістемелік зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерінің сәйкес келмеу себептерін дер кезінде анықтау, оқушылардың рефлексия нәтижелерін өңдеу, тапсырма құрастырушылары тап болған қиындықтарын анықтау, сынақ спецификациясымен неғұрлым мазмұнды жұмыс істеу және СІТО талаптарын ескеру, құрастырылған тапсырмаларға сараптама жүргізу тиімді нәтиже береді деп айта аламыз. Жоғарыда аталған талаптарды сақтай отырып, тестілеудің оқушы білімінің сенімді және негізді өлшемдеріне айналуына мүмкіндік бере отырып, ішкі жиынтық бағалаудың нәтижелерін жақсартуға болады. Сонымен қатар біздің

зерттеуіміз бойынша ІЖБ бойынша жоғары балл жинаған оқушылар саны 1-тоқсанның қорытындысымен салыстырғанда 20%-ға артқанын көруге болады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Бастауыш және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық // «Назарбаев Зияткерлік мектептері» АҚ «Педагогикалық өлшемдер орталығы» филиалы, 2017.
2. Орта білім, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін бекіту туралы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2016.
3. **Демин А.Н.** О совмещении количественного и качественного подходов в исследовательском цикле//Социология: методология.
4. **Дозоров Е.В., Дозоров В.А.** Современные средства контроля и оценивания результатов обучения в школе//Магнитогорск: МаГУ, 2007.
5. Краткая информация о CITO, Cito Instituut voor Toetsontwikkeling//Arnhem, 2015.
6. Функции тестов в области образования, Cito Instituut voor Toetsontwikkeling//Arnhem, 2015.
7. Адаптация разработанных заданий, Cito Instituut voor Toetsontwikkeling//Arnhem, 2015.
8. Исследование влияния формы проведения педагогического теста на объективность оценки, Гуманитарные науки// Педагогика, 2015.
9. **Белоус В.В., Домников А.С., Карпенко А.П.** Тестовый метод контроля качества обучения и критерии качества образовательных тестов. Обзор// Наука и образование, 2011

● КАК ВЛИЯЕТ КАЧЕСТВО ИНСТРУМЕНТОВ ОЦЕНИВАНИЯ НА РЕЗУЛЬТАТЫ ОЦЕНИВАНИЯ?

Смаилова М.Т.

Quantum Stem School г.Астаны

Аннотация. В данной статье описывается исследование, проведенное учителями с целью улучшения своей педагогической практики. При проведении исследования был использован причинно - следственный метод, устанавливающий зависимость между качеством и результатом. Составление качественных инструментов оценивания возлагает большую ответственность и позволяет повысить результат оценивания. Статья полезна будет учителям, желающим улучшить свою практику.

Ключевые слова: тест, тестовые задания, теории тестирования, инструменты оценивания, качество обучения

● HOW DOES THE QUALITY OF ASSESSMENT TOOLS AFFECT ASSESSMENT RESULTS?

Smailova M.T.

Quantum Stem School of Astana city

Annotation. This article describes a study conducted by teachers to improve their teaching practice. The study utilized a cause-and-effect method that establishes a relationship between quality and outcome. Making qualitative assessment instruments gives more responsibility and allows for better assessment results. The article will be useful for teachers who want to improve their practice.

Key words: test, test tasks, testing theories, assessment tools, quality of learning

FTAMP 14.15.01

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Танирбергенова А.Ш.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Астана қаласы

Сапарқұл Б.Н.

«№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты» КММ
Шымкент қаласы

Итешова Г.С.

«Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжі» МКҚК
Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Мақалада еңбек нарығындағы өзгерістерге сәйкес білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарлау жұмысының өзектілігі ашып көрсетіледі. Мамандық таңдау мәселесінде ғылыми зерттеулерге талдау жасалып, зерттеу жұмысының ғылыми әдістемелік негіздері ұсынылады. Мақалада білім беру ұйымдарында оқушылардың мамандық таңдау мәселесіне қатысты қазіргі білім беру ұйымдарындағы, мектеп бітіруші талапкерлердің арасындағы проблемаларға талдау жасалған. Бұл талдау негізінде білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдарлау жұмысының моделі және «Болашаққа жолдама» кәсіптік бағдарлау жұмысының бағдарламасы ұсынылады. Берілген ұсынымдарды білім беру ұйымында кәсіптік бағдарлау мәселесімен айналысатын мамандар өз тәжірибелеріне бейімдеп қолдануына болады.

Түйінді сөздер: мамандық таңдау, кәсіптік бағдар, мектеп пен отбасы ынтымақтастығы, еңбек нарығы.

Кіріспе

Цифрлық прогресс пен технологиялардың қарқынды дамуы еңбек нарығының ұдайы өзгеруі жастардың мамандық таңдау мен оған ерте бейімделу мәселесін өзектендірді. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына баса мән беріп, еңбекқорлық табысқа жетелейтіндігіне, ал еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болу масылдыққа әкелетініне баса назар аударды [1].

Білім алушылардың мамандық таңдау мәселесі үздіксіз жалғасқан күрделі процесс. Қазақстандық зерттеулерге шолу жасасақ, Ы. Алтынсарин балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеуге [2], А.Байтұрсынұлы «Баулу мектебінің» негізін қалап, білім беру ұйымдарындағы мамандыққа баулу [3], Ж.Аймауытов жалпы білім мен мамандықты меңгерту [4] мәселесін көтереді. Қазіргі уақытта елімізде Х.Т. Шерьяданова, Ғ.Б. Бейсембаев білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырудың жаңа технологияларын ұсынса [5], Н.Саясат еліміздегі еңбек на-

рығындағы басты трендтерді атап, мамандықтардың түрленуі мен болашаққа қажетті құзыреттердің жүйесін ұсынады [6]. Джайссо Ваутеро, Мария ду Сей Тавейра, Ана Даниэла Силва, Надя Фуад (Jaisso, Vautero., Maria, do, Céu, Taveira., Ana, Daniela, Silva., Nadya, A., Fouad) [7] (2020) баланың мамандық таңдауы отбасылық құндылықтар мен ата-ананың қолдауы басым рөл атқаратындығын атаса, Эмма Болгер Emma Bolger (2018) [8] баланың кәсіптік бағдарының қалыптасуына отбасының ұстанымдары ықпал етеді деген тұжырым жасаған, Жианвэй Лю J, Ianwei, Liu (2016) [9] және басқалар баланың мамандық таңдауына ата-ананың, отбасы мүшелерінің тәжірибелері ықпал ететіндігін жазады.

Мамандық таңдау мәселесіне қатысты жан-жақты зерттеулер жүргізілген. Дегенменде мамандық таңдауға қатысты проблемаларда жиі кездеседі. Қазақстанда кәсіптік бағдарлау мәселесіне қатысты жүргізілген зерттеулерге сәйкес еңбекке қабілетті халықтың 60%-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндігі аталған. Оның себебі жастардың өз қызығушылығы мен мүмкіндіктердің сезінуінің төмендігінен, өзі тұратын өңірдегі еңбек нарығына сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпараттарды білмеуі салдарымен байланысты екендігі аталады. Зерттеу нәтижесі мектеп оқушыларының 87% ата-аналардың, мектеп мұғалімдерінің ықпалымен мамандық таңдайтындығы, ал ата-аналардың 75% балаларының қандай мамандық таңдағысы келетіндігі туралы түсініктері жоқ екендігі және 90% ата-аналар мен оқушылар нарықта сұранысқа ие мамандықтар туралы нақты ақпаратты мақсатты түрде іздемегендігін көрсетеді [10].

Зерттеу нәтижесі қазақстандық қоғамда мамандық таңдаудың қалыптасқан тенденциясы бар екендігін көрсеткен. Олар:

- ▶ отбасылық дәстүрлер – бала болашақ мамандығын ата-анасының кәсіби жолымен немесе олардың пікірінің ықпалымен мамандық таңдайды;
- ▶ әлеуметтік трендтер, ҰБТ-ны сәтті тапсыруға, мемлекеттік гранттарға ие болу мүмкіндігіне орай мамандық таңдау;

- ▶ әлеуметтік ортаның ықпалы, достарының, туыстарының көзқарастарына сәйкес мамандық таңдау.

Білім алушылардың мамандық таңдаудағы қиындықтары бар және оларды отбасымен ынтымақтасу арқылы шешуге болады деп тұжырымдадық. Сол себепті біздің зерттеу жұмысымыз білім алушылардың мамандық таңдау мәселесінде мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатын көздейді.

Әдістеме

Білім алушылардың мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау ұйымдастыруда отбасымен ынтымақтастық орнатуда отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп әдістемесі әзірленді.

Баланың болашақ мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау мәселесінде отбасы мен мектеп ынтымақтастығының моделі (1-сурет) әзірленді. Бұл модель білім беру ұйымдарында білім алушыларға кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруда қолдануға болады. Модельді әзірлеуде мектеп пен отбасының психологиялық-педагогикалық ынтымақтастығына негізделген.

Баланың мамандық таңдау мәселесінде мектеп пен отбасының психологиялық-педагогикалық ынтымақтастығының моделін әзірлеудің келесідей себептері бар:


1. Модель баланың эмоционалды, әлеуметтік, интеллектуалды және кәсіби аспектілерін ескере отырып, оның дамуына кешенді көзқарасты қолдайды.
2. Модель ата-аналарға баланың болашақ мамандығына қатысты таңдауының маңызын бағалауға ықпал етеді.
3. Жылдам өзгермелі еңбек нарығында баланың қызығушылығы мен бейімділігіне сәйкес мамандық таңдауда мектеп пен отбасының бірлесіп әрекеттесуін белсенді етеді.
4. Баланың мамандықты таңдауда туындайтын ықтимал қиындықтарын бірлесіп болжау және алдын ала жақсартуға сәйкес әрекет ету.

5. Өмірдің шынайы жағдайына және еңбек нарығына қажетті дағдыларды меңгертуде отбасы мен мектептің бірлесіп қолдау көрсетуін жоспарлау.

Тұтастай алғанда, мұндай модельді әзірлеу және оны тәжірибеге енгізу оқушы-

ларды олардың дамуының барлық кезеңдерінде қолдайтын және қоғамдағы болашақ өмірге бейімделетін білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Ұсынылған модель оқушыларға болашақ мамандығын таңдауға бағыт беру үшін



1-сурет. Оқушының болашақ мамандығын таңдау және кәсіптік бағдарлауда отбасы мен мектеп ынтымақтастығының моделі

білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыруда қолдануға болады. Осы бағытта отбасы мен мектеп ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады. Отбасы бала дамуындағы жетекші әлеуметтік институты ретінде әлеуметтік дағдылар мен құндылықтардың негізін қалайды. Ал, мектеп бұл процесті баланың тұлғалық қасиеттеріне негізделген эмоционалды жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету арқылы толықтырады. Сол себепті баланың мамандығын саналы таңдауы үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесіп жүйелі жұмыстар ұйымдастыруы қажет.

Практикада қолдану

Оқушыларды болашақ мамандық мен кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруда 1-суретте ұсынылған модельге сәйкес «Болашаққа жолдама» кәсіптік бағдарлау жұмысының бағдарламасы әзірленді.

Білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыру бойынша әзірленген «Болашаққа жолдама» кәсіптік бағдарлау жұмысының бағдарламасының тиімділігін ата-аналардың көзқарастары арқылы бағаланды. Ол үшін 7,8,9,10,11 сы-

ныптың ата-аналары арасында 167 респондент таңдалды. Ата-аналар арасында сауалнама алу үшін алдымен зерттеуге қатысу талаптары талқыланды. Біз зерттеу жұмысын ұйымдастыруда Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамдастығы (KERA) мен Назарбаев университетінің Жоғары білім беру мектебі ғалымдарының бірлесіп әзірлеген «Қазақстан білім беру зерттеушілерінің әдеп кодексі» (KERA) [11], Оксфорд университетінің [12] зерттеу әдебінің этикасы (Research ethics policy), О’Лири Зина зерттеу жобасын жүргізу бойынша негізгі нұсқаулығы [13] басшылыққа алынды. Соған сәйкес зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізуде құрмет, жауапкершілік, әділдік, адалдық, кәсібилік принциптеріне сүйендік және зерттеуге қатысушылардан ақпараттық келісім алынды.

Бағдарлама кәсіптік бағдарлау процесінде барлық мүдделі тараптардың белсенді өзара әрекеттесуін қамтиды және оқушыларға болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу және оған қажетті дағдылар мен құзыреттерді дамытуды көздейді.

1-кесте. Бағдарлама бойынша 7-11 сыныптарға арналған кәсіптік бағдарлау жұмысының тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Жауапты	Өткізу форматы	Мерзімі
7-8 сынып оқушыларына				
1	Еңбегі адал жас өрен	Сынып жетекшілері	Әлеуметтік жоба	Қазан-қараша
2	«Адал еңбек» құндылығы	Кәсіптік бағдарлаушы	Еңбек адамдарымен кездесу	Қаңтар
3	XXI ғасыр мамандықтары	Кәсіптік бағдарлаушы	Тренинг	Сәуір
4	Ата-анамның жұмысындағы бір күнім	Сынып жетекшісі	Ата-ананың жұмыс орнына экскурсия	Мамыр
9-сынып оқушыларына				
1	Мамандық және менің болашағым	Сынып жетекшілері	Сынып сағаты	Қыркүйек
2	Кәсіптік бағдарды анықтау	Педагог-психолог	Психологиялық диагностика	Қазан
3	Мамандықтар тұсбағдары	Педагог-психолог	Тренинг	Желтоқсан

№	Тақырыбы	Жауапты	Өткізу форматы	Мерзімі
4	Болашақ мамандығы	Кәсіптік бағдарлаушы	Шеберлік сағаты	Ақпан
5	Мамандыққа алғашқы қадам	Өңірдегі колледж мамандарымен кездесу	Колледждің кәсіптік бағдар беруші мамандарымен кездесу	Наурыз-мамыр
10-11 сынып оқушыларына				
1	Табысқа жету қадамдары	Кәсіптік бағдарлаушы	Дөңгелек үстел	Қазан
2	Ашық есік күні	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, Сынып жетекшілері	ЖОО мен колледждерге өтетін ашық есік күндеріне бару	Жыл бойы
3	Мамандық және болашақ	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар	ЖОО түскен мектеп бітірген түлектермен кездесулер өткізу	Желтоқсан
4	Еңбек адамы әрдайым биік құрметке лайық	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Кәсіптік бағдарлаушы	Өңірдегі еңбекте үлгілі маман иелерімен кездесу	Ақпан

«Болашаққа жолдама» кәсіптік бағдарлау жұмысының бағдарламасын әзірлеуде бастауыш білім беру, негізгі білім беру және орта білім беру деңгейлері бойынша келесідей жұмыстар ұйымдастыру ұсынылды:

1) Бастауыш білім беру деңгейінде кәсіптік бағдар беру

Бұл кезеңде сабақтың ойын түріне және кәсіби әлемнің алуан түрлілігімен танысуға баса назар аударылады.

Бастауыш сынып оқушылары мамандықтар туралы ақпаратты неғұрлым мағыналы қабылдауға қабілетті, сондықтан мамандықтар туралы ақпараттар таныстырылып, әр мамандықтың қоғамдағы орны, оның пайдасы туралы түсініктер беріледі.

Осы мақсатты іске асыруда тақырыптық апталар ұйымдастырылып, кәсіби тапсырмаларды және ойындарды ұйымдастыру арқылы кәсіптер әлемі туралы білімді кеңейту көзделеді.

Мектеп бағдарламасының пәндерінің болашақ кәсіби қызметпен байланысын түсіну, әртүрлі салалардағы жетістіктерін көрсететін табысты адамдармен кездесу арқылы оқуға деген ынтаны арттыру жұмыстары да жоспарланады.

2) Негізгі білім беру деңгейінде кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру

Бұл кезеңдегі кәсіптік бағдарлау жұмысында оқушыларға болашақ мамандығын таңдауға және кәсіптік техникалық білім беру ұйымдарындағы жұмыс мамандықтарына назар аударылады.

Ата-аналармен бірлесіп кәсіпорындар мен ұйымдарға экскурсиялар ұйымдастыру, өңірлердегі сұранысқа ие мамандықтар бойынша ақпараттар беру, әртүрлі мамандық күндерінде еңбек адамдарымен кездесулер ұйымдастыру т.б. жұмыстар ұйымдастыру ұсынылады. Сонымен қатар, кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен

бейімділігін ескере отырып КВЕСТ және басқада ойындар ұйымдастырылады.

3) Жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыру

Жоғары сыныпта кәсіптік білім алу жолдары және талапкерлерге қойылатын талаптар туралы ақпарат беру, жоғары оқу орындары мен колледждердің өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру, түсу емтихандарына дайындалуға көмектесу бағытында жұмыстар ұйымдастырылады.

Өңірдегі және еліміздің басқа да өңірлеріндегі еңбек нарығындағы мамандықтарға деген сұраныстармен таныстыру, алдағы 5-6 жыл көлемінде сұранысқа ие болатын мамандықтар топтамасы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет. Мамандық таңдаудың адамның өмірлік жолының қалыптасуындағы маңызы туралы ақпараттандыру керек. Өңірлерден шыққан атақты тұлғалармен, кәсіпкерлермен, еңбек саласында белгілі жетістіктерге жеткен шынайы маман иелері майталмандармен кездесулер ұйымдастыру арқылы адал еңбек арқылы жетістікке жету туралы түсінікті қалыптастыру көзделеді.

Барлық кезеңдердегі кәсіптік бағдар беру жұмысының маңызды құрамдас бөлігі оқушылардың ата-аналарымен белсенді бірлесіп өзіндік әрекеттесу, балалардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерін талқылауға және олардың таңдауын қолдауға бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шаралар мен семинарларды ұйымдастыру болып табылады. Ең бастысы әр баланың әлеуетін барынша арттыру үшін жағдай жасау және оған болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесуге ата-ананы тарту, өзара ынтымақтасуға әрекет етуге тарту маңызды.

Жалпы бағдарлама шеңберінде ұйымдастырылатын іс-шаралар кәсіптердің тақырыптық бұрыштарын, кәсіби тақырыптағы ойындарды ұйымдастыру арқылы әртүрлі қызмет түрлеріне қызығушылықты дамытуды; шеберлік-сыныптар, кәсіпорындар мен ұйымдарға экскурсиялар өткізу, түрлі кәсіптердің өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру арқылы оқушылардың

шығармашылық және зерттеу әлеуетін ынталандыруды; топтық жобалар мен зерттеулерге қатысу арқылы ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастыру және коммуникативтік дағдыларды дамытуды көздейді.

Ұсыныстар

Біздің зерттеу жұмысымыздың шеңберінде ұсынылған модель және білім беру ұйымдарында баланың мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруға бейімдеп қолдануға болады. Осы ұсынылған бағдарлама шеңберінде кәсіптік бағдарлау жұмысына ата-аналарды тартып, мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту маңызды. Себебі, зерттеулер көрсеткендей оқушылардың мамандық таңдауына ата-аналардың таңдауы немесе көзқарастары ықпал етеді [10]. Сондықтан ата-аналардың көзқарастары бойынша «Болашаққа жолдама» кәсіптік бағдарлау жұмысының бағдарламасы шеңберінде жоспарланған шаралар қаншалықты тиімді деп саналғандығына талдау жасалды. Талдау нәтижелеріне сәйкес, кәсіптік бағдар беру тестілерін тиімді және өте тиімді деп 60,8%, кәсіби бағдарлау сайттардың қажеттілігі – 51%; зауыттарға кәсіпорындарға т.б. еңбек орындарына экскурсияның тиімділігі туралы – 72,5%; еңбек адамдарымен кездесудің тиімділігі туралы – 74,8% атап өткен. Бұл бағдарлама мазмұны оқушылардың мамандық таңдауына ықпал ететіндігін ата-аналар атағандығын және осы бағытта бірлесіп әрекеттесуге ниетті екендіктерін 71,8% ата-ана мақұлдады. Жалпы зерттеу жұмысына қатысқан ата-аналардың 53,6% білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдарлау жұмысының дұрыс жолға қойылуы, мамандық таңдау мәселесін шешуге, өңірде сұранысқа ие мамандық бойынша саналы таңдау жасауы үшін маңызды екендігін 61,2% қатысушылар атап өтті. Білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдарлау жұмысында мектеппен бірлесіп әрекет етуге 63,8% дайын екендігін көрсетті.

Жалпы «Болашаққа жолдама» кәсіптік бағдарлау жұмысының бағдарламасын білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар-

лауға жауап беретін маман білім беру ұйымының ерекшелігіне, оқушылардың жас және жеке дара қызығушылықтарына, өңірдің ерекшелігіне орай қолдана алады. Білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруда келесідей мәселелерді ескеру ұсынылады:

- ▶ кәсіптік бағдарлау тестілері;
- ▶ кәсіптік бағдар туралы сайттар;
- ▶ кәсіпорындарға, зауыттарға және басқада өңірлердегі еңбек орындарына экскурсиялар;
- ▶ білім беру ұйымдарында мамандықтар күнін өткізу, яғни еңбек нарығында беделді, үлгілі еңбек адамдарымен кездесулер ұйымдастыру;
- ▶ өңірлердегі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен еңбек орындары туралы ақпарат т.б.

Қорытынды

Жалпы ойымызды түйіндей келе келесідей қорытындылар жасалды:

Біріншіден, білім беру ұйымдарында оқушылардың мамандық таңдау мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі және білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдарлау жұмысын үздіксіз ұйымдастырумен қатар, қазіргі оқушылардың қызығушылығын, еңбек нарығындағы сұраныстарды ескере отырып жаңаша құруды қажет етеді. Өйткені оқушылардың мамандық таңдау мәселесінде ата-ананың көзқарасының басымдыққа ие.

Екіншіден, білім беру ұйымдарында оқушылардың мамандық таңдауда кәсіптік бағдарлау жұмысына ата-аналарды тарту маңызды. Өйткені, зерттеу барысындағы эксперимент жұмыстарының нәтижесінде білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдарлау мәселесінде мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту керектігін көрсетті.

Үшіншіден, кәсіптік бағдарлау жұмысы тиімді жүзеге асырылуы үшін отбасымен бірлесіп әрекет ету моделі қажет және сол модельді тәжірибеде іске асыру үшін әр қадамында өткізілетін шаралардың

тақырыптық жоспары болуы маңызды. Сондықтан зерттеу нәтижесіне сәйкес ұсынылған «Оқушының болашақ мамандығын таңдау және кәсіптік бағдарлауда отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» моделін іске асыру үшін «Болашаққа жолдама» кәсіптік бағдарлау жұмысының бағдарламасы әзірленіп, оның тиімділігі ата-аналардың кері байланысы арқылы бағаланды.

Төртіншіден, білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдарлау пәнінің мазмұны және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы іске асырылады. Біздің зерттеу жұмысымыз жағдайында білім беру ұйымдарында бастауыш сыныптан бастап жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдау мәселесін шешуде мамандықтар туралы түсініктер бастауыш сыныпта пән мазмұны арқылы берілсе, орта және жоғары сыныптарда пән мазмұнындағы мамандық иелері туралы ақпараттармен қатар, сыныптан тыс іс-шаралар арқылы беріледі. Демек, барлық білім алушылардың жас ерекшелігіне орай кәсіптік бағдарлау жұмысы ұйымдастырылды.

Қолданылған деректер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. 2024 жылғы 15 наурыз [Электронды ресурс] [https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshiotyrysynda-soylegen-sozi-1525727\(10.05.2024](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshiotyrysynda-soylegen-sozi-1525727(10.05.2024) жылы қаралды)
2. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары. [Электронды ресурс] URL: <https://oqu-zaman.kz/?p=15692> (Сайт 09.12.2023 қаралды)
3. **Ахмет Байтұрсынұлы.** Баулу мектебі. [Электронды ресурс] URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynuly-baulu-mektebi__16521 (Сайт 09.12.2023 қаралды)
4. **Аймауытов Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы. / Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл (оқу құралдары). – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. [Электронды ресурс] <http://e-kitap.kz/book/5127/read> (Сайт 03.02.2024 ж. қаралды)
5. **Бейсембаев Гани Бектаевич, Шерьязданова Хорлан Тохтамысовна** Новая технология проведения профориентационной работы // Высшее образование сегодня. 2015. №6. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novaya-tehnologiya-provedeniya-proforientatsionnoy-raboty> (дата обращения: 11.02.2024).

6. **Саясат Н.** Атлас новых профессий – это путеводная звезда в выборе специальности. Қазақстан.[Электронды ресурc]https://bilimdinews.kz/?p=113988(Сайт 09.12.2023 қаралды)
7. **Jaisso, Vautero., Maria, do, Céu, Taveira., Ana, Daniela, Silva., Nadya, A., Fouad.** (2020). Family Influence on Academic and Life Satisfaction: A Social Cognitive Perspective. Journal of Career Development, [Электронды ресурc] doi: 10.1177/0894845320902270(дата обращения: 11.12.2023)
8. **Emma, Bolger.** (2020). Addressing gendered career decision-making: adapting career guidance and counselling practice to the contemporary family structure. [Электронды ресурc] URL: https://research-portal.uws.ac.uk/en/publications/addressing-gendered-career-decision-making-adapting-career-guidan(дата обращения: 11.12.2023)
9. **J. Ianwei, Liu, and Mary, McMAHON.** (2016). Child career development in family contexts. [Электронды ресурc] doi: 10.4324/9781315683362-18 (дата обращения: 11.12.2023)
10. Қазақстанның жаңа мамандықтар мен қызметтер атласы. [Электронды ресурc]https://www.enbek.kz/atlas/kk/proforient (10.05.2024 жылы қаралды)
11. Этический кодекс исследователей образования Казахстана. –Первое издание. – Нур-Султан: Казахстанское общество исследователей в области образования, 2020. – 68 с.[Электронды ресурc] http://surl.li/rnqwo (қаралған күні 25.08.2023 ж.)
12. Research ethicspolicy /University of Oxford [Электронды ресурc] https://researchsupport.admin.ox.ac.uk/governance/ethics/committees/policy (қаралған күні 25.08.2023 ж.)
13. **О’Лири Зина** Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2020. – 472 бет. [Электронды ресурc] https://kitap.kz/book/6456/read (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

● **ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ: ПРОБЛЕМЫ И РЕКОМЕНДАЦИИ**

Танирбергенова А.Ш

Национальная академия образования имени И.Алтынсарина
г. Астана

Сапарқұл Б.Н.

КГУ «Специализированная школа-интернат№2 с обучением на трех языках»
г. Шымкент

Итешова Г.С.

ГККП «Актюбинский колледж промышленных технологий»
г. Актюбе

Аннотация. В статье раскрывается актуальность профориентационной работы в организациях образования в соответствии с изменениями на рынке труда. В вопросе выбора профессии проводится анализ научных исследований, предлагаются научно-методические основы исследовательской работы. В статье проведен анализ проблем в современных организациях образования, среди абитуриентов-выпускников, касающихся вопроса выбора профессии учащимися в организациях образования. На основе данного анализа предлагается модель профориентационной работы в организациях образования и программа профориентационной работы «Направление в будущее». Данные рекомендации могут быть адаптированы и использованы специалистами, занимающимися вопросами профориентации в организации образования.

Ключевые слова: выбор профессии, профориентация, сотрудничество школы и семьи, рынок труда.

● **ORGANIZATION OF CAREER GUIDANCE IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS: PROBLEMS AND RECOMMENDATIONS**

Tanirbergenova A.S.

National Academy of Education named after Altynsarina, Astana

Saparkul B.N.

Specialized boarding school No. 2 with instruction in three languages
Shymkent

Iteshova G.S.

SCCP «Aktobe College of Industrial Technologies»
Aktobe

Annotation. The article reveals the relevance of career guidance in educational institutions in accordance with changes in the labor market. In the matter of choosing a profession, an analysis of scientific research is carried out, scientific and methodological foundations of research work are proposed. The article analyzes the problems in modern educational organizations, among graduate applicants, concerning the issue of choosing a profession by students in educational organizations. Based on this analysis, a model of career guidance in educational institutions and a career guidance program «Direction to the future» are proposed. These recommendations can be adapted and used by specialists dealing with career guidance in the organization of education.

Keywords: choice of profession, career guidance, cooperation between school and family, labor market.

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТӘЖІРІБЕ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ: ОПЫТ И НОВАТОРСТВО



МРНТИ 14.33.09

ЦИФРОВЫЕ ТВОРЧЕСКИЕ ЗАДАНИЯ КАК ФАКТОР МОТИВАЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ К ЧТЕНИЮ ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

Амантаева С.К., Дюсекеева Л.К.

КГКП «Костанайский политехнический высший колледж»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Костанай

Аннотация. Данная статья посвящена рассмотрению вопроса применения цифровых творческих заданий по литературе на занятиях в организациях технического и профессионального образования. Авторами раскрыт потенциал творческих заданий по литературе с применением IT-инструментов в развитии у обучающихся мотивации к чтению художественных произведений и навыков читательской и медийной грамотности. Практическая ценность работы заключается в частичном представлении опыта работы преподавателей и даче рекомендаций коллегам по применению данной методики.

Ключевые слова: литературное образование, цифровизация литературного образования, цифровые творческие задания, фанфик, буктрейлер, подкаст.

Введение

В современном мире цифровизация проникает во все сферы нашей жизни, включая образование. В Казахстане дей-

ствует Государственная программа «Цифровой Казахстан», которая направлена на развитие человеческого капитала через цифровые технологии, активизирующие

жизнедеятельность общества и интенсификацию всех сфер [1]. Осуществляется полномасштабная цифровизация системы образования.

Перед современным обществом стоит одна из важнейших задач, направленная на создание уникальной, новой и перспективной образовательной системы, способной подготовить человека к жизни в новых условиях цивилизации. Невозможно перейти в цифровое общество без высококвалифицированного специалиста, способного качественно выполнять необходимую работу в различных сферах жизни общества. Таким образом, задачу подготовки специалистов необходимого качества следует признать главной задачей любого государства, стремящегося к быстрому и целенаправленному развитию в современных условиях [2, с.5].

Сегодня в системе технического и профессионального образования наблюдается кризис литературного образования. Современные студенты в большей своей массе не читают литературные произведения, не умеют анализировать тексты и писать творческие сочинения. У многих ребят отсутствует подлинный интерес к литературе. Исследования показали, что 36% казахстанских подростков не читают художественную литературу [3]. В этих условиях напрашивается вопрос – как преодолеть эту проблему? Выход в одном – сегодня литературное творчество обучающихся может и должно быть поддержано с помощью цифровых инструментов. Цифровизация литературного образования, в том числе и через включение в учебный процесс творческих заданий нового типа, – условие его развития в XXI веке, так как цифровые образовательные технологии делают процесс обучения более релевантным в современном мире [4]. Эффективное использование цифровых технологий обучения в техническом и профессиональном образовании способствует его быстрой адаптации к изменяющимся потребностям общества и рынка труда [5].

Выполнение цифровых творческих заданий обретает для обучающихся ценность и смысл, потому что эти задания отличает

конвергентность (сближение с чем-либо при решении творческих задач) и партиципаторность (соучастие, включение в творческий процесс). Именно через них происходит вовлечение современных студентов в культуру соучастия, в рамках которой сегодня живут тексты художественной литературы. Система творческих заданий цифрового характера, безусловно, является необходимым условием постижения обучающимися художественного текста и продуктивного диалога с ним.

Для формирования базовых компетенций обучающихся организация технического и профессионального образования предусматривает изучение общегуманитарных дисциплин, в том числе дисциплины «Русская литература» [6]. Изучение дисциплины «Русская литература» призвано воздействовать на интеллектуально-нравственное и мировоззренческое развитие личности, на освоение передовых современных технологий, использование и трансферт которых способны обеспечить личностный, профессиональный и карьерный рост. Одной из ключевых задач изучения русской литературы является применение, обучающимися, приобретенных знаний, умений и навыков при создании собственного текста аналитического характера, в процессе создания собственной интерпретации изученного текста с привлечением информационно-коммуникационных технологий [7]. Решению этой задачи будет способствовать применение, преподавателями колледжей, цифровых творческих заданий по литературе.

Сегодня творчество современного студента погружено в коммуникативную среду, в актуальные для него жанры – инфографику, записи в блоге, создание постов в социальных сетях и их активное комментирование, фанфики (любительские сочинения по мотивам популярных литературных произведений), буктрейлеры (короткие видеоролики, рассказывающие в произвольной художественной форме о какой-либо книге), интерактивные комментарии и другие медийные форматы.

Одной из эффективных методик освоения художественного произведения обучающимися является применение цифровых творческих заданий по литературе. Эта методика построена на индивидуальной работе обучающихся с текстами литературных произведений, что способствует последовательному формированию у них мотивации к чтению книг, развитию навыков читательской и медийной грамотности, критического и креативного мышления. Современные виды творческих заданий по литературе (фанфик, подкаст, буктрейлер, интерактивный комментарий и другие), выполненные с использованием IT-инструментов, есть необходимое условие приобщения студентов к чтению литературных произведений и постижения ими художественного текста.

Abstract. The article discusses effective ways to improve the quality of students' knowledge of chemistry in secondary and specialized schools. The author of the article came to the conclusion that the expansion of knowledge gained by students from the curriculum of the standard, through the release of practical tasks, will be studied on the basis of additional optional course programs. The possibility of using it as a methodological aid for chemistry teachers is outlined.

Keywords: elective course, 8th grade, chemistry, quantitative problems.

МРНТИ 14.25.09

ОРГАНИЗАЦИЯ ЦЕЛЕПОЛАГАНИЯ И САМОКОНТРОЛЯ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕРВОКЛАССНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ TO-DO LIST И ЧЕК ЛИСТ

Грушина М.Н.

КГУ «Областная специализированная школа-лицей-интернат для одаренных детей ЛОРД», г.Петропавловск СКО

Мурзалинова А.Ж.Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева
г.Петропавловск**Аннотация.**

В статье рассматривается актуальная для образовательной практики проблема целеполагания и самоконтроля младших школьников учебно-познавательной деятельности. Авторы предлагают To-Do List и Check List как рамку для визуализации контента целей и результатов достижения целей учебно-познавательной деятельности, к разработке и оформлению которых могут быть привлечены первоклассники посредством особой методики. Данное решение указанной проблемы обосновано в статье технологией критериального оценивания, когда обучающимся важно четко и конкретно представлять цели обучения, а также критерии эффективности и инструменты их достижения. Содержание статьи основано на результатах исследования в областной специализированной школе-лицее-интернате для одаренных детей ЛОРД и сопровождается результатами диагностики, подтверждающими развитие соответствующих навыков, личностных качеств младших школьников.

Ключевые слова:

младшие школьники, целеполагание, самоконтроль деятельности, To-Do List, Check List, методика работы с целями и результатами, развитие навыков.

Введение

Продуктивность учебно-познавательной деятельности младших школьников, как и их академических достижений, во многом определяется сформированностью умений работы с целями обучения и анализа их выполнения.

В основу нашего исследования положена гипотеза: *если на уроках системно и последовательно применять To-Do List и Check List, то у первоклассников будут*

формироваться умения целеполагания и самоконтроля качества деятельности, т.к. содержание предстоящей деятельности будет осмыслено ими как набор личных прямых и конкретных целей-действий.

Методологической основой нашего исследования служат:

- 1) диссертация S. R. Nunamaker «Teaching Goal Setting Strategies In A Title I Elementary School», в которой обосновано: привлечение обучаю-

щихся к постановке целей стимулирует их академическую активность посредством таких инструментов, как саморегуляция, самоэффективность и ориентация на будущее [1];

- 2) очерк Chase Nordengren «Goal-setting practices that support a learning culture», в котором утверждается: когда обучающиеся ставят собственные цели и контролируют свой прогресс, это – культура, а не механическое следование предписывающим шагам [2];
- 3) исследование Sides Jacklyne D., Cuevas Joshua A. «Effect of Goal Setting for Motivation, Self-Efficacy, and Performance in Elementary Mathematics», в котором подробно фиксировались условия и факторы влияния постановки целей в течение 8 недель на мотивацию, самоэффективность и успеваемость по математике у 70-ти учащихся 3-4 классов. Результаты подтверждают концепцию теории постановки целей в академической среде, предполагая, что учителям может быть полезно включать постановку целей в свою повседневную учебную практику, хотя необходимы дальнейшие исследования ее влияния на аффективные характеристики [3];
- 4) концепция социально-эмоционального обучения (social-emotional learning), согласно которой постановка целей – важный навык, который помогает обучающимся развивать и укреплять такие социально-эмоциональные навыки, как самомотивация, настойчивость и мышление роста, помогает стать уверенными и стойкими личностями, обладающими необходимыми навыками для достижения своих целей [4].

Наше исследование направлено на такое содержание среднего образования, когда «в центре учебной программы — сам обучающийся и его способность к самостоятельной работе по разрешению задач и ситуаций», «с фокусом на развитие у обучающихся компетенций и мягких навыков» [5, с. 23].

Работа учителя по обсуждению первоклассниками личных целей и оценивания их достижения объективно трудна. Но мы разделяем позицию М. Тыныбаевой: «новые педагогические технологии порой требуют от учителя не просто пересмотра практик, но переоценки его убеждений, что ведет к осознанному и потенциально эффективному изменению практики» [6, с. 11].

Цель статьи – обоснование возможности целеполагания и самоконтроля учебно-познавательной деятельности учащихся 1 класса посредством To-Do List и Check List.

Задачи статьи: 1) предложить методику разработки и создания To-Do List, и Check List; 2) проанализировать ресурсные возможности To-Do List и Check List в организации учебно-познавательной деятельности первоклассников; 3) представить результаты диагностики влияния работы с To-Do List и Check List на развитие первоклассников; 4) обобщить исследовательские результаты.

Актуальность статьи связываем с решением имеющейся проблемы, когда учителя не следуют рекомендации: «При формулировании целей урока важно отнести их не к деятельности учителя, а учеников. Если цели урока формулируются по отношению к учителю («рассказать...», «показать...», «проверить...»), то мотивация и деятельность учеников окажется вне зоны внимания педагога. В этом случае невозможно будет проверить результативность образовательного процесса для учеников, поскольку цели типа «рассказать и показать» учитель может достичь даже при отсутствии учеников в классе. Более эффективным является первичное формулирование предполагаемых целей деятельности именно учеников, и лишь затем — соответствующих целей деятельности учителя или его совместной с учениками деятельности» [7, с. 26-27].

Методика

Перейдем к методическим инструментам организации целеполагания и самокон-

троля учебно-познавательной деятельности учащихся 1 класса - To-Do List и Check List. Их структура и оформление являются авторскими, но названия даны нами по аналогии с формами, принятыми в деловом мире.

Формирование и практические применение методики выполнялись в условиях образовательной практики в начальных классах областной специализированной школы-лицея-интерната для одаренных детей ЛОРД в 2023-2024 учебном году (1 класс).

To-Do List и Check List рассматриваем в качестве средств обучения, которые «помогают возбудить и поддержать познавательные процессы учащихся, улучшают наглядность учебного материала, делают его более доступным, обеспечивают наиболее точную информацию об изучаемом явлении, интенсифицируют самостоятельную работу и позволяют вести её в индивидуальном темпе» [8, с. 49-50].

Подчеркнем, что предлагаемые нами средства обучения отвечают технологии критериального оценивания, согласно которой «каждый урок должен начинаться с постановки, озвучивания, демонстрации целей обучения и критериев их достижения» [9, с. 46]. Более того, они дополняют данную технологию.

To-Do List в нашей методике – рамка для визуализации, посредством авторского иллюстрирования, контента целей учебно-познавательной деятельности обучающихся, представленных в классификации «знать», «понимать», «применять» (в соответствии с таксономией учебных целей Б.Блума), вследствие чего осуществляются восприятие и запоминание учебного материала по предмету, формируя такие свойства памяти, как: объем, точность, длительность сохранения информации.

При создании *To-Do List* учтены возрастные особенности памяти и мышления первоклассников, в связи с чем учебный материал обновленного содержания образования представлен в ключевых/опорных схемах и иллюстрациях.

Согласно нашей методике, *Check List* – рамка для визуализации, посредством авторского иллюстрирования, результатов реализации целей учебно-познавательной деятельности, представленных в соответствии с таксономией учебных целей Б.Блума и сопровождаемых символами, рисунками, ключевыми словами, что помогает формировать когнитивные способности учащихся 1 класса.

Приведем примеры To-Do List и Check List, разработанные нами по математике, 1 класс. Тема программы: «Литр. Помогаю дома» (1 класс, 1 четверть).

Цели учебной программы:

1.1.3.2. Производить измерение величин, используя единицы: сантиметр, дециметр, килограмм, литр.

1.1.3.3. Сравнивать значения величин см, дм, кг, л и выполнять действия над ними.

Формируемые предметные компетенции: вычисление именованных величин по образцу; решение ситуативных задач по теме «Литр»; сравнение и анализ именованных величин.

Исходя из целей учебной программы по предмету и содержательного наполнения урока математики, создаётся To-Do List с таксономией учебных целей Б.Блума, где первоклассникам наглядно представлен материал для быстрого восприятия и осознанного запоминания знаний (образы ёмкостей, содержащих мерную единицу-литр), умений (сравнивать и складывать новую величину), функциональных применений полученных знаний (рисунок 1).

Check List позволяет поддерживать обратную связь с учеником, являясь системным алгоритмом критериев и дескрипторов для формативного самооценивания.

При заполнении первой половины Check List, представленных в классификации «знаю», «понимаю», «применяю», обучающиеся аккумулируют учебный материал.

При заполнении второй половины Check List, у первоклассников формируются

элементы анализа и синтеза, гибкость, оригинальность, беглость и разработанность мышления, навык формулировать простые умозаключения.

Так, из заполненного Check List видно, что учащийся анализирует связь между именованными величинами, обобщает принцип вычислений и даёт себе оценку в виде эмоциональной фишки (рисунок 2).

Check List	ЗНАЮ	АНАЛИЗИрую
	Литр (л) + -	см, дм, кг
	ПОНИМАЮ	ОБОБЩАЮ
		$2\text{ см} + 3\text{ см} = 5\text{ см}$ $2\text{ дм} + 3\text{ дм} = 5\text{ дм}$ $2\text{ кг} + 3\text{ кг} = 5\text{ кг}$ $2\text{ л} + 3\text{ л} = 5\text{ л}$
	$3\text{ л} + 2\text{ л} =$ <input type="checkbox"/>	
	ПРИМЕНЯЮ	ОЦЕНИВАЮ
		

To-do List	№1	Литр
	Единица измерения количества жидкости - литр (л)	
ЗНАТЬ		
ПОНИМАТЬ		
	$1\text{ л} < 4\text{ л}$	$1\text{ л} + 3\text{ л} = 4\text{ л}$
ПРИМЕНЯТЬ		

Рис. 1-2 - To-Do List и Check List по предмету «Математика», 1 класс

Методика разработки и применения To-Do List и Check List учитывает уже условия начального образования, требования образовательной политики Казахстана: «Быстро меняющийся мир, новые способы восприятия информации, культурное разнообразие, технологизация среды в XXI в. обуславливают необходимость акцентировать цели обучения на достижении обучающимися метапредметных и личностных результатов, их способности и готовности решать задачи в реальной жизни, применяя полученные знания, принимать решения в ситуации реального мира на основе актуальной информации, используя цифровые технологии» [10, с. 10].

Проиллюстрируем сказанное на примере реализации регламентируемых педагогических подходов [10, с. 10-15]:

- ▶ *ценностно-ориентированного*, предусматривающего формирование, у

младшего школьника, ценностей постановки задач и их исполнения в условиях организуемой собственной учебно-познавательной деятельности;

- ▶ *компетентного*, заключающегося в формировании у младшего школьника готовности и способности к структурированию своей учебно-познавательной деятельности и оценке ее результативности;
- ▶ *STEAM-подхода*, связанного с обобщенно-образным представлением, младшим школьником, контента учебно-познавательной деятельности и достигнутых в ней результатов.

Практическое применение

Практическое применение возможно на всех уроках в начальной школе. Учитывая регламентируемый объем статьи, проил-

люстрируем применение на уроках математики и обучения грамоте.

Приведем примеры To-Do List и Check List по предмету «Обучение грамоте», применение которых позволяет реализовать требуемые педагогические подходы, осмысленные нами для условий начального образования.

Тема программы: «Буква Бб и её звуки» (1 класс, 1 четверть).

Цели программы:

1.1.3.2. Познакомиться со звуками [б], [б], буквами Б, б; формирование умения различать гласные и согласные звуки; звонкие и глухие согласные; понимать значение слова, идею, выраженную в предложении;

1.1.3.3. Понимание и применение знаний в написании буквы Бб, месторасположения звуков в словах.

Формируемые предметные компетенции: дифференцирование твёрдых и мягких звуков [б], [б]; чтение и составление небольших текстов с буквой Бб; прописывание буквы Бб в соответствии с правилами каллиграфического письма.

Критерии и дескрипторы оценивания, ввиду безотметочного обучения в 1-м классе, не указываем.

To-Do List позволит сконцентрировать внимание ученика на целях урока через знакомые ему классификации и образы (рисунок 3).

Check List предоставит ученику возможность рефлексировать свою деятельность (рисунок 4).

На рисунке 4 можно видеть поле для аналитического рассуждения ученика, которое заполняется им самостоятельно.



Рис. 3-4 - To-Do List и Check List по предмету «Обучение грамоте», 1 класс

К принципам нашей методики относим:

1) мотивированной самостоятельности младшего школьника в целеполагании и контроле учебно-познавательной деятельности, когда он сам в условиях постепенно уменьшающейся поддержки учителя определяет цели и результаты достижения целей;

2. перехода обучающегося из зоны актуального развития в зону ближайшего развития, когда вначале учитель, а затем младшие школьники определяют и представляют содержание To-Do List и Check List;

3. перспективы роста младшего школьника, когда он может попробовать предположить результаты достиже-

ния целей учебно-познавательной деятельности на уровнях «анализирую», «обобщаю», «оцениваю», выполняя рефлексию методов и действий, к которым он прибегал на уроках.

Приведем пример применения To-Do List на уроке обучения грамоте (интегрирующий чтение и письмо) в 1-м классе.

Тема программы: «Как хорошо уметь читать. Вспоминай, повторяй»

Цели программы:

1.3.2.2 Учить высказывать отношение к прослушанному, прочитанному; читать и составлять схемы слов; использовать основные виды чтения (плавное слоговое чтение с переходом на чтение целыми словами, осознанное чтение в стихотворении);

1.3.2.3 Писать слова, написание которых надо запомнить; писать заглавную букву в именах собственных, в начале предложения (с помощью учителя).

Формируемые предметные компетенции: запоминание стихотворения через применение мнемотаблицы, грамотность письма словарных слов; ведение диалога.

Надо *знать* стихотворение (организуем заучивание на уроке). Для этого используем мнемонику, переводим стихотворение в таблицу образов. Следует *понимать*, что относится к овощам, что - к фруктам, и составлять звуковые модели слов. Требуется *применять* правильное написание словарных слов, имён собственных).

Действенность нашей методики подтверждается формированием – в условиях организуемого целеполагания и

Рис. 5 - To-Do List по предмету «Обучение грамоте», 1 класс

самоконтроля учебно-познавательной деятельности – личностных качеств обучающихся, актуальных для культуры обучения и – в перспективе – ключевых навыков и компетенций.

Для диагностики формирования познавательных и творческих способностей младших школьников, посредством To-Do

List и Check List, нами отобраны действенные методики, согласно возрастным особенностям учащихся 1 класса.

Перейдем к результатам исследования свойств памяти, творческого мышления, гибкости, оригинальности, беглости и разработанности мышления наших обучающихся – учащихся 1 класса (25 чел.).

«Заучивание 10 слов» - диагностическая методика А.Р.Лурия https://ppms22.ru/upload/medialibrary/d59/fry2e3mnibqysnwf5auq6pn1ehwv69w1/6.-Pamyat_10-slov_Luriya.pdf

Цель - исследование процессов памяти: запоминание, сохранение и воспроизведение.

Результаты входной (18.10.2023г.) и промежуточной (15.03.2024г.) диагностики по А.Р. Лурия представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Результаты входной и промежуточной диагностики учащихся 1-го класса по методике А.Р. Лурия

Результаты диагностирования по количеству воспроизведенных слов	Количество первоклассников (в % отношении) по результатам входной диагностики	Количество первоклассников (в % отношении) по результатам промежуточной диагностики
Низкий уровень памяти – механической и кратковременной	6 (24%)	2 (8%)
Средний уровень памяти - более оперативной и устойчивой	15 (60%)	11 (44%)
Высокий уровень памяти – осознанной и долговременной	4 (16%)	12 (48%)

Тест креативности Торренса <https://psycabi.net/testy/577-test-kreativnosti-torrensa-diagnostika-tvorcheskogomyshleniya> выявляет в нашем случае творческие способности обучающихся, связанные с преобразованием и ассоцированием, их нестандартное мышление,

поиск решений в сложных задачах и разработку новых идей.

Приведем на рисунке 7 результаты диагностики по Тесту креативности Торренса (входная диагностика - 15.09.2023, выходная диагностика - 01.03.2024 г.).

Оценка развития творческого мышления младших школьников (тест Торренса) в динамике 2023 г. - 2024 г.



Рис. 7 – Результаты входной и выходной диагностики учащихся 1 класса

Методика для определения уровня умственного развития младших школьников Э.Ф. Замбацявичене <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2020/02/12/standartizovannaya-metodika-dlya-opredeleniya-urovnya>

Для младших школьников разработаны 4 субтеста - 40 вербальных заданий, подобранных на основе программного материала начального образования.

В 1-м субтесте – задания на дифференциацию существенных /несущественных признаков предметов или явлений.

Во 2-м субтесте - задания, представляющих словесный вариант исключения «пятого лишнего».

В 3-м субтесте - задания на умозаключение по аналогии: установить логические связи и отношения между понятиями.

В 4-м субтесте - задания на выявление умения обобщать: назвать понятие, объединяющее два слова, входящих в каждое задание субтеста.

Интерпретацию полученных результатов провели в соответствии с инструкцией.




Рис. 8 – Результаты 3-х диагностических процедур по методике Э.Ф.Замбацявичене

Таким образом, результаты диагностики подтверждают развивающее влияние участия первоклассников в формировании и обсуждении собственных целей учебно-познавательной деятельности с последующим осознанным оцениванием их достижения.

Рекомендации

Учителям, начиная с 1-го класса, следует применять разнообразные методы по-

становки целей и определения результатов их достижения с постепенным увеличением доли самостоятельной работы младших школьников в данном направлении. Разнообразные методы должны обеспечить конкретные шаги для обсуждения целей в их иерархии, определения ресурсов и инструментов их достижения, способов самооценки использования этих инструментов и результатов деятельности. Последовательное применение названных методов позволяет, начиная с

1-го класса, сосредоточиться на конкретных результатах учебно-познавательной деятельности, мотивировать обучающихся устанавливать, что и как следует делать, и определять связь между непосредственными, прямыми и краткосрочными целями-действиями и будущими достижениями.

Учителям следует учитывать, что форма постановки целей, стимулирующая обучение, должна учитывать следующие мотиваторы: 1) создание условий для индивидуализации целей и развития; 2) сочетание академической свободы и самоконтроля по результатам учебно-познавательной деятельности; 3) поддержка познавательного интереса; 4) понимание обучающимися собственных способностей.

Учителям необходимо создавать условия для мотивированной постановки целей обучающимися и объективной оценки их достижения, посредством организации следующих процессов:

- а) рефлексия - обучающиеся должны выявить свои сильные стороны и те, что требуют улучшения, что позволяет определить значимые личные и учебные цели;
- б) целеполагание - после рефлексии сильных сторон и требующих улучшения, обучающиеся формулируют свои прямые и конкретные цели учебно-познавательной деятельности. Чем конкретнее и вместе с тем содержательнее цели, тем валиднее оценка/самооценка их достижения;
- в) отбор инструментов достижения целей - после того, как цели сформулированы, обучающиеся определяют способы их достижения (при поддержке учителя). На этом этапе им следует разбить общие цели обучения на более мелкие, конкретные и выполнимые, и наметить последовательность действий для реализации целей;
- г) feed back и оценка - обучающиеся должны подумать и обсудить, как они

будут отслеживать продвижение в целях и вносить коррективы в свои действия по мере достижения целей.

Родителям рекомендуем: 1) опираться на To-Do List и Check List для понимания требуемого объема знаний, умений, навыков и компетенций детей; 2) составлять в занимательной форме To-Do List и Check List не только для условий учебной деятельности, но и жизненных ситуаций; 3) поощрять изобразительное творчество детей в To-Do List и Check List, интегрированное с когнитивной деятельностью.

Заключение

Вовлечение обучающихся, начиная с начальной школы, в целеполагание и самоконтроль учебно-познавательной деятельности становится возможным и действенным при условии структуризации и визуализации в To-Do List и Check List конкретно-образного представления целей, стремлений и ожиданий, полученных результатов их достижения. Наша практика применения методики To-Do List и Check List убеждает: цели и результаты их реализации могут быть осязаемыми и наглядными, что принципиально для устойчивой мотивации младших школьников к организуемой учебно-познавательной деятельности. Перспективу исследования связываем с влиянием To-Do List и Check List на развитие компетенций младших школьников, в том числе Soft skills, в условиях компетентного подхода обновленного содержания образования.

Список использованных источников

1. Nunamaker S.R. (2017). Teaching Goal Setting Strategies In A Title I Elementary School; An Action Research Study. (Doctoral dissertation). Retrieved from <https://scholarcommons.sc.edu/etd/4076>
2. Nordengren C. (2019). Goal-setting practices that support a learning culture /Cappan Online <https://kappanonline.org/goal-setting-practices-support-learning-culture-nordengren/>
3. Sides Jacklyne D., Cuevas Joshua A. Effect of Goal Setting for Motivation, Self-Efficacy, and Performance in Elementary Mathematics. International Journal of Instruction, v.13 n4 p1-16 Oct 2020

4. Engaging Goal Setting Activities for Elementary Students <https://blog.teacherspayteachers.com/goal-setting-activities-for-elementary-students/>
5. Качественное образование, доступное каждому. Проект Национального доклада. 28 сентября 2023 г. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/135521?lang=ru>
6. Тыныбаева М. Изучение потребности во внутришкольном профессиональном развитии учителей общеобразовательных школ в контексте реформы системы образования в Республике Казахстан. Исследование в рамках Soros.KZ
7. Тихомирова В.Т., Садвакасова З.М., Мукашева А.Б., Сатыбалдина Н.К. Педагогическая практика студентов в школе. Учебно-методическое пособие для студентов высш. учеб. заведений /Под ред. В.Т.Тихомировой – Алматы, 2006
8. Буляккулова Д.Э., Нигматуллина А.М. Современные средства обучения, их классификация / Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ». – 2022. - № 4 (49) Т.1. – С. 49-60
9. Кенжетева Р.О. Профессиональная подготовка будущих педагогов к критериальному оцениванию учебных достижений учащихся начальных классов. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD). Алматы: КазНПУ им. Абая, 2021
10. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – 102 с.

● БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАҚСАТ ҚОЮБЫН ЖӘНЕ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУЫН TO-DO LIST ЖӘНЕ CHECK LIST ҚҰРАЛЫ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Грушина М.Н.

«ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған облыстық мектеп-лицей-интернаты» КММ, Петропавл қ., СҚО

Мурзалинова А.Ж.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ.

Аңдатпа. Мақалада оқу практикасы үшін өзекті болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық қызметін мақсатқа қою және өзін-өзі бақылау мәселесі талқыланады. Авторлар To-Do List және Check List оқу-танымдық іс-әрекеттің мақсатына жету қойылған мақсаттары мен нәтижелерінің мазмұнын визуализациялау үшін негіз ретінде ұсынады, оларды әзірлеуге және жобалауға арнайы әдістеме арқылы бастауыш мектеп оқушылары тартылуы мүмкін. Аталған мәселенің бұл шешімі мақалада критериалды бағалау технологиясымен негізделген, мұнда білім алушыларға оқу мақсаттарын, сондай-ақ тиімділік критерийлері мен оларға қол жеткізу құралдарын нақты және анық ұсыну маңызды. Мақаланың мазмұны ЛОРД дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатындағы зерттеу нәтижелеріне негізделген және бастауыш сынып оқушыларының тиісті дағдыларын, жеке қасиеттерін дамытуды растайтын диагностика нәтижелерімен бірге жүреді.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып оқушылары, мақсат қою, өзін-өзі бақылау, To-Do List, Check List, мақсаттар және нәтижелермен жұмыс істеу әдістемесі, дағдыларды дамыту.

● ORGANIZATION OF GOAL SETTING AND SELF-CONTROL OF EDUCATIONAL-COGNITIVE ACTIVITIES OF FIRST-GRADERS THROUGH TO-DO LISTS AND CHECK LISTS

Grushina M.N.

Regional specialized boarding school-lyceum for gifted children «LORD», Akimat of the North Kazakhstan Region

Murzalina A.Zh.

North Kazakhstan university named after M. Kozybayev Petropavlovsk

Annotation. The article deals with the problem of goal-setting and self-regulation of young schoolchildren's learning and cognitive activities, which is topical for educational practice. The authors propose To-Do Lists and

Check Lists as frameworks for visualizing the content of goals and the results of achieving educational-cognitive activity goals, which can be developed and formatted with the involvement of young schoolchildren through a special methodology. This solution to the stated problem is justified in the article by criterion assessment technology, wherein it is important for learners to clearly and specifically understand the learning objectives, as well as the criteria for effectiveness and the tools for achieving them. The content of the article is based on the results of research in the regional specialized boarding school-lyceum for gifted children LORD and is accompanied by the results of diagnostics, confirming the development of appropriate skills, personal qualities of primary schoolchildren.

Key words: young schoolchildren, goal-setting, self-regulation of activity, To-Do List, Check List, methodology of work with goals and results, skills development.

FTAMP 14.25.09

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДАҒЫ ӨЗДІГІНЕН ОҚУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Молдашева К.А.«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ
Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Зерттеу мақалада география сабағында оқушылардың өздігінен оқу қабілетін қалыптастыру жайы айтылған. Сабақ барысында оқушының өздігінен оқу қабілетін қалыптастыру төрт кезеңде ажыратылған. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне, пікір қалыптастыруына өздігінен оқу технологиясының әсері мол. Сонымен бірге өздігінен оқу технологиясы оқушыларда шығармашылық еркіндікті қамтамасыз етіп, тапсырмаларды жүйелі түрде өзі орындауына, оқушылардың танымы мен ойлауын дамытады.

Түйінді сөздер: өздігінен оқу, мотивация, интеллект, креатив, оқыту технологиясы.

Кіріспе

Бүгінгі таңда білім саласында «Lifelong learning» түсінігі кең таралған. Білім берудегі үздіксіз оқытуды көздейтін жүйе оқушылардың танымдық, шығармашылық әлеуеттерін дамытып, өмір бойы білім алу қабілетін қалыптастырады. Осы негізден зерттеу мақаламызда «үздіксіз білім беру» жүйесін негізге ала отырып, оқу процесіндегі өздігінен оқу технологиясын қарастырып отырмыз. Оқушылардағы шығармашылық әлеуеттің қалыптасуы практикалық әрі танымдық әрекеттерінің мақсатты түрде өзгеруінен көрінеді. Зерттеуші Л. Жарова өздігінен оқу технологиясын адам бойындағы ерекше қасиеттердің бірі ретінде әрі тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің нәтижесі деп қарастырады. Өздігінен оқу адамның тұлғалық дамытуы мен шығармашылық мүмкіндіктері деп қарастырады және адам өміріндегі алар орнын көрсетеді [1, 15]. Сонымен қатар бір топ орыс ғалымдарының пікірінше, соның ішінде М. Скаткина, И. Огороднико-

ва, М. Махмутова, И. Лернер, М. Данилова өздігінен оқуды саналылықтың жоғары дәрежесі деп, оқу процесінің жүйелі ұйымдастырылуы, оқушылардың дамуын көрсететіндігін жеткізеді. Өздігінен оқу еркіндік пен өмірдегі түрлі әрекеттерді бақылауға мүмкіндік береді. Өздігінен оқу өмірдің қай саласында да көрініс береді. Бала жастан әрекет жасап, оның қорытындысы үшін жауапкершілік алуға бағытталады. Оқушының өздігінен оқуы белсенділігінің өзінше әрекет етуге, үлкендердің талаптары негізінде берілген немесе ойлаған ісін тез бітіру негізінде көрінеді. Ересектердегі дербестік баланың талпынысы мен бір істі қайтпай жасауынан әрі үлкендердің қатысуынсыз, тәжірибе мен білімді қолдана отырып, әлеуметтік-жеке есу факторын да қамтитынын байқаймыз. Сонымен қатар, өздігінен оқу бір рет қалыптасып қана қалмайтынын, оның өмір бойы қоғам мен тәрбие аясында үнемі дамып отырады. Е.Акулов зерттеулерінде өздігінен оқуға адамның интегралды қасиеті ретінде қарап, интеллектуал-

дылық, еріктік, эмоционалды жақтары арқылы тұлғаны жан-жақты суреттейтінін көреміз [2, 53].

Әдістеме

Өздігінен оқу технологиясын оқу кезіндегі тұлғаның басты қасиеттерінің бірі деп санайтын классификацияға тоқталсақ. Бірінші деңгейде синкреттілік, оқушының талқылауы жоғары деңгейде әрі бейсаналы түрде еліктеу негізінде субъективті сенімділіктен қалыптасатынын, өзінің позициясын дұрыс көріп, серіктерінің позициясын бағаламайды. Екінші деңгейде интуитивті талқылау немесе ой деп анықтап, саналы түрде еліктеу көрінеді. Үшінші деңгейде, ғылым заңдарын қорытындылап, дәлелдеуді жүзеге асырады. Төртінші деңгейде өздігінен оқу тұлғаның интеллектуалдық әрекетінің негізі болып шығады [3, 212]. Бүгінгі таңда өздігінен оқу технологиясының әдістемесіне сай келетін мультимедиа-жоба әдісі қарастырылып жүр. Осы негізде Н. Смирнова оқушылардың өздігінен оқу қабілетін қалыптастыруда әрі оқушылардың танымын кеңейту мақсатында сабақ кезінде мультимедиа-жобаның тиімді екенін жеткізеді. Әдістің мақсаты бір мәселені тереңірек қарап, зерттеу нәтижесінде жаңа өнім, нақты білім және тәжірибе жинап, мультимедиа технологиялары негізінде жұмыс жасаудан тұрады. Ең басында мәселенің элеуметтік, практикалық маңызы айқындалып, оны шешудің гипотезасы ұсынылады. Келесі кезекте жұмысты жоспарлап, оны бөліктерге бөліп алып қарастырады. Мұғалімдер бұл жерде кеңес беру қызметін атқарады. Соңында мультимедиалық жұмысты қорытынды конференция негізінде өткізіледі. Мұғалімдер де қатысып, оқушылардың ойын жүйелі жеткізу, өзінің көзқарасын дәлелді түрде жақтауы, жұрт алдында сөйлеуге үйреніп, топпен жұмыс жасау қабілеті артады [4, 33]. Аталған әдіс оқушылардың танымдық қызметін, сонымен қатар цифрлық ресурстарды игеруіне жағдай жасайды. Дегенмен берілген әдістеме әр оқушының өздігінен оқу қабілетін толық қамтамасыз ете алмайды.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академия дайындаған «Орта білім беру ұй-

ымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік нұсқаулықта сабақты жоспарлау оқыту сапасын арттыру екені айтылған. Осы мақсатта үш маңызды сұрақ бар: «Нені үйрету керек?», «Кімді оқыту керек?», «Оқыту керек нәрсені қалай үйрету керек?» [5, 31]. Аталған маңызды сұрақтарды негізге ала отырып, оқушылардың өздігінен оқуын арттыру тиімді әдістеме екеніне тоқталамыз.

М.Қ. Бапаева өздігінен оқу ұғымын «танымдық дербестік» деп анықтап, тұлғаның мақсатты танымдық іс-әрекеті, белсенділігі деп анықтайды [6, 21]. Осылайша тұлғаның интегративті қасиеті ретінде танымдық дербестікті оқу процесі барысында қалыптастыру маңыздылығы туындайды.

А. Гераськин мен И. Краскованың пікірлеріне сүйенетін болсақ, танымдық дербестіктің үш түрлі компоненттен тұратындығын, олардың когнитивті, креативті, әрекетті деп бөлетінін көреміз. Когнитивтік компонент өзімен-өзі жаңа тәжірибе жинап, ол өмірлік тәжірибе негізінде келіп, сыртқы ақпараттарды тапсырманы орындауға білім жетпеген кезде қолдану икемділігін, танымдық тапсырмалар кезінде, әсіресе, салыстыру, анықтау, қорытындылау кезіндегі танымдық тапсырмалардың шешу стратегияларын қолдана алу қабілеті жатады. Креативті компоненттің ерекшелігі интуиция мен тәжірибе негізінде жеңіл де тиімді жол арқылы тапсырманы орындауды көрсетсе, әрекетті компонент құрылған жоспарды максимальды түрде орындап, жоспарлау қабілеті мен танымдық әрекетті ұйымдастыру әрекеттерін көрсететінін анықтаймыз. Танымдық дербестік әрекетінде негізгі үш компонент когнитивті, оперативті, эмоционалды-ерік деген үш компонентті ажырататынын айта келіп, оған қоса рефлексивті компонентті қосатынын көреміз. Бұл компоненттің мотивациялық пен ерік компоненттерінің бірігуі деп қарастыратынын, ал енді кейбір жерлерде когнитивті мен операциялық компоненттердің бірігуі деп қарастырады. Осылайша танымдық дербестік компоненттері өзара тығыз байланыста екендігін көреміз. Сонымен танымдық дербестіктің төрт түрлі компоненттерден құралатындығын

анықтайды. Ең біріншісі когнитивті компонент құбылыстар жайындағы білімді құраса, мотивациялық компонент эмоция мен таныммен байланысты мақсатты әрекеттің мотивтерін құрайды, үшінші компонент әрекеттік түр танымдық икемділік пен танымдық дербестік әрекеттердің формасын құрайды. Ал соңғы рефлексивті компонент танымдық процесс жайындағы анализ бен нәтижелерде коррекциялаудан тұратындығын айтады [7, 21].

Танымдық әрекеттің оқу дербестігінің бір атауы екендігін, оны құрайтын компонентермен таныса отырып, өздігінен оқу қабілеті ретінде оқушыларда шығармашылық еркіндікті қамтамасыз етіп, тапсырмаларын жүйелі түрде мұғалімнің қадағалауымен өзі орындайтынын, оқушылардың танымы мен ойлауын дамуын, бойларында жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерін қалыптасуы деп қарастырамыз.

Адам әрекеті мақсатпен, түрткі, яки мотивпен, құрылымы мен құрамынан тұрады. Адам әрекеттерінің түріне әңгімелесу, оқу, еңбек, ойын, әңгімелесу жататындығын көреміз. Ал адам әрекетінің шығармашылық қыры ретінде адамның табиғи шектеулі қабілеттерін шегінен асырып, қарастыруға мүмкіндік беретінін айтады. А. Әбілқасымова тұжырымын келтіре отырып, танымдық дербестіктің еңбекте дербестік көрінетінін әрі оның ақиқатты шығармашылықпен іздеуді көрсететін эмоционалдық қанағаттануы негізінде интеллектуалдық ойлау негізін құрастырады. Сонымен қатар зерттеуші өзіндік жұмыстардың танымдық дербестіктің негізі ретінде қарастырылатынын, танымдық белсенділік деген ұғымның танымдық дербестікпен қатар қолданылады. Алайда өзіндік жұмыс ретінде танымдық дербестіктің танылғанын көреміз. Сонымен қатар авторда өзінділік деген ұғымды көреміз. Бұл ұғымның берер мағынасы адамның тұлғалық мінезі әртүрлі әрекеттері мен ойлау жүйесінен, қылықтары арқылы көрінетінін әрі бұл ұғымның алдына қойған мақсаттарын орындау ойымен келетін жолы мен құралдарын таңдаудың тәуелсіздігі. Бұндай тәуелсіздік шартты түрде болуымен қатар, адам әрекеттері де

алдын ала байланысқа түсіп, практикалық әрекеттерде адамдардың ойлауы мен еркін, мінезін дамытатынын әрі басқара алатындығын көрсетеді [8, 42].

Н. Смирнова, А. Гераськин, И. Краскова пікірлерін негізге алып, оқушылардың өздігінен оқуын география сабағында қалыптастыру әдістемесі айқын ерекшеліктерге толы. География сабағында оқушылардың өздігінен оқу қабілетін қалыптастыру оқушылардың когнитивті, креативті, әрекетті компоненттерін танытумен байланысты. Осы негізде «Кестемен жұмыс жасау» арқылы берілген ақпараттарды диаграмма, excel кестелерінде статистикалық әдіс негізінде талдаудан көрінеді. Сабақтағы негізгі ұғымдар «демографиялық көрсеткіш», «демографиялық жағдай», «дамыған елдер», «дамушы елдер» сынды терминдерді терең түсінеді, соған сәйкес нақты көрсеткіштерді есептей біледі. Осылайша география сабағында оқушылардың өздігінен оқуын дамыту географиялық түсініктер мен ұғымдарды түсініп, көрсеткіштер мен ақпараттарды талдаудан, анализ жасай білуінен көрінеді.

Практикада қолдану

Оқыту үдерісінде оқушылардың өздігінен оқуын қалыптастыру мынадай кезеңдер тұрады:

- ▶ Оқыту үдерісінің мазмұнын анықтау;
- ▶ География пәні мұғалімінің оқу қызметтері мақсаттарын айқындау;
- ▶ Оқу қызметтері мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған технологияларды құрастыру.

Географиялық тапсырмаларды орындаудағы басты мақсат – терең ойлау, құбылысты немесе оқиғаны елестету, салыстыру, анализ жасау, бағалау, шешімнің түрлі жолын табу, болжау. Осындай ақыл-ой тапсырмаларын орындау арқылы білім алушы:

- ▶ әр алуан ақпарат көздерінен алған білімдерін қолдана алады;

- ▶ қоршаған орта, табиғаттағы барлық процестердің кездейсоқ емес екенін ойға түйеді;
- ▶ өз шешімін ұсынып, қателігі неде екенін білу арқылы тәжірибе жинайды;
- ▶ қоғамға, өзіне, қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастырады;
- ▶ есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамытады.


Тақырыпқа сай шебер құрылған тапсырмалар баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, одан әрі ізденуге, шығармашылықпен шұғылдануға, білім жолындағы бәсекелестікке тартады.

Танымдық тапсырмалардың қарапайым, орташа, күрделі түрлері сабақтың әр кезеңдерінде, сабақтан тыс жұмыстарда, сайыстарда, олимпиадаларда т.б қолданылады. Бұндай жұмыстарға қарапайым «Нөлдік ендікте орналасқан елді ата»

(Эквадор) деген сияқты сұрақтан бастап шешімі күрделі, логикалық ой-тізбектерден тұратын тапсырмаларды жатқызуға болады. Сабақтың «Ой қозғаудан» «Бекітуге» дейінгі кезеңдерінде сәйкесінше ақыл-ой тапсырмаларын беруге болады.

Енді өз сабақтарымда қолданып жүрген осындай жұмыстарға шолу жасайын. 9-сыныптың «Қазақстан климаты. Климат қалыптастырушы факторлар» тақырыбын өтер кезде интербелсенді тақта арқылы Абайдың суреті мен төрт жыл мезгілінің көрінісін көрсету арқылы оқушылар сабақтың тақырыбын анықтайды, өлең шумақтарынан үзінді айтады.

«**Бірдей қасиеттерін іздеу**» әдісі. Кез келген екі географиялық объект беріледі. Оқушы осы екі объектінің бірдей жақтарын анықтау қажет. Мысалы: Канада – Қазақстан. Бір қарағанда олардың арасында еш ұқсастық жоқ. Алайда терең ойлап бірнеше ұқсастықтарды табуға болады (1-сурет):



1-сурет. Екі географиялық объект

- Екі ел де солтүстік жарты шарда орналасқан.

- Екі ел де қоңыржай белдеуде орналасқан.

- Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 300 - 400 мм.

- Екі сөзде де «А», «Н» әріптері кездеседі.

- Екеуі де көлемі үлкен, халық саны аз елдер.

- Екі ел де астық өндіреді.

Жалпы алғанда кез келген екі сөздің ұқсастығын табуға болады. Мұндай тапсырманы уақытқа жарыс ретінде беруге болады. Бұл ойлауға деген жақсы жаттығу болып табылады.

«Ұқсастығын тап» әдісі. Мұғалім белгілі бір сөзді айтады, оқушылар сол сөздің кез келген қырынан ұқсас сөздерді анықтау қажет. Мысалы Рио-де-Жанейро қаласын алайық (2-сурет).

Рио-де-Жанейро – Рига (екеуі де «Р» әріпінен басталады)

Рио-де-Жанейро – Стамбул (екеуі де бұрынғы астаналар)

Рио-де-Жанейро – Копенгаген (екеуі де теңіз жағасында орналасқан)

Рио-де-Жанейро – Кейптаун (екеуі де оңтүстік жарты шарда орналасқан)

Рио-де-Жанейро – Гавана (екеуі де тропиктік белдеуде орналасқан)

Рио-де-Жанейро – Нью-Йорк (екеуі де батыс жарты шарда орналасқан)

Рио-де-Жанейро – Лиссабон (екі қаланың тұрғандарыда португал тілінде сөйлейді)

Рио-де-Жанейро – Венеция (екі қала да өзінің жәрмеңкелерімен әйгілі)

Рио-де-Жанейро – Санкт-Петербург (екі қала да өз мемлекетінде халық саны жөнінен екінші орын алады)



2-сурет. Рио-де-Жанейро қаласы

«Ортақ негіз» әдісі. Қазақта **«қара»** сөзі әртүрлі мағына береді. Осы сөз кездесетін географиялық атауларды тауып көрейік:

Қара.....-қала (Қарағанды)

.....**қара** - асбест кен орны (Жетіқара)

Қара..... - тау (Қаратау)

Қара..... - мыс кен орны (Қаражал)

Қара..... - көмір кен орны (Қаражыра)

Қара..... - өзен (Қаратал)

Қара..... - ойыс (Қарақия)

.....**қара**..... - тау (Қарқаралы)

Қара... - мұнай кен орны (Қаражамбас)

Қара..... - шөл (Қарақұм)
Қара..... - көл (Қарасор)
**қара.....** ұлттық
 саябақ (Катон**қара**ғай) т.б.

Осыған ұқсас санмен қатысы бар атауларды да қарастырайық:

Бір.....-Мұғалжардағы тауаралық аңғар (Біршоғыр)
Екі.....-Павлодар облысындағы көмір кен орны (Екібастұз)
Үш.....-Жетісу облысындағы қала, теміржол бекеті (Үштөбе)
Бес.....-Тау шыңы (Бесбақан, Бесшоқы)
Алты.....-Ұлттық саябақ (Алтынемел)
Жеті.....-Балқаштың оңтүстігіндегі өлке (Жетісу)
Он.....-Балқашқа жерсіндірілген жануар (Ондатр)
Мың.....-Қаратау жотасының биік нүктесі (Мыңжылқы)

Осыған ұқсас тапсырмаларды оқушылардың өздері де қызығушылықпен құрастыра алады, әрі осы атаулар естерінде қалады.

«Сандық диктант» та баланың логикасына, ұтқыр ойлап, жылдам шешім қабылдауына негізделген.

- Қазақстанның экономикалық аудандарының санына облыстар санын қосып,

шыққан саннан Ресеймен шектесетін облыстар санын алып таста. Шыққан санға Қытаймен шектесетін облыстар санын қос деген тапсырманы орындау арқылы оқушы картамен жұмыс жасай отырып, ізденеді, біледі, есіне сақтайды.

$$5+17-7+2=17$$

- Қазақстанның өзендер санына көлдер мен мұздықтар санын қосып, Сауыр тауындағы мұздық санына бөл тапсырмасын орындау арқылы еліміздің ішкі сулары туралы білімдерін нақтылайды.

$$(85000+48000+2724):18=7540,2$$

- Қазақстанның солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі ұзындығына батыстан шығысқа дейінгі ұзындығын қосып, одан еліміздегі ең терең ойыстың мөлшерін шегер және ең биік шыңның биіктігін қос.

$$3000+1650-132+6995 =11513$$

Сабақтың бекіту кезеңдерінде осындай қарапайым арифметикалық амалдарды орындау арқылы географиялық ақпараттарды еске сақтауға болады.

«Егер..., онда» әдісі. Қазақстан жеріне көптеген өсімдіктер мен жануарлардың жерсіндірілгені белгілі. Егер елімізге **бизондар** мен ламаларды әкеліп жерсіндіру керек болса қай қорыққа апарған жөн болады? (3-сурет) *Нені, қайда, неге деген сұрақтарға жауап беру арқылы қисынды ойлау дағдыларын қалыптастырады.*



3-сурет. «Егер...онда» әдісі

Егер Ақтөбе облысына асыл тұқымды ірі қара әкелу керек болса, Канададан әкелген дұрыс па, әлде Аргентинадан әкелген дұрыс па? Тақырыпқа сәйкес осындай ойлау тапсырмаларын құрастыруға болады.

«Жүгіртпе тапсырмалар» әдісін сабақта да, сабақтан тыс жұмыстарда да қол-

данған тиімді. Берілген нысандарды, номенклатураларды әр жердегі тиісті ұяшықтарға тез, әрі дәл орналастыру керек. Мысалы: Килиманджаро, Мак-Кинли, Анд, Тибет, Атлас, Ұлы көлдер, Үлкен Суайрық жота, Эребус, Альпі т.б. материктер аты жазылған ұяшықтарға дәл тауып салу керек (4-сурет).



4-сурет. «Жүгіртпе тапсырмалар»

Қазақстан географиясында әр қорыққа тән өсімдіктер мен жануарларды немесе экономикалық аудандардың мамандану салаларын жүгіртпе тапсырмаларға қолдануға болады.

Ақыл-ой тапсырмаларын жеке оқушыға да, топқа да ұсынуға болады. Қазақстанның физикалық-географиялық аудандарын өткеннен соң әр топқа ауданды анықтау үшін мынандай әрі танымдық, әрі тәрбиелік мәні бар ертегі ұсындым.

«Мәтінмен жұмыс» әдісі.

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір өмір сүріпті. Олардың дәулеті шағын болғанымен, ақыл-парасатқа, ойға бай адамдар екен. Солардың жан дегенде жалғыз бір баласы бар екен. Уақыт өз дегенін алмай қоя ма. Жасы жетіп қартайған шал мен кемпір күндердің бір күнінде ауруға шалдығыпты. Бірте-бірте аурулары меңдеп, асқынып, екеуі де төсек тартып жатып қалады. Жанталасқан жалғыз баласы көрші ауылда тұратын бір емші ақсақалға барып, аурудың емін сұрайды. Сырқаттың жай-күйімен сырттай танысқан емші өзінің өмір тәжірибесіне

сүйене отырып, аурудың сырын ашыпты. Сөйтіп, ол ұзақ ойланып барып жігітке былай дейді. – Шырағым, бұл оңайлықпен жазылатын жеңіл-желпі сырқат емес. Егер шынымен ата-анаңа жаның ашыса, күннің шығысына қарай сапарға аттан. Күн жүрерсің, түн жүрерсің, ай жүрерсің, сөйтіп биік таулы бір өлкеге жетерсің. Сол жерлерге барғанда бір үңгірді мекендеген, қабақтарын ағаштың бұтақтарымен көтеріп қойып қарайтын, буырыл сақалы беліне түскен бір қарияға тап боларсың. Ол менің ұстазым, мың жыл ғұмыр кешіп келе жатқан адам. Аурудың емін сол кісі ғана айта алады. Осы әңгімеден кейін жас жігіт ата-анасына ем іздеп жолға шығады. Қария айтқандай, араға көптеген айлар салып сол жерге жетеді. Қартқа ол оң жақ қабағын ағаштың бұтасымен көтеріп қойып: – Қарағым, қадамың құтты болсын. Келгенің дұрыс болыпты. Ол ауру “безгек” деп аталады. Оны емдейтін шөп осы өлкеде ғана өседі. Лайым, ата-анаңның дертіне дәру болсын, – деп, бір түйнек шөпті жігіттің қолына ұстатыпты. Қуанышы қойнына сыймаған жігіт еліне қайтып оралады. Әлгі шөпті қайнатып ішкізіп, әкесі мен шешесін емдепті. Аз ғана уақыттың ішінде сырқат кісілер дертінен айығыпты.

Кейін осыны естіген маңайындағы дертті жандар әлгі жерге барып ем шөпті алып келу үшін жаңағы жігіттен жолды сұрапты. Сонда жігіт: – Күннің шығысына қарай алты ай жүріп жетесіңдер, қайтарда алты ай жүріп келесіңдер, – депті. Ойы ұшқыр

оқушылар ертегі соңындағы «алты ай» деген сөз бен шығыстағы тау дегеннен-ақ бұл таудың Алтай екенін анықтайды. Одан әрі бұл тапсырманы кесте арқылы дамытуға болады.

Таудың атауы, биік шыңы	
Физикалық-географиялық орны	
Климатының ерекшеліктері	
Өзен-көлдері	
Дәрілік шөп кездесетін қорық	
Пайдалы қазбалары	

Географиядағы ең басты құрал карта болғандықтан тапсырмаларды карта арқылы да жасаған жөн. «Географиялық кластер» әдісі.

Ең ылғалды материктің Тынық мұхит жағалауындағы оңтүстікте қоңыржай теңіздік климаттан солтүстікте тропиктік шөл климатына дейін өзгеретін, әлемдегі

ең ірі мыс экспорттаушы ел десек оқушылар карта арқылы жұмыс жасап, ізденеді (**Оңтүстік Америка-Чили**) Ең ылғалды материк-Оңтүстік Америка, Тынық мұхит жағалауындағы оңтүстікте қоңыржай теңіздік климаттан солтүстікте тропиктік шөл климатына дейін өзгеретін, әлемдегі ең ірі мыс экспорттаушы ел-Чили) (5-сурет).



67-сурет. Оңтүстік Американың аймақтары мен елдері.



5-сурет. «Географиялық кластер» әдісі

-Ең ыстық материктің солтүстігіндегі кен өндіру өнеркәсібі біршама дамыған аграрлы ел. Атлант мұхиты мен Жерорта теңізіне шыға алады, құрлықта шекараласатын көршілес екі елдің бірі әлемдегі жер көлемі бойынша Қазақстаннан кейін 10-орында. **(Африка-Морокко-Алжир)** Ең ыстық материк - Африка, Атлант мұхиты мен Жерорта теңізіне шығатын, әрі кен өндіру өнеркәсібі біршама дамыған

аграрлы ел - Морокко, шекаралас екі елдің бірі Алжир - жер көлемі бойынша әлемде Қазақстаннан кейін 10-орында.

«Ұқсастықты тап» әдісі. Италияның етікке ұқсайтыны барлығымызға белгілі. Ал енді осы етіктің ескірген екінші сыңарын табылқышы десек барлығы картаға үңілетіні анық (6 а,б,в-суреттер).



6-сурет. «Ұқсастықты тап» әдісі

Ғарыштан түсірілген объектілерді картадан табайық. *(Камчатка түбегі, Тенериф аралы, Гренландия аралы, Мадагаскар аралы)*



- Мына суреттерді табылған географиялық нысандармен сәйкестендіру керек.



Осы тапсырмаларды күрделендіре жасап көрейік.

- Бұл төрт мемлекеттің барлығы бір дүние бөлігінде орналасқан. Тәуелсіздік алғанға

дейін А және С елдері біртұтас болып, кейін діни құрамға байланысты бөлінді. А елі бізге Киплинг ертегілерінен таныс. А,В,С елдері әлем бойынша халық санының көптігімен таныс (Ең халық саны көп 10

елдің қатарында). В елінде тұратын этностың Д еліндегі саны бойынша 2-орында. А,С,Д елдері федерациялы елдер.С және Д елдерінің діні ортақ, дегенмен бұл дінді ұстанатындар А елдерінің кейбір штаттарында да кездеседі. А,Д елдері әлемдік

нарықта табиғи каучук шығарумен таныс болса,А,В,Д елдері жоғары технологиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіреді

(Үндістан,Пакистан,Индонезия,Малайзия).

	100млн-нан көп халқы бар	федерация	этнос	діні	Табиғи каучук	Ел астанасы
А	Үндістан	+		Ислам дінін ұстанатындар кездеседі	+	Нью-Дели
В	Индонезия					Джакарта
С	Пакистан	+		ислам		Исламабад
Д	Малайзия	+	малай	ислам	+	Куала-Лумпур

Бұндай тапсырмалар пәндік олимпиада тапсырмаларының арасында көптеп кездеседі. Осы типтес тапсырмалар құрастыруда екі даму деңгейі қамтылады: үлгі бойынша білім мен қабілеттерді меңгеру және білім мен қабілеттерді шығармашылық тұрғыдан қабылдау.

Басқа пәндермен салыстырғанда географияның басты ерекшелігі қызықтылығында, әралуан оқиғалар мен ғажайыптарға толы болуында. Осындай қызығушылықты оята отырып, ғылыми заңдылықтар, табиғат құбылыстарының себептері мен салдарын, өмірмен байланысын зерделеуге мүмкіндік бар.

География сабақтарында дербес ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды тиімді пайдалану оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың басты шарты болып табылады. Тапсырмаларды білім алушылардың біліктілігіне қарай деңгейлеп бере отырып, орындалу барысында жүйелі түрде күрделендіру арқылы олардың логикалық ойлауын сапалы арттыруға болады. Қазіргі мектептерде сабақтың тыс уақытта, немесе қосымша сабақтар кезінде оқушыларға кез келген пәннен дербес тапсырмаларды беру арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Логикалық ойлауды дамыту болашақта дұрыс, жылдам ойлайтын және кез келген

жағдайда дұрыс шешім қабылдай алатын ұрпақты тәрбиелеудің негізі деп ойлаймын.

Ұсыныстар

Оқу барысында, білім беру кезінде орысша «самостоятельность» өзінділік деп аударылғанымен, толық мағынасы көрінбейтіндігін, керісінше, өздігінен оқу деу арқылы термин ретінде анықталып, сөздің берер мағынасы, ауқымы кеңейеді. Оқушыларды өздігінен оқу технологиясы аясында өздігінен білімін іздеп дағдылануы олардың қызықтырып, мотивациясын оятатыны әрі өзге оқушылармен тығыз байланысқа түсіп, берілген тақырып тапсырмаларын ерекше әрі терең зерделей орындайтынына көз жеткіземіз. Осылайша география пәнінің мұғалімдеріне мынадай ұсыныстар беріледі:

- ▶ Оқу мақсаттарын белгілеуде оқушылардың өздігінен оқуын қалыптастыруы басты назарға алып, теориялық, практикалық тапсырмаларда объективті, субъективті пікірлерді саралауға дағдыладыру;
- ▶ Теориялық ақпараттардың даму рефлексиясын, білімді өз бетімен игеру қабілеттерін қалыптастыру негізінде жоспарлау;

- ▶ Оқу қызметтерінің мақсаттары оқушылардың тақырыпты терең түсініп, өзге оқушылармен бөлісіп, тың идеяларды анықтау;
- ▶ Берілген тақырыпты креативті орындауға, сандық, сапалық көрсеткіштерді талдай білу қабілеттерін дамыту.

География пәнін өздігінен оқу технологиясы негізінде «оқушы бойында қандай білімдерді, қасиеттерді қалыптастыру керек?» сұрағына мынадай жауаптар беріледі:

- ▶ Географиялық терминдерді түсініп, практикада (үздіксіз білім беру түсінігі бойынша) қолдана білу;
- ▶ Сандық, сапалық, статистикалық көрсеткіштерді талдай алу;
- ▶ Дамыған және дамушы елдердегі табиғи өсімнің көрсеткішін өсу деңгейінде салыстыру;
- ▶ Креативті дербестік аясында алынған материалдарды excel, google sheets жүйелерінде қолдана білу;
- ▶ Когнитивтік, әрекеттік дербестік негізінде теориялық білімдерді практикада қолдана алатынына көз жеткіземіз.

Осылайша география сабағында оқушылардың өздігінен оқу қабілетін қалыптастыру үш негізде: когнитивтік, креативті, әрекетті дербестіктер аясында жүргізілуі қажеттігін көреміз.

Қорытынды

Зерттеу мақалада өздігінен оқу технологиясының география сабағында қолдануын көрсете отырып негізгі философиясы ретінде үздіксіз білім беру ұғымын қарастырдық. Жаһандық заманда адами капиталдың маңыздылығына сәйкес оқушының бойында өмір бойына білім алуға талпыныс қалыптастыру бойынша «өздігінен оқу» түсінігі қарастырылды. Білім капитал, стратегиялық ресурс болуының негізінде оқушының орта мектеп кезінен өздігінен оқу қабілетін қалыптастыру, дамыту болып шығады. Дүниенің

небір сырын ашып қана қоймай, байлық деп саналатын білімді дұрыс қолдану білу керектігін, бұл негізде үнемі оқып, ізденіп жүру керектігін айтады.

Оқу процесінде өздігінен оқу технологиясының жүзеге асуы когнитивтік, креативтік, әрекетті процестер арқылы жүреді. Когнитивтік дербестік танымдық іс-әрекет, оқудағы іс-әрекет деп келуі арқылы әртүрлі аталғанына қарамастан, оларға берілген анықтамаларға жеке-жеке тоқталып, оқу дербестігінің әр ғалымның көрсетуі бойынша анықталған компоненттері мен өлшемдері, деңгейлері де зерттеу деңгейі жоғары дәрежеде болғанын көрсетеді. Оқу дербестігінің мотивациялық компоненті ретінде бір іс-әрекетке бағытталу болса, когнитивтік компонент барлық теориялық білімдердің жиынтығы болса, тәжірибелік компонент теориялық білімді тәжірибеде қолдана алу компоненті болып табылады. Одан бөлек, басқа да ғалымдар өздігінен оқу технологиясының компоненті ретінде ерік күшін, яки адамның бірнәрсені соңына дейін жасай алу қабілетін, креативті деп тәжірибелердің сан түрлі болмыста шығармашылық еркіндікпен орындалуы деп келеді. Сонымен қатар шығармашылық компонентте оқушылардың шығармашылық ойлау еркіндігін әрі әр теориялық мәселеге деген шығармашылық шешім де оқу дербестігінің оңтайлы шешімі болып табылады. Осылайша география сабағында өздігінен оқу технологиясын қарастыру арқылы статистикалық, сандық, сапалық көрсеткіштерді талдап, белгілі бір мемлекеттің халық санын, табиғи өсімін анықтауда демографиялық көрсеткішін, ұлттық және діни құрамын айқындайтынын көреміз.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Жарова Л.В.** Учить самостоятельности. – М.: Просвещение, 2013. 2-изд. 220 с.
2. **Акулова Е.** Формируем у детей самостоятельность и ответственность // Дошкольное воспитание. 2009. №9. С.52-58.
3. **Асперова И.Б.** Профессиональное воспитание в школе. - М.: Знание, 2007. - с. 211-214.
4. **Смирнова Н.М.** Развитие навыков самостоятельной деятельности учащихся. - М.: Просвещение, 2008. - с. 33.

5. Орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 176 б.
6. **Бапаева М.Қ.** Педагогикалық проблема ретінде танымдық дербестік // VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2018. – 21 б.
7. **Каменский А.** Развитие познавательной самостоятельности подростков в современной школе. Диссертация на соискание учебной степени кандидата педагогических наук. Санкт-Петербург, 2020. – 235 с.
8. **Балабекова К.** Оқушылардың танымдық белсенділік пен қызығушылығы. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2 (62), 2019 жыл. 40-44 б.

● САМОСТОЯТЕЛЬНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

Молдашева К.А.

КГУ «Казакская средняя общеобразовательная школа №39»
г. Актобе

Аннотация. В научной статье рассказывается о формировании у учащихся способностей к самообучению на уроках географии. Формирование способности ученика к самообучению в ходе урока делится на четыре этапа. Технология самообучения оказывает большое влияние на самостоятельную работу студентов и формирование мнения. Кроме того, технология самообучения дает студентам творческую свободу, позволяет систематически самостоятельно выполнять задания, развивает знания и мышление учащихся.

Ключевые слова: самостоятельность, мотивация, интеллект, креативность, технология обучения.

● INDEPENDENCE OF LEARNING IN GEOGRAPHY LESSONS

Moldasheva K.A.

Kazakh Secondary School No. 39
Aktobe city

Abstract. The scientific article describes the formation of students' self-learning abilities in geography lessons. The formation of the student's ability to self-study during the lesson is divided into four stages. The technology of self-study has a great influence on the independent work of students and the formation of opinions. In addition, self-learning technology gives students creative freedom, allows them to systematically complete tasks independently, and develops students' knowledge and thinking.

Keywords: independence, motivation, intelligence, creativity, learning technology.

FTAMP 14.25.09

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Смагулова Ж.Ж.

Астана қаласы әкімдігінің «№ 45 орта мектебі» КММ

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасындағы білім алушыларға домбыра аспабында ойнауды және күй тартуды үйрету арқылы ұлттық құндылықтарды да-рыту мәселесі талданады. Домбырада күй тартуды үйрету әдістері мен жолдары туралы айтылады. Сонымен қатар білім алушыларды ұлттық музыкаға баулудың жалпы табиғаты мен перспективасы сөз болады. Мақала өнер саласында білім алушы студенттер мен магистранттар, педагогтер мен әдіскерлер үшін пайдалы болады деген ойдамыз.

Түйінді сөздер: домбыра, күй тарту, ұлттық музыка, ұлттық өнер.

Кіріспе

Халқымыздың әлдилеген әнінен, күмбір-леген күйіне дейін тұнып тұрған ұлттық сана-сезім және құдірет екені белгілі. Ұлтымыздың болмысы баяндалған ән-күйі мен термесіне, жыры мен халықтық музыкасына жас ұрпақты тәрбиелеу маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығының 65-қосымшасында: «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Музыка» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында «Қазақ халқының музыкалық мұрасы» ұлттық құндылықты дәріптеуге үйретеді» делінген [1].

Мақала жазудың мақсаты – мектеп жасындағы білім алушыларды домбыра аспабында күй тартуға үйрету арқылы ұлттық музыканың баланың жеке тұлғалық қалыптасуына оң ықпалы бар-жоғын анықтау болып табылады.

Отандық музыкатану ілімін зерттеуші ғалымдар жайлы сөз болғанда, ең алдымен атақты академик Ахмет Жұбанов есімі жадымызға түседі. Ахмет Жұбанов бастаған қазақстандық музыкатанушы ғалымдар күй өнері мен домбыра аспабының жоғалмауына ерекше атсалысты. Ұлттық музыкалық мұраны зерттеуші белгілі музыкатанушы, ғалым Болат Сарыбаев қазақтың көне аспаптарын іздеп тауып, олардың үнін қайта жаңғыртуға тер төгіп, жетіген, шертер, шаңқобыз, асатаяқ, сазсырнай, бұғышақ секілді оннан астам музыкалық аспапты қайта жаңғыртты.

Халық өнерпаздары домбырада күй тартудың жеке әдістемелік жүйесін де ойлап тапты. Нақтылап айтар болсақ: «Домбыра үйрену мектебі» Латиф Хамиди; Б. Физатов «Домбыра үйрену мектебі»; А. Жайымов, С. Бүркітова, Б. Ысқақов «Домбыра үйрену мектебі» (1992 ж.); «Мұрагер» домбыра тартып үйрену әдістемелік бағдарламасы А. Райымбергенов, С. Райымбергенова, Ұ. Байбосынова, М. Ержанов (1985ж.); «Домбыра үйрену әдістемесі» М. Ержа-

нов (2018ж.); «Домбыра ойнау оңай ма?» Ж. Нәжімеденов (2013ж.); «Домбыра» Ж. Жүзбаев (2020ж.) секілді бай әдістемелік мұрамыз бар.

Асылы, қазақ даласында екі түрлі халықтық кәсіби-музыкалық дәстүр қалыптасқан. Бірі – Ықылас, Сары малай, Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Сейтек, Сүгір, Тәттімбет т.б. өнерпаздар бастаған күйшілер тобы болса, екіншісі – Біржан, Ақан, Мұхит, Мәди, Жаяу Мұса, Естай, Үкілі Ыбырай, Абай, Нартай, Майра және тағы басқа сал-серілерден бастау алатын әншілік өнер мектебі бар. Ұлттық аспап – домбыра жайында сөз қозғалса, осы екі өнер мектебі егіз айтылады.

XIX-XX ғасырларда айырықша дамыған домбыра күйлері өз кезегінде екі түрлі нақыштық ерекшелігімен дараланады. Бірі – кең ауқымды төкпе күй үлгісі, екіншісі – шертпе күй үлгісі болып табылады.

Музыка – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өнер түрі. Зерттеулер көрсеткендей, музыкамен айналысу академиялық жетістіктерге ықпал етеді. Мектеп жасындағы білім алушының ойлау қабілеті мен оның дамуында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар музыка адамның есте сақтау қабілетін де жақсартады. Мектептегі музыка пәні оқушылардың когнитивтік (танымдық) функциясын да жетілдіре түседі. Музыкамен айналысу әрекеті білім алушының өзге пәндерді оқуда табысты көрсеткіштерге де жетелейді.

Заманауи мәдениетті жете таныған бала ұлттық дәстүріміздің түп бастауы мен қайнары – халық музыкасына, төл өнеріміздегі құнды қазынамызға қанып, сусындап өссе, Отаншыл, мемлекетшіл ұрпақ тәрбиелейміз.

Әдістеме

Зерттеуші ғалымдар пікірінше, музыкалық белсенділік адам тұлғасының қалыптасуы мен дамуына ерекше мүмкіндік ашады.

Шетелдік зерттеулерде музыкамен шұғылданатын адамның/білім алушының ми жарты шарлары жоғары деңгейде жұмыс істейді деп сипатталған. Аталған

зерттеулер көрсеткендей, музыка мидың сол және оң жарты шарының ақпаратты өңдеу функцияларына әсер етеді. Мидың сол жақ жарты шары тілге тән белгілерді, ал оң жарты шары өнерге тән белгілерді өңдейді екен. Неврологтар мен психологтар жүргізген зерттеулер нәтижесінде музыка мидың оң жарты шарына қорек екенін және мидың сол жақ жарты шары оқу мақсаттарына жетуге ықпалдасатынын анықтады. Асылы, музыка мидың екі жарты шарын бір уақытта белсенді ете түсіп, адамның білім мен құзыреттерді меңгеруіне зор септігін тигізеді. Демек, музыка адамның эстетикалық дамуына ықпал ететін рухани азық қана емес, сонымен қатар адамның академиялық шығармашылығының дамуына әсер етеді.

Әуен, саз және музыкалық туындыны тыңдау да адамға ерекше күш, энергия береді. Музыканы тыңдау адамға ішкі концептуалды өңдеу қызметін жұмыс жасатады. Яғни тыңдаушы санасына музыка физикалық түрде қатыспайды, тыңдаушы сол музыкалық үлгілерді өзі де іштей жасайды және орындауға талпынады. Музыканы тыңдау адамды әрекетке итермелейді. Тыңдаушы санасында орындалған әуен қайта орындалады, әртүрлі ләззат күйге апарады және өздігінен осы әуенге ұқсас туынды жасауға (импровизация) жетелейді. Музыканы тыңдау бұрын естіген әуенді қазіргі уақытта еститін әуенмен өңдеуді және жақын арада музыканы орындау кезінде не естілетінін болжауды да қамтиды [2].

Қазіргі таңда, біз күнделікті өмірі мен айналасы музыкаға толы ортада өмір сүріп жатырмыз дей аламыз. Теледидар мен ғаламтор желісі өз контенттері мен трендтерін музыкалық аспаптар сүйемелдеуімен, яғни музыкалық әуенмен ұсынады. Өн және музыка адамның көңіл серігіне айналып қана қоймай, адамды шаттыққа бөлеп, жігерлендіріп, талаптандырып, қанаттандырады [5].

Білім алушыларға ұлттық музыка арқылы білім беру – оларға ұлттық тәрбие мен білімді терең қабылдауына мүмкіндік береді. Музыка сабақтары оқушылардың математика мен гуманитарлық пәндерді бойынша оқу үлгеріміне де әсер етеді.

Дәстүрлі өнер арқылы шығармашылық тәрбие беру, көркемдік талғамын дамыту оларды шығармашылық дамуға жетелейді. Ән салу мен домбыра тартуға баулу – қоғамды өзгертуші құрал деуге де болады.

Бала тәрбиесін ұлттық құндылықтар негізінде жетілдіру, қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі. Әрбір жас ұрпақтың жеке тұлғалық сапалары жан-жақты дамыту үшін музыкаға бейімдеу интеллекті дамытудың бір жолы іспеттес.

Осы ретте қазіргі білім алушыларды ата-баба дәстүрімен домбыра тартуға үйретудің тиімді жолы – баланың домбыра қағысын көзбен көру және әуенін құлақпен ілу (қабылдау).

Қазақ күйінің бейнелеу құралы – домбыра әуені. Күй тыңдаушыны әуендік, дыбыстық тілімен баурайды. Күй тыңдаушы күйдің әуендік, дыбыстық тілін іштей жорып, алуан түрлі сезіммен әсерге бөленеді. Сол себепті күйді «сөйлейді» деп айту тегін емес. Бұл мысалдан музыканың, оның ішінде күйдің де сезімдік тілі өмірдің өзіндей шексіз дегенге саяды. Неғұрлым музыканың ұлттық төлтума тілі айқын болса, неғұрлым сол төлтума тілге тыңдаушының құлағы қанық болса, яғни музыканың ұлттық тіліне жүйрік болса, соғұрлым музыка мен тыңдаушы арасындағы сезімнің тілі бай болмақ [2].

Домбыра үйрену әдістемесі ғасырлар бойы қалыптасқан күй үйрену тәжірибесінің қағидаларымен тығыз байланысты.

Халқымыздың дәулескер күйшілері қалдырған күй үйрену тәжірибесінің негіздерін жинақтап, қазіргі домбыра үйренудің жүйелі әдіс-тәсілдерін жасап, домбыра үйренудің болашақтағы бағыт-бағдарын анықтап жалпы білім беру мектептеріндегі іс-тәжірибеде қолданылып келеді.

Домбыра тартуда халқымыздың сан ғасырдан бері келе жатқан өңірлердегі *төкле* және *шертпе* тәрізді дәстүр қалыптасса, сол екі мектептің айырмашылығы қағыс түрлеріне байланысты.

Шертпе әдісінде оң қолдың орындау тәсіліне қарай «дара шерту» - шекті

бір-бірлеп шерту және «қара шерту» - яғни төрт саусақпен де алма-кезек шерту әдістері бар. Шертпе күй деп ел арасында кеңінен тараған тәсіл, ерекше әуені бар, шертіп орындалады, яғни ішекті даралап, әр шекті кезек-кезек ойнау болып табылады. Шертпе күйдің шебері Сүгір бастаған күйшілер мектебі осы әдіс-амалдарды қолданып, күйге ерекше өрнек салып, шертпе күй көшін бастаған.

Біз музыка сабағы үстінде білім алушыларға халық күйі «Сал күреңді» осы шертіп ойнау тәсілімен үйретеміз. Яғни оң қолмен қатар сол қолда да «іліп алу» әдісін қолданамыз.

Төменде орындалу тәсілінен ноталық үзінді ұсынылған. Сабақта домбырада күй тартуды үйрету барысында әрбір оқушының музыкалық қабілетін ескереміз. Талантты білім алушыларға бүкіл сынып еліктеп отырады, оларды үнемі ынталандырып, мақтап, жетістіктеріне баса назар аударғануға тырысамыз. Ал кейбір білім алушылар тапсырманы баяу қабылдайды. Аталған оқушыларға ұрыспай, әрбір жетістігіне назар аударып, сыныпта шығармашылық ахуал қалыптастыру өте маңызды.

Оқушылар тез қабылдау үшін оларды топтастырып, алда жүргендеріне кейінгілерінің ұмтылысын да ұйымдастырып отырған жөн. Әрбір бала өз дайындығына қарай бір топтан келесі топқа ауысып отырады. Бұл да оларды ынталандыра үйрету тәсілдерінің біріне жатады. Ең бастысы, сыныпта педагог пен білім алушы арасында шынайы шығармашылық қатынас орнауы тиіс. Нәтижесінде білім алушылар берілген тапсырманы бұлжытпай орындауға талпынады.

Музыкалық аспапта ойнаған бала еңбексүйгіш болып, өз жетістігін көрген сайын оның жеке тұлғалық қасиеті дамып, сыныптастар арасында беделі арта түседі. Домбыраны нотасыз, пернелерге саусақтардың орналасу тәртібіне қарай үйретіледі. Домбыраны күйші А. Райымбергеновтің әдістемесіне сәйкес оқытамыз. Яғни, сол қолдың перне басу әдістеріне қарай қарапайым жаттығулардан бастаймыз.



Көрсетілген жаттығуларды төмен және жоғары қағыстармен санап үйренеміз:



Домбыра үйренуді халық әндерімен әндете отырып оқыту да оң нәтиже береді.

Халық күйі: «Сал күреңнен» үзінді



Төкпе күй дәстүрі еліміздің батыс өңірлерінде қалыптасқан. Төкпе күй дәстүрінің көш басында – күй атасы Құрманғазы, Сейтек, Дәулеткерей сынды асқан күйшілер тұр. Төкпе күйлер өзінің өлшемі мен ырғағы жағынан нақты, оң қолдың барлық саусақтарын түгел серпіп орындау арқылы ойналады. Бұл әдіспен орын-

далатын күйлер маңызды, асқақ әрі жігерлі болып келеді. Төкпе күйдің орындалу тәсілі, ішкі мазмұны мен тартылу әдісіне қарай өзіндік қағыс қолдану және саусақ басу әдісі бар. Осы әдіспен білім алушылар Құрманғазы мен Динаның күйлерін орындауды меңгереді. Бұл сөзімізге Құрманғазының «Балбырауын» күйі мен Ди-

наның «Әсем қоңыр» күйлері дәлел бола алады.

Қазақ халқының дәстүрлі домбыра үйрену мектебінде аспапты меңгеруде түрлі әдістер мен қағыстарды суреттейтін көптеген түсініктер бар. Осы сөздердің көбі дәстүрді сақтау және болашаққа алып барудың керектігінен туған және осы күнге дейін «құйма құлақ», яғни ауызша үйрету жүйесінде белсенді түрде қолданылып келеді [4].

Домбыра аспабында орындалатын музыканың мазмұнын ашатын басты құрал – оның қағыстары екені естен шығармау керек. Домбыраның қағысы – ән мен күйдің тілі. Сондықтан оң қолдың қағысының бірнеше түрлерін көрсететін, әрқайсысының белгілі бір өзіне тән атауы бар. Осы тәсілдер арқылы ұстаздарынан тәлім алған мыңдаған шәкірт қазіргі таңда ұлттық күй өнерін сақтауға өз үлестерін қосуда дей аламыз.

Халық күйшілерінің күй үйрету тәжірибесін жас ұрпаққа игерту және табыстау музыка пәні педагогтерінің асыл парызы болуы тиіс.

Практикада қолдану

Білім алушы жастарға домбырада күй тартуды үйрету әдістемесі мен тәжірибесін Астана қаласының гимназиялары және №45 орта мектебі қабырғасында жүргізіп келемін. Білім алушыларға домбыраны қазақтың «құйма құлақ» әдісі және бес саусақтың пернеге орналасу тәртібі арқылы үйретемін. Білім алушылар қабылдау дағдылары арқылы бір-бірін жетілдіріп, бәсекелесе үйренеді. 5-сыныпта олар күй мен әндерді нақышына келтіре орындауға қол жеткізеді. Мектепте музыканы оқыту тәжірибесінде аңғарғаным – білім алушылар домбыра шығармаларын қаз қалпында үйреніп, авторларына ұқсата орында-

уға құлшынады, ол үшін бірінші сол күй мен ән, жыр-дастандарды тыңдап, мақамына назар аударып, қол қойылымын үйренуден бастайды. Одан әрі оқушылар қол саусақтарының шеберлік жылдамдығын жетілдіру арқылы музыкалық шығарманы нақышына келтіріп орындауға тырысады.

Аспапты меңгеруді бастағанда осы домбыра аспабының шығу тарихымен байланысатын әртүрлі ән-күйлерден және аңыздарды әңгімелеп оларды қызықтырумен жұмысты бастау қызық әрі нәтижелі болады. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйін домбыраның керемет сиқырлы аспап екенін дәлелдей отырып оқытамыз. Өйткені ата-бабамыз ежелден-ақ қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты қара домбыраның көмегімен, оның қоңыр үні арқылы жеткізіп келген.

Домбыра адамның жай-күйіне әсер етумен қатар, ойын тыныштандырады, айтар сөзін музыкамен жеткізе алады. Мысалы: 3-сынып, «Мәдени мұра» бөлімі «Домбыра асыл мұра» тақырыбында халық күйі «Ақсақ құлан» арқылы күйші ханға қаралы хабарды жеткізеді. Осы күйден білім алушыларға үзінді ойнатып, домбыраның хан баласының қайтыс болғанын әуенмен де жеткізуге болатынына көз жеткізуге болады. Мектептегі музыка сабағында қазақ музыкасына қатысты кез келген сабақта, музыканы қабылдау және түйсіну үшін домбыра аспабын пайдаланамыз.

5-сыныптың «Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы» бөлімінде халық музыкасын өңдеу сабағында білім алушылар халық әні «Бір бала» мен «Беу айдайдың» әуенінен үзінділерді домбырамен орындап, оны цифрлық қолданбалар мен қосымшалардағы цифрлық аспаптар арқылы орындауға өте керемет құлшыныс пен қызыға орындайды:



«Бір бала» әні



«Беу айдай» әні

Оларды сатылап халық әндері мен күйлері, айтыс әуендері және аталған өнер түрлерін 5-сыныпта оқушылар халық әндерін орындаумен қоса өлең құрап үйренсе, 6-сыныпта жыраулардың ізімен өз өлең жолдарын жыр мақамына қосып орындайды. Оқушылар қазақтың дәстүрлі өнерінің түркі мәдениетінің бір бөлшегі екендігін түйсінеді. Ең бастысы Қазақстанның қазіргі заман музыка өнерінің әлем мәдениетімен біте қайнасып жатқандығын жете түйсінеді. Бұл балалар бойында намыс пен парыз құндылығын оятары сөзсіз.

Ұсынымдар

Домбыра ойнауды үйренуші білім алушылар ұлттық аспапта ойнау арқылы өз көңіл-күй мен эмоцияларын басқарады. Музыкалық аспапта ойнай алатын адам эмоцияларын сындарлы бағытқа бағыттайды және денсаулығын сақтайды. Мектеп жасындағы білім алушыларға ұлттық аспапта ойнауды үйретуші педагогтерге айтар кеңестер:

- ▶ білім алушыларды домбыра тартуға үйретумен қатар, олардың аспапта қысқа музыкалық үзінділерді өз бетімен ойнауына да дағдыландыру керек;

- ▶ домбыра үйренуші білім алушылардың музыкалық қабілетін үнемі арттырып отыру қажет;
- ▶ домбырамен күй тарта бастаған білім алушыларды жиі ынталандырып, мақтау сөзді көбірек айтқан жөн;
- ▶ домбыра аспабын басқа аспаптармен үйлестіре ойнатуға қызықтыруды да естен шығармаған жөн;
- ▶ заман талабына сай цифрлық қосымшалардағы музыкалық аспаптар немесе цифрлық аспаптармен қоса ойнатып қызығушылықтарын арттырған абзал.

Қорытынды

Орта білім беру мекемелерінде білім алушы жастарды ұлттық музыкаға оқыту мәселесіне жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, кез келген адамға музыкалық іс-әрекеттің пайдасы бар. Музыкалық аспапта ойнайтын адамның басқаларға қарағанда дамуы оң динамиканы көрсетеді. Музыкалық аспапта ойнау адамның ми жұмысын белсенді етеді, физикалық және психикалық денсаулығын нығайтады. Бірнеше ай ұлттық аспапта ән мен күй орындауды үйренген білім алушы бойында оң өзгерістер пайда болады. Сонымен қатар мектеп жасынан баланың

домбыра үніне жақындай түсуі – оның рухани азығын байыта түседі.

Қорыта айтар болсақ, мектептің «Музыка» пәні сабақтарында білім алушы жастардың домбырамен күй тарту және ән салуға деген қызығушылықтарын ояту – өскелең ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды дарытуға жол ашады.

Қолданылған деректер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16.09, № 399 бұйрығы. «Музыка» пәні УОБ.
2. Америкалық психологиялық қауымдастық. Мектеп музыкасы арасындағы ассоциацияларды популяция деңгейінде талдау. Қатысу және академиялық жетістікте.
3. **Аюпова, К.Е.** Мектеп педагогтарының кәсіби құзыреттілігі туралы. Қазақстанның заманауи мектебі.- 2014.- № 1.- Б. 14-17.
4. <https://kznews.kz/bilim/kujshilik-dastur-tokpe-kuj-tabigaty-onyn-taragan-ajmagy-men-stildik-korkemdik-erekshelikteri/>
5. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық / А. Райымбергенов, С. Райымбергенова, Ұ. Байбосынова. – Алматы : Атамұра, 2005. –88 бет.

● ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА ОБУЧАЮЩИХСЯ К НАЦИОНАЛЬНОЙ МУЗЫКЕ

Смагулова Ж. Ж

КТУ «Средняя школа №45» акимата города Астаны

Аннотация. В статье анализируется проблема привития национальных ценностей через обучение обучающихся игре на домбыре и исполнении кюев. Обсуждаются некоторые методы и способы обучения игре на инструменте. Также речь пойдет об общей природе и перспективах приобщения обучающихся к национальной музыке. Мы надеемся, что статья будет полезна студентам и магистрантам, педагогам и методистам, обучающимся в области искусства.

Ключевые слова: домбыра, исполнение кюев, национальная музыка, национальное искусство.

● WAYS TO INCREASE THE INTEREST OF SCHOOL CHILDREN IN NATIONAL MUSIC

Smagulova Zh. Zh.

KSU «Secondary school №45» of the akimat of Astana city

Abstract. The article analyzes the problem of instilling national values through teaching students to play the dombra and the performance of kuis. Some methods and methods of learning to play the instrument are discussed. We will also talk about the general nature and prospects of introducing students to national music. We hope that the article will be useful for students and undergraduates, teachers and methodologists studying in the field of art.

Keywords: Dombra, tune attraction, National Music, National Art.

FTAMP 14.25.09

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Умерханова Г.М.Павлодар облысы Аққулы ауданы білім беру бөлімінің
«Жамбыл жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Аңдатпа. Берілген мақалада білім берудің тиімді жолдарының бірі графикалық органиайзер жайы сөз етіледі. Графикалық органиайзер – әртүрлі жанрдағы, типтегі және сөйлеу мәнеріндегі мәтіндермен жұмыс істеуде тамаша нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оңтайлы құралдардың бірі де бірегейі. Графикалық органиайзер арқылы оқушылар мәтіндегі ақпараттың маңызды және қосалқы бөліктерін анықтауға, автор идеясын айқындауға, қажетті ақпараттарды салыстыруға, сюжет желісін логикалық реттілікпен жүйелеуге, сыни көзқарас білдіруге, ойын анық жеткізуге дағдыланады. Ол білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі.

Түйінді сөздер: графикалық органиайзер, диаграмма, кесте, оқу процесі, тиімді, оңтайлы құрал, мәтінмен жұмыс істеу.

Кіріспе

Оқу процесін оңтайлы ұйымдастыру – күрделі де көпжақты процесс. ЖОББМ мұғалімдерінің міндеті – күнделікті сабағына шығармашылықпен дайындалып, сабағын жүйелі, тиімді, қызықты өткізу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыру. Тұлғаға бағдарланған білім беру – білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларын жүзеге асырудағы тиімді педагогикалық тәсілдердің және бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта көрсетілгендей, мұғалім оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқушылардың теориялық алған білімдерін қолдана білу іскерлігінде инновациялық практиканы шығармашылықпен қолдануға, сын тұрғысынан ойлауына, коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді

қолдана білуіне жетелеуі тиіс [1]. Шетелдік ғалым Н.Сингх те «Личностно-ориентированное обучение в классах — всесторонний обзор» деген еңбегінде студентке бағдарланған оқытуда білім алушылар пассивті оқудан гәрі белсенділікке ауысатынын және ондай оқыту тұлғаның жауапкершілігін, дербес жұмыс істеуін арттыруға негізделетінін, соның негізінде білім алушының сыни ойлауы, түсіну және аналитикалық зерттеуі жүзеге асатынын айтады [2]. Демек, студентке бағдарланған оқытуда мұғалім оқушылардың дайын білімді ғана меңгеруін емес, керісінше, білім алушының білімді ой елегінен өткізіп, түсініп меңгеруін көздейді. Осы ретте оқуды ұйымдастыруда мұғалімге графикалық органиайзер көп көрім көмек болары анық.

А.Ш. Феттаева графикалық органиайзерді ақпаратты жүйелеу, ұйымдастыру және визуалдау, сонымен қатар ақпаратты

басқа формаға түрлендіру құралы, сондықтан оны оқу процесінде қолданудың практикалық маңызы зор екенін айтады [3].

Ал Г.Кенесхан, А.Умарова сияқты отандық ғалымдар графикалық органиайзер оқушылардың талдау дағдысын дамытудың таптырмас құралы екенін, ал талдау қабілетін дамыту тілдік және әдебиет құбылыстарын терең түсінуді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын айта келе: «Анализ результатов исследования подтверждает, что внедрение графических органиайзеров способствует более глубокому и системному пониманию литературных произведений, а также улучшает уровень аналитических навыков учащихся», - жазған [4].

Сонымен графикалық органиайзер дегеніміз не? Графикалық органиайзер – оқушының мәтінмен жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал ететін логикалық тәртіпте үлкен көлемдегі ақпаратты құрылымдаудың көрнекі тәсілі. Графикалық органиайзер беріліп отырған оқу материалдарын визуалды түрде талдап, білім, білік, дағдыларды тереңнен меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылардың бойында белгілі бір білім, білік, дағдыларды қалыптастыруда оқушының оқу материалдарын түсініп барып қабылдауы маңызды. Өйткені білім алушы меңгерген білімін тәжірибеде, яғни өмірде қолдана білуі керек. Өкінішке орай, графикалық органиайзерді білім беру процесінде қолдану жайлы ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Біздің бұл сөзімізді: «Авторство использования графических органиайзеров на уроках остается неопределенным, однако данная концепция значительно оптимизировала структурирование и эффективность проведения уроков. Согласно исследованию в области образования, внедрение графических органиайзеров способствует более глубокому усвоению материала», - деген пікір растай түседі [4, 89]. Демек, біз қарастырып отырған тақырып өзекті әрі маңызды. Сол себептен мақалада педагогтерге мәтінмен жұмыс істеуде оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін визуалды ойлаудың тиімді құралы ретінде графикалық

органиайзермен жұмыс істеу әдістері мен жолдарын ұсынуды мақсат еттік.

Әдістеме

Графикалық органиайзер (бұдан әрі – ГО) – ақпараттарды жинауға, байланыстыруға және (немесе) визуалды ұсынуға мүмкіндік беретін құрал немесе құрылым. Ол Венн-диаграмма, сюжет желісі, интеллект карта, т.б. диаграммаларды қамтиды.

Тәжірибедегі бақылаулар оқушылардың бойында танымдық қызығушылықты қалыптастыру, өздігінен ойлау, маңызды ақпаратты таба білу, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жұмыс жүргізу қажет екенін көрсетті. Өкінішке орай, көптеген оқушылар мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата, мәтін мазмұнын семантикалық түрде қысқарта, қажетінше нақты баяндай алмайтындығын айту керек. Ал ГО осы мәселені шешуге, үлкен көлемді ақпаратты есте сақтауға көмектеседі.

ГО және интеллект-карта әдісін қолданудың маңызы зор. Ол оқушы назарын тақырып немесе тапсырмаға барынша аударып отырып, ойлау қабілетін жақсартады, ойын жүйелі жеткізуге дағдыландырады.

Әдістің мәні оқушы зейінін тапсырмаға мәжбүрлеусіз шоғырландыруда, оқу материалын түсіне отырып, тиісті ақпаратты анықтауында және есте оңай сақтауында.

Бұл әдісті қолданудың тиімділігі ақпаратты өңдеуге жауап беретін адам миының құрылымымен байланысты. Адам миының сол жақ бөлігі логикаға, талдауға, ойлардың реттілігіне, ал оң жағы түстерді қабылдауға, қиялға, ырғаққа, өлшем, бейне, кеңістіктік, қатынастарын елестетуге жауап беретінін білеміз [5]. Адам көбіне сол жақ ми қабілеттерін пайдаланады. Бұл біртұтас көріністі, ассоциативті ойлау, көру қабілетін блоктайды. Ал ГО мидың екі бөлігінің қатар жұмыс істеуін қамтиды, оқушының ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық қызыреттерін қалыптастырады. Сондықтан графика, диаграммаларда әр түрлі түсті пайдаланған жөн, ол ақпаратты көру

арқылы қабылдау, логикалық тұрғыдан өңдеу және есте сақтауға мүмкіндік береді.

ГО-ның тиімділігін бағалау:

Көрнекілік. Сабақтың көрнекі құралы бірнеше проблеманы бірден шешуге жәрдемдеседі (назарды шоғырландыру, оқу материалын тез қабылдау, есте сақтау, т.б.).

Тартымдылық. Эстетикалық жақтан тартымды болғандықтан оқушылардың сабаққа қызығушылықтары мен ынтасы артады.

Есте сақтау мүмкіндігі. Суреттер мен түстер ақпаратты есте оңай сақтауға көмектеседі.

Уақытылы шешім қабылдау. Оқушы қандай ақпарат жетіспей тұрғанын тез түсініп, шешім қабылдайды.

Шығармашылық. Шығармашылық қабілетті арттырады, мәселені шешудің стандартты емес жолдарын табуға көмектеседі.

ГО арқылы толтырылған кесте немесе диаграмманы мұғалім кейінгі сабақтарында оқу моделі ретінде қолдануына әбден болады. Бұл оқушының графикалық түрде қағазға түсіретін ойы десек те болады.

Бұл әдісті қолдануда үш қағиданы ұстанған жөн:

«Қабылдау» - алдымен оқушы ГО арқылы жасалатын интеллект картаның барлық

артықшылықтарын, оларды жасау ережелері мен нұсқауларын мұқият оқып шығады.

«Қолдану» - бұл әдісті қолдану арқылы өз интеллект картасын әзірлейді.

«Бейімделу» - бұл әдісті ой елегінен өткізіп, мәтіндегі негізгі ақпарат пен қосалқы ақпараттарды ажырату, сыни көзқарас таныту, ойын қысқа да нұсқа жеткізу дағдыларын жетілдіреді.


ГО-ны сабақтың әртүрлі формалары мен түрлерінде қолдануға болады:








- ▶ жаңа материалды өткенде;
- ▶ материалды бекіткенде;
- ▶ материалды жалпылағанда;
- ▶ баяндама, реферат, ғылыми-зерттеу жұмысын жазғанда;
- ▶ жоба, презентация дайындағанда.

Графикалық органиайзер оқушының өзіндік сыни ойлау әрекетін ұйымдастыруға және дамытуға ықпал етеді. Құрылымда және жүйелеу арқылы оқу материалының үлкен көлемін есте сақтауға көмектеседі. Бұл бүгінгі ақпараттың ағыны мол заманда өте маңызды [6, 2].

Төменде кез келген пәнді оқытуда ұтымды қолдануға болатын Storyboard That ұсынған графикаларды ұсынамыз (бұндағы төртінші графаны өз тарапымыздан қосып отырмыз):

1-кесте. Storyboard That ұсынған графикалар

Графика түрі	Графика	Қолдану жолы	Нәтижеге қол жеткізу
Дәстүрлі графика		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Сюжеттік диаграмма ▶ Кейіпкерлер картасы ▶ Тізбекті баяндау 	Оқушылар мәтін бойынша сюжеттің реттілігін анықтайды; Кейіпкердің әрекетін ретімен көрсетуге дағдыланады;

Графика түрі	Графика	Қолдану жолы	Нәтижеге қол жеткізу
T-диаграмма		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Салыстыру ▶ Себеп пен салдар ▶ Мнемалдылық// Қысқарту 	Кейіпкер(лер)дің жағымды және жағымсыз жақтарын салыстыра баяндауға және сыни көзқарас қалыптастыруға дағдыланады; Сюжеттің себебі мен салдарын анықтап, өз ойын білдіруге машықтанады;
Кесте		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Салыстыру ▶ Уақыт бойынша өзгеріс ▶ Графикалар 	Екі құбылысты салыстыруға, уақыт желісімен болған өзгерістерді бақылауға дағдыланады;
Frayer моделі		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Сөздер қоры ▶ SWOT талдау ▶ Негізгі тақырып мысалдары 	Оқиғаның (кейіпкердің) әлсіз және мықты тұстарын салыстыруға машықтанады; Әр ойын мысалмен дәйектеуге жаттығады;
Өрмекші торы		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Миға шабуыл//ой толғау ▶ Сөздік қор ▶ Тақырып бойынша мысалдар 	Сөздік қоры молаяды; Сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланады; Мәтінмен жұмыс істеу жолын білетін болады;
Сабақтастық кестесі		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Тарихи жағдай ▶ Сабақтастық байланыс немесе әрекеттер өрісі ▶ Биография 	Мәтін бойынша тарихи жағдайларды сараптауға үйренеді; Бірізділікті сақтауға, тәртіпке жаттығады;
Циклдер (кезеңдер)		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Кейіпкердің әрекеті (кейіпкер саяхаты) ▶ Өмір кезеңдері 	Кейіпкердің әрекетін сюжет желісі бойынша ашып, ойын еркін жеткізуге дағдыланады; Ой түйін жасауға, ойын тұжырымдауға машықтанады;
Жұмыс парағы		<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жұмыс парағын құру ▶ Тарыхтың толық беті 	Жоспар құруға, тәртіпке үйренеді; Ой тұжырым жасауға дағдыланады.

Психолог В.П. Зинченко: «Визуальное мышление – это человеческая деятельность, продуктом которой является порождение новых образов, создание новых визуальных форм, несущих определённую смысловую нагрузку и делающих знание видимым», - дейді [7, 8]. Шынымен де, адам естігенінен гөрі көргенін есте жақсы сақтайтынын, ал өзі істегенде оны ешқашан ұмытпайтынын өмір өзі дәлелдеген. Сол себептен де Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» деген тұжырым жасаған [8].

Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей, білім беру мазмұнын меңгерткенде білім алушының тәжірибесін қалыптастыруға жағдай жасалу қажет [9, 14].

Ал, оқушыларды графикалық организатор арқылы мәтінді талдауға дағдыландырсақ, болашақта кез келген мәтінді өзі-ақ талдай алатын болады. Сол арқылы оқушының ойлау жүйесі нақтыланады, зерттеу жұмысын жүргізуге үйренеді, енді ол еш алаңдаусыз автор идеясын анықтап, кейіпкердің әрекетін, оның жағымды және жағымсыз жақтарын салыстырып, сыни тұрғыдан өзіндік көзқарас таныта алатын болады.

Практикада қолдану

Қазақ тілі мен әдебиеті маманы ретінде мәтінмен жұмысты ұйымдастырудағы басты мақсатым – оқушының оқу материалдарын түсінуін, сыни ойлауын дамытудың тиімді технологиялары мен әдіс-тәсілдерін іздеп табу, соны қолдану арқылы оқушы бойындағы ашылмай жатқан қабілеттерін ашу, болмысын жетілдіру, ойын еркін жеткізе алатын тұлғаны қалыптастыру. Осы ретте мен өзіме визуалды коммуникация құралы графикалық организатордың тамаша қырларын аштым. Ол:

- ▶ ойды жинақтауға;
- ▶ қажетті ақпараттарды реттеуге;
- ▶ өзіндік тұжырым жасауға;
- ▶ есте сақтауға көмектеседі.

Бұл жай иллюстративті құрал ғана емес, әр оқушының сабақта жұмыс істеуіне, оқуға уәждендіретін, когнитивтік, коммуникативтік қызмет атқаратын тиімді дидактикалық құрал.

ГО-ны оқушыларды олимпиадаларға, конкурстарға дайындауда, сабақтан тыс шараларды ұйымдастыруда да пайдалануға болады.

Сабағымда Венн-диаграмма, «Фишбоун», КНМП-формула және т.б. диаграмаларды, кестелерді жиі қолданамын. Венн-диаграмма оқушылардың тақырып немесе мәтін бойынша ақпаратты анықтау, екі заттың (құбылыстың) жалпы белгілерін салыстыру, мәнін тереңнен түсіну, ортақ жағын анықтау, айырмашылықтарын көрсету, білімді жалпылау және жүйелеу дағдыларын қалыптастырудың таптырмас құралы.

II-сыныптың «Қазақ әдебиетінде» С.Балғабаеттың «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасын өткенде Н.В. Гогольдің «Ревизор» пьесасының (алдын ала оқып келу тапсырылған) кейіпкерлерімен салыстыртып, Венн-диаграмманы қолдандым. Оқушылар екі шығарманың ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтады, екі халықтың өзіндік ерекшеліктерін айқындады, ұлттық құндылықтарды белгіледі.

Бұл белгілі бір нәрсені жан-жақты ойлауға, ми жұмысын дамытуға, жақсы және жаман жақтарын көруге мүмкіндік береді. Мұғалімге оқушылардың тақырыпты қаншалықты түсінгендерін бақылауына да көмектеседі.

Графикалық организатор көмегімен оқылған мәтіннің оқиға желісінің суретін салдыртуға немесе «Домино» ойынын ойнатуға болады. V-сыныптың «Қазақ әдебиетіндегі» Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын өткенде (үйде «Менің атым Қожа» фильмін көріп келу табысталған), суреттер салынған карточкаларды төмендегіше орналастырып, графикалық организатор арқылы әңгіме желісін реттеуді тапсырдым.



2-кесте. «Домино» ойыны бойынша сюжетті айқындау

Бұл арқылы оқушылар өздерінің еске сақтау қабілеттерін тексеруге мүмкіндік алды. Бұл әдіс еске сақтау қабілеттерін жақсартуға және зейінділікке дағдыландырады.

КНМП-формула (ПОПС//PRES-formula) – оқушыға көзқарасын (позициясын) негіздеуге, ойын дәлелдеуге үйрететін әдістемелік тәсіл.

9-сыныптың қазақ әдебиетінде «Шешендік өнер» тақырыбын өткенде КНМП-формуланы қолдандым. Бір оқушым өз пайымын былайша берді:

К – көзқарас (оқушы шешендік өнер туралы өз көзқарасын (позициясын) білдіреді): «Шешен болу үшін, біріншіден, табиғи дарын; екіншіден, білім; үшіншіден, шешендерден үйрену; төртіншіден, сөйлеп жаттығу; бесіншіден, басқа ғылымдардан хабардар болу керек» деген М.В. Ломоносовтың пікірімен толықтай келісемін.

Н – негіздеме (өз көзқарасына негіздеме келтіреді, ойын түсіндіреді): Өйткені, шешендік өнердің он пайызы табиғи дарындылықтың негізінде болса, қалған тоқсан пайызы адамның ізденуіне, оқып,

оқығанын көңілге тоқып, көркем сөйлеуге жаттығу мен үйренуге байланысты болады. Сондай-ақ, шешен адам кез келген мәселені қозғай алатындай жан-жақты, өмірдің әр саласынан хабардар болғаны жөн. Себебі шешен қандай болмасын қиын кезеңде білімі мен тілінің арқасында топтан озып шығады.

М – мысал (сөзін растау үшін мысал келтіреді): Мысалы, «XXI ғасыр көшбасшысы» деген бағдарлама бар, онда өзімізбен қатарлас балалар сөзжарысына түскен кезде кім көп білсе, сол «XXI ғасыр көшбасшысы» атанады. Ол шешендігінің арқасында өз замандастарынан ерекшеленіп тұрады. Бұрынғы кезде даулы мәселені де шешендер шешіп, түйінін жасаған. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуде өте маңызды. Қашанда шешенге ел сенім артқан.

П – пайым (жоғарыда айтылғандарды пайымдау, қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынын қорытындылау): Сонымен, шешендік өнерді (қабілетті) дамыту үшін мен көп ізденуді, «Шешендік өнер», «Риторика» курстарына баруды, шешендік өнер жайлы көп оқуды, әсіресе, Майқы

би сияқты қазақтың шешендерінің айтқан сөздерін оқып, ойға түюді ұсынамын. Соның арқасында, біріншіден, еске сақтау қабілетің артады; екіншіден, кез келген тақырыпта ойынды еркін айтуға үйренесің; үшіншіден, адамдар (достарыңның, туыстарыңның) арасында беделді боласың.

Бұл әдісті сабағымда жиі қолданамын. Көріп отырғандарыңыздай, оқушы ойын жүйелі беруге дағдыланған.

КНМП-формула өз көзқарасын дәлелдеудің, тақырыпты талқылаудың тиімді тәсілі. Оны қолдану арқылы оқушы өз ойын айтуға, белгілі бір тақырып бойынша сыни көзқарас танытуға жаттығады, ақпаратты талдау және синтездеу қабілеті қалыптасады, дамиды. Қателесуден қорықпайды.

Оқу процесінде маңызды бөлігі кері байланыста «Бес саусақ» әдісін қолдануға болады. Графикалық органиайзердің көмегімен экранға салынған алақанның суреті көрсетіледі, (оқушылар назарын аудару және көңіл күй сыйлау үшін әр саусақты

әр түрлі түспен бояп қоюға болады) әр саусақтың тұсында төмендегідей сұрақтар жазылған: бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды? Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта (жұпта) қалай жұмыс істедім? Ортан терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе жинадым? Шылдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім? Оқушылар ақ қағазға алақандарын қойып, жиегін айналдырып бастырып шығады да әр саусақтың тұсына өз жауаптарын жазады.


Кері байланыста «БББ» кестесін (Білемін, Білдім, Білгім келеді) ұсынуға болады. Кестеге өтіліп отырған тақырып бойынша бұрыннан нені білетінін, сабақта нені білгенін және болашақта нені білгісі келетінін толтыруы тиіс, сол арқылы оқушылар таныс ақпарат пен жаңа ақпаратты байланыстыруды үйренеді және танымдық сұранысты әрқашан қанағаттандырып отыру қажеттігін түсінеді.

3-кесте. «БББ» кестесі

Бұрыннан нені білдім	Білгенім	Білгім келеді

Өз басым графикалық органиайзер арқылы қазақ әдебиеті сабағында әңгіме сюжетін реттілікпен көрсетуге, кейіпкер әрекетін сабақтастыра байланыстыруға, уақыт пен кеңістікті кейіпкер қалай қолданғанын баяндауға үйрету арқылы оқушы ойын жүйелендіріп, дұрыс, қысқа да нұсқа сөй-

леу машығын қалыптастырып келемін. Оқушыларыммен бірқатар тақырыптар бойынша интеллект карталар жасадық. Жоғарыда аталған әдістер оқушыларға ұнайтынын сауалнама нәтижесі көрсетіп отыр:



- Оқулықпен жұмыс арқылы
- Графикалық органиайзермен жұмыс арқылы
- Презентация, өздігімен іздену арқылы

Сауалнама 11-сынып оқушыларынан алынды. «Сіз мәтінде берілген ақпаратты қалай тез әрі жақсы меңгересіз?» деген сұрақ пен үш жауап нұсқасы берілді: 1. Оқулықпен жұмыс арқылы. 2. Графикалық органиайзер арқылы. 3. Презентация, өздігімнен іздену арқылы. Сауалнамаға қатысқандардың 10%-ы оқулықпен жұмыс, 73%-ы графикалық органиайзер, 17%-ы презентация, өздігімнен іздену арқылы деп жауап берген.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл әдісті қолдану оқушылар үшін тиімді. Ол білімді динамикалық түрде жүйелеуге және жалпылауға және өз білімі мен дағдыларын тексеруге мүмкіндік береді. ГО арқылы оқушылар қажетті деректі анықтап, дәйектемелерді тауып, өзіндік ой қорыта алады.

Ұсыныстар

Графикалық органиайзерді оқу процесінің мынандай кезеңдерінде пайдалануға болады:

- ▶ өткен тақырып пен жаңа тақырыптың арасындағы байланысты анықтауда;
- ▶ жаңа тақырыпты ашуда;
- ▶ белгілі бір тақырыпты немесе бөлімді қорытындылауда;
- ▶ кері байланыс орнатуда.

Графикалық органиайзер арқылы:

- ▶ дәстүрлі кесте;
- ▶ Венн диаграммасы;
- ▶ «Фишбоун» // «Балық қаңқасы» әдісі;
- ▶ «Бес саусақ» әдісі;
- ▶ Т-диаграмма;
- ▶ «Өрмекші торы»;
- ▶ «Кейіпкер картасы»;
- ▶ «Қара шаңырақ» // «Киіз үй» әдісі;
- ▶ Жұмыс парағы сияқты әдістерді қолдануды ұсынар едім.

Ол үшін оқушыларға мынандай **тапсырмалар** беруге болады:

- ▶ мәтінді мұқият оқып, сипатталған оқиғаларды ретімен орналастырыңыз;

- ▶ мәтінді мұқият оқып, оқиға желісі бойынша сурет пен сюжетті сәйкестендіріңіз;
- ▶ мәтінді мұқият оқып, басты кейіпкердің өмір жолын диаграмма арқылы көрсетіңіз;
- ▶ мәтіннен автордың идеясын, қарама-қарсы құбылыстарды (оқиғаны), көтерілген мәселенің шешімін анықтаңыз;
- ▶ мәтінде берілген ақпараттардың себеп-салдарлық байланысын көрсетіңіз, сыни көзқарас танытып, ойыңызды тұжырымдаңыз;
- ▶ мәтін бойынша екі кейіпкердің жағымды және жағымсыз әрекеттерін салыстыра көрсетіңіз, өз көзқарасыңызды танытыңыз;
- ▶ мәтінде берілген ақпараттың дұрыстығын нақтылаңыз, хабарламадағы олқылықтардың орнын толтыру жолын ұсыныңыз;
- ▶ мәтіннің бір бөлігі мен оның жалпы идеясы арасындағы сәйкестікті анықтаңыз;
- ▶ мәтінде талқыланатын мәселелер туралы өз көзқарасыңызды білдіріңіз және өз көзқарасыңызды негіздеп, дәлелдеңіз, мысалдар келтіріңіз, нәтижесінде неге қол жеткізуге болатынын айтыңыз;
- ▶ мәтіндегі екі нәрсені (құбылысты) салыстырыңыз, артықшылығы мен кемшілігін көрсетіңіз, сыни көзқарас танытыңыз, ойыңызды дәлелдеңіз;
- ▶ мәтінде берілген ақпаратқа қатысты өз біліміңізді (бұрын не білгеніңізді) өз тәжірибеңізге негізделген ақпарат пен жаңа ақпараттың арасындағы байланысты анықтаңыз, логикалық тұжырым жасаңыз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ғылымның әр алуан саласында қолданылатын графикалық органиайзер білім беру саласына да ақырындап сәтті ене бастады. Себебі графикалық органиайзер арқылы оқушылар мәтіндегі ақпараттың маңызды және қосалқы бөліктерін анықтайды, нақтылайды, салысты-

рады, логикалық реттілікпен ол ақпараттарды жүйелейді, мәтінді қойылған мақсаттарға сәйкес түсіндіреді. Және соның негізінде олардың аналитикалық ойлау қабілеті қалыптасады немесе (және) артады. Демек, графикалық органиайзер дәйектемелер, идеялар мен тұжырымдардың арасындағы өзара байланысты көрнекі, визуалды анықтау құралы. Алайда, ол тек қана мәтінде берілген ақпаратты жүйелеу үшін қолданылмайды, жоғарыда айтылғандардан аңғарғандарыңыздай, ол оқушының оқу материалдарын терең түсінуіне, яғни нақты білім алуына, бір нәрсемен (құбылыспен) екінші нәрсені (құбылысты) салыстыра отырып, соның негізінде өмірде де жақсы мен жаманды айыра білуіне көмектеседі. Графикалық органиайзер мәтінде берілген ақпаратқа білім алушының өзіндік сыни көзқарас танытып, ой қорытынды жасай білуіне ықпал етуші, күрделі концепцияны визуалдаудың мықты құралы болып табылады.

Графикалық органиайзерді пайдалану кезінде оқушылардың, ең алдымен, визуалды ақпаратты талдау дағдыларын қалыптастыру міндеті іске асырылады. Сонымен қатар жоғарыда айтқанымыздай, білім алушылардың аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері артады, сондай-ақ шығармашылық қабілеттері дамиды. Бір нәрсені (құбылысты) екінші нәрсемен (құбылыспен) салыстыру, оның әртүрлі жақтарын анықтау дағдылары, ассоциативті ойлауы қалыптасады, мәтіннің негізгі идеясын, авторлық ұстанымын анықтау арқылы сөйлеушінің айтпақ ойын болжамдауға үйренеді, өз ойын тұжырымдауға жаттығады, кері байланыс алуға (жасауға) дағдыланады. Бұл зерттеліп отырған тақырыптың маңыздылығының

айқын көрінісі деп түсінсек керек. Яғни графикалық органиайзердің педагогикалық практикалық қызмет пен білім беру процесін дамытудағы рөлі зор. Ол оқушыны жүйелі ойлап, жүйелі сөйлеуге жетелеудің тапсырмас құралы десек болады.

Қолданылған деректер тізімі

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1800017669/20.07.2022>
2. Singh N. Student- centered learning (SCL) in classrooms — A comprehensive overview // Educational Quest-An International Journal of Education and Applied Social Sciences. 2011, Volume: 2, Issue: 2. P. - 275-282.
3. Феттаева А.Н. «Применение графических органиайзеров на уроках русского языка»//<https://zenodo.org/records/6188100>
4. Кенесхан Г., Умарова А. «Развитие навыка анализа у учащихся через графические органиайзеры на уроках русского языка и литературы»//Вестник КАЗНПУ имени Абая, Серия «Филологические науки». Т.86 №4, 2023// <https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/998>
5. <https://bilim-all.kz/article/16905-Midyn-on-zhane-sol-zhaq-zharty-sharlary>
6. Каримова Б.Т. Об использовании графических органиайзеров на уроках//АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» ИПК филиал Павлодарской области. - Павлодар, 2017. - С. 2.
7. Зинченко В.П., Мунипов В.М., Гордон В.М. Исследования визуального мышления // Вопросы психологии. – № 2, 1973. – С.3-14
8. <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=11006>
9. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.

● МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГРАФИЧЕСКОГО ОРГАНАЙЗЕРА В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Умерханова Г.М.

КГУ «Жамбылская средняя общеобразовательная школа» отдела образования района Аққулы, Управления образования Павлодарской области

Аннотация. В данной статье рассматривается графический органиайзер, как один из эффективных способов обучения. Графический органиайзер – оптимальный инструмент, позволяющий добиться отличных результатов в работе с текстами различных жанров, типов и стилей речи. С помощью графического органиайзера учащиеся учатся определять важные и второстепенные части информации в тексте, обозначать идею

автора, сравнивать один предмет или явление с другим, систематизировать сюжет в логической последовательности, четко выражать мысль. Он помогает формировать аналитическое мышление обучающихся.

Ключевые слова: графический органайзер, диаграмма, таблица, процесс обучения, эффективный, оптимальный инструмент, работа с текстом

● METHODS OF USING A GRAPHIC ORGANIZER IN TEACHING KAZAKH LITERATURE

Umerkhanova G.M.

«Zhambyl secondary school» of the Department of Education of the Akkuly district, Department of Education of the Pavlodar region

Abstract. This article discusses the graphic organizer as one of the most effective ways of learning. The graphic organizer is the optimal tool for achieving excellent results in working with texts of various genres, types and styles of speech. With the help of a graphic organizer, students learn to identify important and secondary parts of information in the text, compare one object or phenomenon with another, systematize the plot in a logical sequence, and clearly express a thought. It helps to form the analytical thinking of students.

Keyword: graphic organizer, chart, table, learning process, effective, optimal tool, working with text

FTAMP 14.25.09

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА МОТИВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ: МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІ

Хазимова Ә.Ж.

EPG Prometheus School мектебі

Алматы қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Prometheus School мектебінің бастауыш сыныптарындағы «Daryn Go» қосымша білім берудің авторлық мотивациялық бағдарламасына қазақ тілі компонентін енгізу бойынша мектеп тәжірибесі ұсынылған. Бастауыш сыныпта оқушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыруда мотивациялық бағдарламалардың тиімділігі өте зор екенін ескере отырып, 1-сыныптағы «Daryn Go» сабақтарына қазақ тілі бағдарламасы бойынша қосымша тапсырмалар енгізу қолға алынды. Қазақ тілі пәні бойынша дайындалған деңгейлік тапсырмалар оқушылардың қазақ тілі сабақтарында өткен материалдарын басқа сабақта, басқа ортада қайталауға, бекітуге мүмкіндік береді, оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттырып, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Түйінді сөздер: бастауыш мектеп, қазақ тілі, деңгейлік тапсырма, қызығушылық дағды.

Кіріспе

1.Понравился ли Вам данный формат изучения темы?

78 ответов




Является ли игровая форма важным компонентом урока?

78 ответов



Да – 73 студента (93,6%)

Нет – 5 студентов (6,4 %)



Да – 75 студентов (96,2%)

Нет – 3 студента (3,8 %)

Практическое применение в педагогическом процессе связано с получением текстовой, звуковой, графической и видеоинформации. Причем пользователи имеют возможность выбирать источники информации – базовая информация на серверах, базы данных ведущих библиотек, музеев, научных центров высших учебных заведений.

Студентам это важно и для их будущей профессиональной деятельности, ведь они не только используют содержащуюся в Интернете информацию, но и читают публикации новых данных в режиме реального времени, становятся активными пользователями компьютерной техники: конструируют модели концепций, оценивают свою подготовленность и качество работы. В процессе выполнения задания каждый студент может видоизменить текст, полученный из Сети, подобрать иллюстрации и выдвинуть свои аргументы, выстраивая собственную логику доказательства.

Рекомендации

Приведенные методы активного обучения, использованные на примере уроков Всемирной истории, в том числе и модельно-игровая технология с примене-

нием ИКТ, формируют профессиональные компетенции студентов. Вместе с тем, способствует формированию творческого потенциала, развитию познавательной активности, самопознанию и саморефлексии.

Преподавателю лишь следует придерживаться основных подходов, разработки принципов в применении активных форм обучения:

- ▶ на уроках Всемирной истории, как показал опрос студентов, необходимо применять различные форматы интерактивного обучения;
- ▶ подбор разнообразных иллюстраций, обеспечение дикторского сопровождения текстов, применение игровых элементов подачи материала;
- ▶ дифференцированный подход к обучающимся с соблюдением доступности учебных заданий;
- ▶ систематическое планомерное возрастание интеллектуальной нагрузки на студента, от простого к сложному;
- ▶ эффективное использование инструментов оценивания учебных достижений студентов на уроке: самооце-

нивание студентов с коррективами преподавателя.

Вышеперечисленные подходы могут предопределить принципы организации активной деятельности студентов, обозначаемые в следующей последовательности:

1. формирование целей занятий, их этапов;
2. становление исходного состояния студента (его успех);
3. разработка и отбор методов активного обучения (учебная информация);
4. этапы постановки задач оценивания усвоения полученной информации, структурирование обратной связи, и выработка действий (усвоение программных продуктов, получения результатов);;
5. реализация корректирующих воздействий (приобретение опыта студентами).

Названные методики и принципы позволят преподавателю на уроках истории использовать образовательные интернет-ресурсы для поиска исторических источников, текстов монографий и курсов лекций, разнообразных методических материалов, газетных и журнальных статей.

В новых условиях быстрее, успешнее идет социализация студента, овладение им коммуникативными качествами. При закреплении знаний, используя программу Power Point, можно организовать на уроке групповую деятельность студентов, когда совместное творчество формирует умение работать в группе.

Заключение

В практической деятельности преподавателя активные методы обучения можно успешно применить для решения важных дидактических задач. Практика применения на различных этапах урока активных методов обучения актуальна в передаче новой учебной информации, объяснении исходных данных, как историческая хронология, факты, раскрытие личностей,

контроль и оценка знаний, умений и навыков.

Применяемые методы исходят из вполне определенных свойств усвоения новых знаний студентами: опорные конспекты, например, опираются на зрительный канал восприятия и акцентируют внушаемость обучающихся.

Практика применения новых информационных, полиграфических, аудиовизуальных средств становится обязательным элементом образовательного процесса, являясь важной составляющей не только процесса конкретизации изучаемого материала, но и самостоятельного изучения дополнительного материала по рассматриваемой тематике.

В процессе исследования деятельности студентов на уроке, преподаватель разрабатывает собственную стратегию: активизации познавательной самостоятельности студентов, личностно-ориентированного подхода, оптимизации структуры урока.

Совмещение разнородных технологий в комплексе поможет каждому получить в зоне его ближайшего развития наилучший обучающий, воспитательный и развивающий результат.

Результаты применения методов активного обучения и применения ИКТ на уроках Всемирной истории показали активизацию познавательной самостоятельности, повышение качества знаний и индикатора эффективности урока.

Для преподавателя использование ИКТ дает огромные возможности для творчества.

Данное исследование позволяет студентам колледжа ориентироваться в информационном пространстве, формулировать идеи, принимать решения и конструировать новые схемы, технологии и методики, находить полезную учебную информацию; самостоятельно усваивать новые технологии и новые организационно-обучающие формы, применять активные методы обучения с учетом современных требований рынка труда.

Список использованных источников

1. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы. Утверждена постановлением Правительства РК от 28 марта 2023 года № 249
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/451747?lang=ru>
3. Қасым-Жомарт Тоқаев: Біз озық ойлы ұлт ретінде тек алға қарауымыз керек. Egemen Qazagstan. Зқаңтар, 2024 <https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqaeв>.
4. Краевский В.В. Методология педагогики: пособие для педагогов-исследователей. - Чебоксары: Изд-во Чувашия, ун-та, 2001 – 244 с.
5. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. – М.: Высшая школа, 1986. – 368 с.
6. Загвязинский В.И. Теория обучения: современная интерпретация: учеб. пособие для студ. вуза /под ред. В.И.Загвязинского.-5-е изд., – М.: Академия, 2008. – 192 с.
7. Полат Е.С. Современные и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студентов вуза /под ред. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. – 2-е изд., – М.: Академия, 2008. – 368 с.
8. Бидайбеков Е.Ы. Білім беруді ақпараттандыру және информатика мамандарын даярлау мәселелері //Инф. негіздері. –Алматы, 2002. – №1.– Б. 6-8.
9. Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану //Информатика-физика-математика. – Алматы, 1994. – №3. – Б.31-37.
10. Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білуге даярлаудың теориялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2005. – 410 б.
11. Беликов В.А. Философия образования личности: Деятельностный аспект: монография / В. А. Беликов. - М.: ВЛАДОС, 2004. - 357
12. Джанзакова Ш.И., Байкутова А., Макишева Ж. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың алатын орны. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2 (66), 2020. – Б.278-284.
13. Мухаметкали С.Х. Оқытудың инновациялық әдістері арқылы білім сапасын арттыру // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында академик Т.Т. Тәжібаевтың туғанына 114 жыл толуына арналған «Қазақстан ғылымы және оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2024.- Б.1843-1845.
14. Жұмашова С.Н. Тарих сабағында инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында академик Т.Т. Тәжібаевтың туғанына 114 жыл толуына арналған «Қазақстан ғылымы және оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2024.- Б.1444-1447.

● «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫН» ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есембаева Г.Т.

Абай облысы білім басқармасының
«Радиотехника және байланыс колледжі» КМҚК,
Семей қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ретінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажеттілігі қарастырылады. Автор қазіргі қоғамда студенттер технологиялық құралдар мен белгілер әлемінде өмір сүретінін, сондықтан оқытушылар білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасау үшін заманауи әдістемелермен және білім беру технологияларымен қарулануы тиіс екенін атап өтті. Мақалада студенттер дайын білімді алумен қатар, өз бетінше жаңа білім жинақтап, оларды кәсіби қызметінде қолданатын кейстерді құрастыру сынды белсенді әдістерді практикалық бағытта қолдану мүмкіндіктеріне ие болатынын сипаттайды.

Автор өз кәсіби тәжірибесі негізінде ұсынылған әдістеме мен ұсыныстарының өзектілігі, студенттердің компьютерлік желілердің әртүрлі формаларын қолдануда оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруға, білім беру ортасында жетістікке жетуге және кәсіби тәжірибе жинақтауға бағыт-бағдар береді.

Түйінді сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқу процесі, модульдік-ойын технологиялары.

● **FORMATION OF STUDENTS' PROFESSIONAL COMPETENCE THROUGH METHODOLOGICAL TEACHING OF «WORLD HISTORY»**

Yessembayeva G.T.

USSK «College of Radio Engineering and Communications»

Department of education of the region Abay,

Semey city

Abstract. This article discusses the need for using active teaching methods, such as information and communication technologies, in the formation of students' professional competence. The author notes that in today's society, students live in a world of technological symbols and signs, so teachers must be equipped with modern methods and educational technologies for effective communication with students. The article outlines the practical application of active methods, such as case studies, where students not only receive ready-made knowledge, but also independently acquire knowledge and apply it in their professional activities.

The relevance of the chosen methodology and the author's recommendations can serve as means of fostering students' educational-cognitive activity in using various forms of computer networks and gaining experience in professional orientation in the educational environment.

Keywords: information and communication technologies, educational process, modern technologies.

FTAMP 14.25.09

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОНЦЕПТУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жумабекова Л.Ж.

Қызылорда облысы білім басқармасының
Жаңақорған ауданы білім бөлімінің «№163 орта мектебі» КММ

Аңдатпа. Бұл мақалада автор оқушылардың тарихи санасын қалыптастырудағы тарихи ойлау дағдыларының маңызын, концептуалды оқытудың ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдерін қарастырады. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай тарих пәнін оқытудағы жаңаша көзқарас, әлемдік тәжірибе, теориялық сілтемелерге талдау жасайды. Тарих пәні бойынша оқушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыру мәселелерін қарастырумен бірге, тарихи концептілерді қолданудағы қиындықтарға байланысты мәселелерді де талқылайды. Қазіргі таңда бұл проблеманы шешудің тиімді тәсілі ретінде концептуалды оқытудың негізгі мақсатын, идеясын, оның тиімділігін, тапсырмалардың үлгілерін ұсынады. Күнделікті оқыту үдерісінде тарихи концептілер негізінде оқытудың әртүрлі интербелсенді әдістерін тиімді түрде қолданатын болсақ, бұл оқушылардың белсенділіктері мен тарихи санасын арттыруға оң ықпал етеді. Осы ретте автор өзінің педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, тарих пәнін оқытуда заманауи интербелсенді әдістерді қолданудың практикалық маңыздылығын ашып көрсетеді.

Түйінді сөздер: тарихи сана, жаңартылған білім беру мазмұны, тарихи концептілер, концептуалды оқыту, әдіс-тәсілдер.

Кіріспе

XXI ғасырда тарих пәнін оқытудағы жаңаша көзқарас – концептуалды оқытудың теориялық негіздемесі пайда болды. Тарихи ойлау жобасын ең алдымен бастаған ел Канада болып табылады. Сондықтан бұл теорияны жан-жақты зерттеп, тәжірибеде қолданысқа енгізген, артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеген ел ретінде Канаданы алуға болады. Бұл канадалық тәжірибені өзімізге түгелдей көшіру емес, білім беру саласындағы озық елдің тәжірибесін зерттеп-зерделеп, сол арқылы концептуалды оқытудың маңыздылығын тереңірек қарастыруды мақсат еттік.

«Тарихи қордың»(тарихи білімді жетілдіру мен жақсартуға арналған Канада жетекші ұйымы) және Британдық Колумбияның «Тарихи сананы зерттеу» орталығының (CSHC – тарихи сана мен тарихты зерттеу бойынша зерттеулер) серіктестігі негізінде тарихшы ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық симпозиумы оқыту мен оқуға арналған заманауи халықаралық зерттеулер жүргізетін жобаның сұлбасын картаға түсіріп, жиындағы талқылаудан кейін алты тарихи концептіні анықтады. [1,8-бет].

Тарихи ойлау жобасы тарихты оқытуға жаңа көзқарасты қалыптастыруға, мұғалімдердің қалай үйрететіндері

және оқушылардың қалай үйренуіне болатындығы туралы сабақ алуға, соңғы халықаралық зерттеулерге сәйкес өзгертуге арналған. Бұл зерттеулердің нәтижесі тарихты оқытудың жаңаша форматын жасауға көмектесті.

Тарихтан белгілі ойшылдар бізді ата-бабаларымыздан бөліп тұратын және өзімізді біріктіретін байланыстардың ерекшеліктерін түсінеді; тарихи артефактілер мен құжаттарды талдауға қабілетті болғандықтан, олар өткен уақыттың айқын көрінісін, түсініктерін бере алады. Мұның бәрі «фактілерді білуді» талап етеді, бірақ тек «фактілерді білумен» шектелу жеткіліксіз [1,9-бет].

2012 жылы «Canadian Historical Review» журналында ардагер тарих пәнінің мұғалімі және профессор Кен Осборн: «Мен қазіргі заманда оқушыларды тарихи тұрғыдан ойлауға үйретудің басымдығына үлкен үміт артамын», - деп атап көрсетті. Канада тарихшыларының тарихи ойлау жобасы әлемдік тәжірибеде қолданысқа енді. Қазақстанда бұл тәжірибе 2017 жылдан бастап Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылуда, қазіргі уақытта еліміздің барлық орта білім беру ұйымдарында жүргізіліп жатыр [1,10-бет].

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмбаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласы, құштарлығы болуы керек» [1,13-бет].

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академия-

сы «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін «Қазақстан тарихы», «Дүние-ежүзі тарихы» пәндері бойынша оқыту мынадай тарихи концептілер (түсініктер) негізінде құрылуы тиіс:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация, - деп көрсетілген. [2,50- бет].

Әдістеме

Әрбір пәннің өзіне тән әдіс-тәсілдері болады, олар пәнді тереңірек ұғынуға, оқуды жеңілдетуге көп септігін тигізеді.

Тарихи концептілерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдау жүзеге асырылады. Нәтижесінде, білім алушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу рәсімін, дағдылар мен біліктермен байланысты комбинацияларды игереді (материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманыт қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру) [2,50- бет].

Тарих концептілер арқылы дағдыларды дамыту шиыршық(спираль) қағидатына негізделген.

1-кесте. Дағдының тарихи концептілер бойынша прогрессиялық дамуы

Дағды	Тарихи концепт
I.Тарихи деректердің интерпретациясы	1.1. Дәлел

Дағды	Тарихи концепт
II. Уақыт пен кеңістікте бағдарлану	2.1.Өзгеріс пен сабақтастық
III. Тарихи анализ және түсіндіру	3.1.Себеп және салдар
	3.2.Ұқсастық пен айырмашылық
	3.3.Маңыздылық
	3.4.Интерпретация

Концептуалды оқыту -

- ▶ метатанымдық-пәндік құзіреттілікті арттыруға;
- ▶ пәндердің мазмұнын кіріктіруге;
- ▶ идеяларды, әдістерді, қағидаларды бір пәннен екіншіге таратуға;
- ▶ тарихи ойлауды дамытуға;
- ▶ оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар оқушының тарихи ойлау дағдысын дамытуға, зерттеуге негізделіп, пәнді терең оқуға қолайлы жағдай жасайды. Оқушылардың тұлғалық дамуына қолдау көрсете отырып, өзін-өзі оқыту нәти-

жесінде алынған әлем туралы ғылыми білімдерді бекіту және реттеуге, дербес оқушы болуға мүмкіндік береді. Концептуалды оқыту теориясы мұғалімдердің оқыту тәсілін байытып қана қоймай, сабақтарды тиімді жоспарлауға, оқушының ойлау көкжиегін дамытуға ықпал етеді. Оқушының функционалдық сауаттылығын арттырумен бірге, танымдық қабілетін де дамытады [1,16-бет].

Концептуалды оқыту жаңартылған бағдарлама бойынша білім берудің жаңа тәсілі ретінде қарастырылады, себебі оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастырудың жаңа тиімді құралы болып табылады.

2-кесте. Дәстүрлі және концептуалды оқытудың ерекшеліктері

Дәстүрлі оқыту - тарихи білімге негізделеді: тарихи даталарды, оқиғаларды, тұлғалардың өмірбаянын мазмұндау, ақпаратты жадыда сақтау; репродуктивті оқыту барысында аз ғана уақыт ішінде көп ақпарат алу;	Концептуалды оқыту - тарихи ойлауға негізделеді: сыни ойлауға бағытталған проблемеларды шешуге және оқушыны өз бетінше зерттеу жасауға ынталандыратын, біртұтас тарихи сананы тарихи ойлау арқылы құндылықтарға баулу;
---	--

Концептуалды оқытудың артықшылықтарына келсек:

- ▶ Тарихи концептілер арқылы оқыту біліммен бірге дағдыны қалыптастыруға ықпал етеді.
- ▶ Концептілер мен ойлау дағдылары оқушыларға өткенді түсініп қана қоймай, оның себеп-салдарын талдауға, оқиғалардың өзара байланысын та-

буға, оның ықпалымен болашаққа перспективалы тұрғыдан өзіндік пайымдаулар жасауға көмектеседі.

- ▶ Тарихи концептілер мұғалімдердің оқыту үдерісін саралауына мүмкіндік береді.
- ▶ Концептілер арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушы бойына дарытуға болады.

- ▶ Әртүрлі дереккөз түрлерімен жұмыс жасау, талдау, жіктеу, жүйелеу, қорыту және тарихтағы оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді бағалау дағдыларының қалыптасуы мен дамуына септігін тигізеді. [4,51- бет].
- ▶ «Дереккөздерді қалай қолданамыз?»,- деген мәселеге қатысты, таратпа ресурстар тым күрделі берілсе, қиындық тудыруы мүмкін. Бұл оқушының пәнге деген қызығушылығын төмендетеді.
- ▶ Өзгеріс пен сабақтастықты анықтау басқа концептілерге қарағанда күрделірек, оқушылар үшін қиындық туғызатын концептілердің бірі, себебі, өзгерістерді табу, тақырыпқа байланысты аталған кезеңнің қазіргі уақытпен сабақтастығын анықтауы тиіс.

Ал концептуалды оқытудың қиындықтарына келсек:

- ▶ Концептілердің жоғары және төмен деңгейлерін оқушының дағдыларына қарай саралап, әр оқушының жекелеген қажеттіліктеріне қарай топтастыру үлкен шеберлікті қажет етеді.

3-кесте. Сыныптар бойынша концептуалды оқыту ерекшеліктері

5 сынып	мысалдар келтіре отырып, өзгерістердің орын алуына өзіндік түсіндірме беру;
6 сынып	өзгерістер екі уақыт кезеңі арасындағы айырмашылық ретінде қарастырылуы мүмкін екендігін түсіну;
7 сынып	өзгерістер екі уақыт кезеңі арасындағы айырмашылық ретінде қарастырылуы мүмкін екендігін түсіну;
8 сынып	тарихи өзгерістер ұзақ уақыт кезеңі ішінде үдеріс (ағын) ретінде (қарқындылық, деңгей мен үрдіс жағдайында) сипатталуы мүмкін екендігін түсіну; сабақтастық сипатын анықтау;
9 сынып	өзгеріс пен сабақтастықтардың бір уақытта көптеген үдерістері (ағындары) бар екенін түсіну және олардың қалыпты түрде бір-бірімен байланысын түсіну;
10 сынып	бір немесе бірнеше себептердің немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдау және бағалау; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсіну;
11 сынып	тарихи құбылыс, оқиға немесе үдерісті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіру және бағалау;

Тарихи концептілермен жұмыс жасау барысында әр сыныптың жас ерекшеліктері ескерілу керектігі де қарастырылады, мұғалім тарапынан қолдау қажет. Ол үшін берілетін тапсырма, қойылатын сұрақтар нақты, таратылатын ресурстар анық болу керек.[1,2]- бет].

Практикада қолдану

Концептуалды оқыту белсенді оқыту әдістерімен жүзеге асады. Ол әртүрлі көлемде оқытудың барлық кезеңінде іске асады. Сабақ барысында оқу ресурстарын білім алушылармен бірге пікір алмаса отырып талқылау, әр оқушы жаңа тақырыпты те-


рең танып білуге өз үлесін қосу, тиімді ақпарат алмасу арқылы жүзеге асады. Аталған үдеріс барысында оқушылардың өзара байланыс дағдылары қалыптасады, әртүрлі көзқарастарды бағалауға, ой елегінен өткізуге, пікір алмасуға қатысып, өз ойын тиянақты, нақты жеткізе алуға, тұжырым жасауға үйренеді. Сонымен қатар концептуалды оқытудың тәрбиелік маңызы өте зор, себебі оқу материалы ұлттық құндылықтарға негізделеді.

Осы тақырыпты зерттеу барысында тапсырмаларды бағалаумен тиімді ұштастыруға баса назар аудардым.

Мәселен, 8-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлт ұстазы» тақырыбы үш сағатқа берілген. Оқу мақсаты:

8.2.2.2 Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау [3,27- бет].

Алдыңғы екі сабақта «Иллюстрация әдісі», «Деректермен жұмыс» әдісі бойынша ұлт ұстазының өмір жолы, қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметі, ғылымға қосқан үлесі туралы мәтіндік дереккөздер арқылы терең білім алды. Сабақтың үшінші сағатында топтарға бөліп, «Кейс әдісі» бойынша оқушыларға 1-суреттегі фотодерекке сүйене отырып, кестені толтыруға жағдаяттық тапсырма берілді.



1-сурет. Әліппе оқулықтары
<https://tengrinews.kz/userdata/images/u333/77483a13ec517b88b6a76989304733b3.jpg>

Кейс: 4-кесте. Тапсырманы орындаңыз.

А. Байтұрсынұлы құрастырған «Әліп-би»	Қазіргі «Әліппе»
1. Айырмашылықты анықтаңыз.	
2. Ұқсастықты анықтаңыз.	
3. Өзгерісті анықтаңыз.	
4. Сабақтастықты анықтаңыз.	
5. Қорытынды жасаңыз.	

Оқушылар фотодерекке, алған білімдеріне сүйене отырып, ұлт ұстазының 1910 жылдардан бастап құрастырған 28 дыбысқа лайықталған 24 таңбадан тұратын

ұлттық әліпбиімен қазіргі қолданыстағы «Әліппе» оқулығының арасындағы айырмашылықты, ұқсастықты, өзгерістерді анықтады.

Ал сабақтастыққа келсек, ұлт ұстазы құрастырған әліпбимен бірге басқа да шығармаларының қазақ өркениетіне қосқан үлкен үлесін бүгінгі күнмен байланысты-

рып, талдау, қорытынды жасады, яғни бір тақырыптың өзінен бірнеше концептіні қамтыды.

Кейс: 5- кесте. А. Байтұрсынұлының ағартушылық қызметін талдаңыз.

Қазақ жазуы мен тіл саласына сіңірген еңбегі	Қоғамдық-саяси өмірдігі белсенділігі
1. 2.	1. 2.
Өзіндік ой-қорытынды:	

Оқушыларға 5-кестеге сәйкес А.Байтұрсынұлының еңбектері туралы ықшамдалған мәтін ұсынылды. Мәтін мазмұнын пайдалана отырып, А.Байтұрсынұлының қазақ жазуы мен тіл саласына, қоғамдық-саяси өмірге сіңірген еңбегіне 2 дәлел келтіру, өзіндік ой-қорытынды жасауға тапсырма берілді.

Кейс: 3-тапсырма. Берілген ақпараттарды пайдаланып, А. Байтұрсынұлы – «ұлт ұстазы» екендігін «ПТМС» формуласы арқылы дәлелдеуге тапсырма берілді.


- ▶ Позиция (біз солай санаймыз,...)
- ▶ Түсіндіру (...себебі...)
- ▶ Мысал (біз мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламыз...)
- ▶ Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймыз..)

Берілген тапсырмалардың критерий, дескрипторлары нақтыланды.

Бұндай жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың білімін бағалаумен қатар, тарихи деректермен жұмыс жасауға, шығармашылық ізденіс жұмысын жүргізуге және пәнге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде жыл сайын бірнеше оқушы пәндік олимпиада, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүлдегері, грант иегерлері атанды.

Осындай күнделікті қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындау арқылы оқушылар берілген тапсырманы жеке,

жұппен, топпен белсенді оқу әдісі арқылы орындауға, қиындықты бірлесіп шешуге дағдыланды, бөлім жиынтық бағалауға жақсы дайындық болды, 2-суретте оқушылардың тапсырманы орындау әрекеті көрсетілген.



2-сурет. Оқушылардың берілген тапсырмаларды орындау сәті


Өзім сабақ беретін 8«д» сыныбынан алынған бөлім бойынша жиынтық баға-

лау(БЖБ) нәтижесінде білім сапасында ілгерілеушілік байқалды.

6-кесте. «Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім және ғылым» бөлімі бойынша БЖБ жұмысының нәтижесі

Сынып	Оқушы саны	Үлгірімі			Білім сапасы
		«Қанағаттанарлық» (40-64%)	«Жақсы» (65-84%)	«Өте жақсы» (85-100%)	
8 «д»	28	7	11	10	75%

8 "д" сынып



Аталған тақырыпты тәжірибемде қолданып, зерттеп жүргеніме біршама уақыт болды. Қазақстан тарихы» және «Дүние-ежүзі тарихы» пәндері бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау», «Тарих мұғалімдерінің пәндік құзіреттілігін дамыту» біліктілік арттыру курстарынан өттім. Нәтижесінде «Жаңаша білім берудегі негізгі талаптар» атты мақалам Қызылорда облысы бойынша «Өрлеу» кәсіби даму институтының жанындағы тоқсан сайын жарық көретін «Хабаршы» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналының 2022 жылғы №4 санында жарияланды. Ал 2023 жылы «Тарих пәндерінен тарихи концептілер бойынша бағалау тапсырмалар жинағы» атты әдістемелік көмекші құралым аталған баспада сарапшылар тара-

пынан оң бағасын алып, жарық көрді. Қазіргі уақытта «Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметі» тақырыбында авторлық бағдарлама жазып, тәжірибеден өткізіп жатырмын. «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлт ұстазы» тақырыбында өткен сабағым Ютуб каналымда жүктелді.

Ұсыныстар

Концептуалды оқыту оқушылармен мұғалімнің терең ізденіс дағдыларын қалыптастыруға негізделген.

1. Кез келген әдісті теорияға сүйеніп іске асырған дұрыс. Деңгейлік курс бағдарламасының I(ілгері) деңгей мұғаліміне арналған нұсқаулықта: «Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер сұрақтың екі түрін: төмен

дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар қолданады деген түсінік бар» делінген [5,58- бет].

Сабақ барысында жоғары дәрежелі сұрақтарды тиімді қолдансақ, оқушылар материалды өз бетімен талдауға, түсінігін кеңейтуге толық мүмкіндік алады. Сабақтың бастапқы кезінде «Миға шабуыл» әдісінен бастап тақырыпқа байланысты түрткі сұрақтар, қайта бағыттау, сынақтан өткізу сұрақтары арқылы оқушылардың одан әрі шығармашылық ізденіс жұмысын жүргізуге жағдай жасаған дұрыс.

2. Концептуалды оқыту үдерісі күрделі болғанымен, оқу мен тәрбиеде ұлттық құндылықтарды дарытуда көп мүмкіндігі бар. Оқушыларға берілетін ресурстар оқушылардың кез-келген деректерді тарихи құндылық ретінде пайдалануына, білімге, ғылымға деген саналы көзқарасының қалыптасуына ықпалы зор. Сондықтан мұғалімнің әрбір сабағы тиянақты, терең дайындықты талап етеді

3. Орта мектеп мұғалімдері мен университеттердің әдіскер ғалымдары бірлесе отырып, орта білім беру ұйымдарында әдістеменің қазіргі өзекті мәселелерін шешудің көмекші құралы ретінде жүйелі, бірізділікке негізделген әдістемелік нұсқаулық әзірлеуді ұсынамыз.

Қорытынды

Қазақстан тарихын жаңаша оқыту оны дүниежүзілік тарихпен, Евразиялық контингент тарихымен, көшпелілер өркениетімен, түркі халықтарының тарихымен және Орталық Азия елдері тарихымен байланыстыра қарастыру деген сөз.

Тарихи концептілерді қолдану оқушылардың тарихқа көзқарасын өзгертті. Әрине, оқушыларды дағдыландыру уақытты талап етеді. Дегенмен, ұсынылып отырған жұмыстың бір-бірімен логикалық байланыста екендігін ескеруіміз керек. Бір концепті арқылы жұмыс келесі концептіге жол ашады. Әр концепті жеке-жеке қарастырылғанымен, бір-бірімен тығыз байланысқан, бірін-бірі толықтыратын, оқушылардың тарихи ойлауын қалыптастыруға

мүмкіндік беретін өте тиімді құрал болып табылады.

Мақалада біршама оқыту әдістерін тәжірибемізге сүйеніп талдадық. Бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін ашуға және оқушылар арасында диалогтық қарым-қатынастың орнауына жағдай жасайды [6,60-62]. Концептуалды оқытудың тиімділігі – аталған пәннің мектептердегі маңыздылығы мен оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады әрі қоғамдық өмір аясын заң тұрғысында реттеу жолдарын түсініп, тарихи оқиғаларға, тарихи кезеңдерге объективті түрде талдау жасай отырып, тарихи санасының қалыптасуына оң ықпал етеді. Азаматтардың ұлтжанды, саяси сауатты болып қалыптасуына оң ықпал етері сөзсіз.

Қолданылған деректер тізімі

1. Концептуалды білім беру арқылы оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру/Формирование навыков исторического мышления через концептуальное обучение/Б.К. Дильманов, А.З. Зейнулла, Н.А.Кенбаева, С.Уайсова, Г.Ж.Тұтқышбаева- әдістемелік құрал - Астана «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018 жыл. -90 бет.
2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.
3. Орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. -176 б. <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3>.
4. Иргалиев С.С. Актуальные вопросы внедрения идеи концептуального обучения на уроках истории.// Молодой ученый.-2017.-№13- С. 494-497.- URL <https://moluch.ru/archive/147/41304> (дата обращения: 28.02.2018)
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші(ілгері) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013жыл, 23-бет.
6. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. Б. 60-62 бет.

● ЭФФЕКТИВНОСТЬ КОНЦЕПТУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ У ОБУЧАЮЩИХСЯ НАВЫКОВ ИСТОРИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

Жумабекова Л.Ж.

КГУ «Средняя школа №163» отдела образования по Жанакорганскому району управления образования Кызылординской области

Аннотация. В этой статье автор рассматривает значение навыков исторического мышления в формировании исторического сознания школьников, особенности и методы концептуального обучения. Анализирует новый взгляд, мировой опыт, теоретические ссылки по преподаванию истории в соответствии с обновленной программой обучения. Наряду с формированием навыков исторического мышления обсуждаются трудности связанные с применением исторических концепций. На сегодняшний день в качестве эффективных приемов для решения проблем предлагаются основные цели, идеи, эффективные приемы, образцы заданий концептуального обучения. Если в процессе каждодневного обучения применять различные интерактивные методы обучения, то это будет способствовать развитию исторического сознания и активности учеников. В связи с чем автор, опираясь на свой педагогический опыт, показывает, что практическое применение современных интерактивных методов обучения имеет огромное значение в преподавании истории как предмета обучения.

Ключевые слова: историческое сознание, содержание обновленного образования, исторические концепции, концептуальное обучение, методы обучения

● EFFECTIVENESS OF CONCEPTUAL TEACHING IN FORMING STUDENTS' HISTORICAL THINKING SKILLS

Zhumabekova L.Zh.

KSU «Secondary school No.163» of the Department of Education for the Zhanakorgan district of the Department of Education of the Kyzylorda region

Abstract. In this article, the author considers the importance of historical thinking skills in the formation of students' historical consciousness, features and methods of conceptual teaching. A new approach to teaching history, world experience, and theoretical references are analyzed in accordance with the updated educational content.

Along with considering the problems of formation of historical thinking skills of students in the subject of history, it also discusses the problems related to the difficulties in using historical concepts. Currently, as an effective way to solve this problem, it presents the main purpose, idea, effectiveness of conceptual training, and examples of tasks.

If we effectively use various interactive methods of teaching based on historical concepts in the daily learning process, this will positively contribute to increasing students' activity and historical consciousness. At the same time, the author, based on his pedagogical experience, reveals the practical importance of using modern interactive methods in teaching history.

Key words: historical mind, updated educational content, historical concepts, conceptual learning, methods.

FTAMP 14.25.09

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ ӨТШТ (ТРИЗ) ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Закарьянова А.К.

ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№24 орта мектебі» КММ

Аңдатпа. Бұл мақалада орыс мектебіндегі қазақ тілі сабағында оқушыларға қазақ тілін меңгертуде «ӨТШТ» (ТРИЗ) технологиясы арқылы сөйлеу дағдысын қалыптастыру жолдары қарастырылады. Мақалада оқушылардың өзге тілді үйренуде сюжетті сурет арқылы сөздік қорын молайта отырып, әңгіме құрастыру деңгейіне қалай жетуге болатындығы көрсетілген.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, «ӨТШТ» технологиясы, сөйлеу дағдысы, әдіс, сюжеттік сурет.

Кіріспе

Тіл - ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Мемлекеттік тіліміз Отанымыздың қатынас құралы болып дамып, басқа ұлт өкілдері қазақ тілінде еркін тілдесе алатын деңгейге жетуі көптеген мұғалімдердің арманы. Тіліміздің мәртебесін көтеріп, қолдану аясын кеңейту қазақ тілі мамандарының басты мәселесі болып табылады, сондықтан мұғалімге көптеген міндеттер жүктелуімен қатар шешімі қиын сұрақтарды туғызады. Осындай күрделі міндетті ойдағыдай орындау үшін мұғалімдерге ең алдымен талапқа сай оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, тиімді әдіс-тәсілдер мен ұтымды ойлар қажет.

Өзге ұлтты оқытуда қазақ тілі пәнінің мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге, және сауатты жазуға

үйрету [1]. Оқушы дұрыс сөйлеп, сауатты жазу үшін, ең алдымен, қазақ тілінің заңдылықтарын үйреніп, айтылмақ ойды ауызша да жазбаша түрде дәл әрі айқын етіп жеткізе білу талабы қойылады. Осыған орай тіл меңгертуде оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге үйрету мәселесі өзекті болып табылады.

Мемлекеттік тілді үйрету бастауыш сыныптан басталатындықтан оқушының білімге деген ішкі уәжін жоғалпай қызығушылығын арттыра отырып меңгертетін әдістердің бірі – «ӨТШТ» технологиясы.

«ӨТШТ» дегеніміз, орыс тілінде - «ТРИЗ», яғни «теория решения изобретательских задач», «өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы» дегенді білдіреді. Бұл технологияны ойлап тапқан Баку қаласының фантаст-жазушысы - Альтшуллер Генрих Саулұлы. Оның пікірінше, әр адамды шығармашылыққа баулу арқылы дамытуға болады екен.

«ӨТШТ» технологиясы біздің мемлекетімізге 80 жылдары педагогикалық бағыт ретінде және ғылыми әдіс ретінде қалыптаса бастады. Бұл технология шығармашылық тапсырмаларға негізделіп ойластырылады, сондықтан тапсырмаларды орындау адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі болып табылады. Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Тапсырманы дұрыс орындау үшін бала дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. «ӨТШТ» технологиясы арқылы оқушы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермей, оның сенімділігін нығайтып, қиындықсыз сөйлеге көмектеседі.

Әдістеме

Мектепте тілді меңгертудің басты міндеттерінің бірі – балалардың ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Бұл ретте өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде бір сарынды оқытудың алдын алып, оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттырып, сөйлеу тілін дамытуға үлкен септігін тигізетін «ӨТШТ» технологиясы көмекке келеді.

«ӨТШТ» технологиясының мақсаты: баланың сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамытып, өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ▶ Бала мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру;
- ▶ Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын молайту;
- ▶ Балалардың көркемдік шығармашылығын дамыта отыра әр баланың психологиялық ерекшеліктерін танып білу.

Сабақ барысында оқушылары құр айтқаннан гөрі көрнекілік материалдар арқылы оқытуды жақсы меңгереді, сондықтан сюжетті суретті әңгімелеуді үйрету технологиясын қолдану балаларға көрген ақпаратты тиімді қабылдау мен өңдеу-

ге, сондай-ақ оны сақтау мен жаңғыртуға мүмкіндік береді. Т.А.Сидорчук пен С.В.Лелюх «Составление детьми творческих рассказов по сюжетной картине» жинағында балаға кез келген сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыруға мүмкіндік беретін қарапайым, әрі қолжетімді әдісін ұсынады [8].

Бұл әдістің жаңашылдығы оқушылардың жаңа сөздерді механикалық түрде есте сақтау арқылы емес, керісінше, оларды түрлі грамматикалық нысандар мен байланыстарда қолдану процесінде меңгеруінде болып табылады.

Қазақ тілін үйретуде шығармашылық әңгіме құрастыруды бірнеше кезеңмен үйретуге болады.

- ▶ 1-ші кезең. Сюжетті суреттегі объектілерді анықтау.
- ▶ 2-ші кезең. Сюжетті суреттер арасындағы байланысты табу.
- ▶ 3-ші кезең. Салыстыру, ассоциациялар, жұмбақтар мен метафоралар құрастыру.
- ▶ 4-ші кезең. Түрлі сезім мүшелері арқылы ықтимал сезімдерді елестету.
- ▶ 5-ші кезең. Сюжетті сурет мазмұнының желісі бойынша өз қиялын пайдаланып, ұйқастырылған мәтіндер құрастыру.
- ▶ 6-шы кезең. Сюжетті суреттегі объектінің орналасқан жерін анықтау.
- ▶ 7-ші кезең. Түрлі көзқарасты қолдану арқылы тілдік бейнелеулерді құрастыру.
- ▶ 8-ші кезең. Уақыт бойынша өзгеретін объектілерді сипаттау.
- ▶ 9-шы кезең. Сюжетті суреттің мағыналық сипаттамасын табу.

«ӨТШТ» технологиясын нақты іске асыру үшін жас ерекшелігіне сай, балаға қызықты болатындай сюжетті сурет ұсынылуы керек. Сол кезде ғана оқушының ынтасы артып, суретті оқуға, сипаттауға тырысады, қарама-қайшылықтарын түсініп, түйткілдерін шешуге үйренеді.

«ӨТШТ» технологиясы бойынша мұғалім төрт деңгейден өту арқылы мақсатқа жетеді:

1. Мәселе қою, мақсаттың нақтылығын анықтау;
2. Қарама-қайшылықтарды анықтау;
3. Қарама-қайшылықтарды шешу;
4. Қарама-қайшылықтарды шешу үшін баланың алдына амалдарды ұсыну.

«ӨТШТ» технологиясын тәжірибеде қолдану жолына мысал ретінде «Жыл мезгілі» тақыбырына байланысты «Қыс» сюжетті суретін мысалға ала отырып қарастырайық. Сутетті сыныпқа алдын ала әкеліп қоюға, немесе АКТ қолдану арқылы интерактивтік тақта көмегімен көрсетуге болады.

1-ші кезең. «Бөлу сиқыршысы» ойыны. Топтық жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың зейінін ояту.

Оқушылар суретте бейнеленген объектілерді анықтауды үйренеді және оларды сызба түрінде бейнелейді.

Мұғалім: - Балалар, бізге қонаққа сурет келді. Сендер қандай объектілерді көріп тұрсындар? (Қыздар, шана, аққала және т. б.) Бұл кезеңде балалар суреттегі объектілерді белгілеуді, олардың қазақ тіліндегі атауын дұрыс атауы үшін қажет. Оқушылар объектілерді қазақша атайды, оны схема түрінде сызады.

Бұл кезеңді ұйымдастыру үшін «Аукцион», «Нақты ақпаратты аңду», «Кім мұқият» және т. б. стратегияларын қолдануға болады.

Мұғалім: - Шолу түтігін қызыл заттарды ғана көреді деп елестетіп көріңіз. Суретте қызыл түсті қандай зат бар? Суретте не қозғалады?

2-ші кезең. «Біріктіру сиқыршысы» ойыны. Балалар суреттегі екі объектіні белгілейді және олардың неліктен өзара байланысты екенін түсіндіріп, араларындағы байланысты табу керек.

Мақсаты: объектілерді не біріктіретінін көрсету, түсіндіру.

Мұғалім: - Балалар, «Тыңшылар» ойынын ойнайық және суреттің құпиясын ашайық. Нағыз тыңшы ретінде біз байланыстарды анықтайық.

Оқушылар: - Шана сырғанақпен байланысты, себебі сырғанақта шанамен сырғанайды.

Осылайша «Миға шабуыл» арқылы тілді белсендендіру бойынша жұмыс жүреді, балалар толық сөйлемдер құрастырып үйренеді.

3-ші кезең. «Ұйқастыр» ойыны. Оқушылар сюжетті сурет бойынша жұмбақ немесе метафора құрастырады.

Мақсаты: ойлау қабілетін, фантазиясын дамыту.

Балалар сурет бойынша жұмбақ құрастыруды үйренуі үшін оларға объект таңдауға және олардың белгілерін атауға кеңес беріледі.

Мұғалім: - Балалар, аққала неге ұқсайды, оны жұмбақтап айтып көрейік?

Балалар: - Басы мен қолы бар, бірақ адам емес.

Бұл кезеңде балалар схемалық суретпен жұмыс істеуді, объектінің белгілерін сипаттау мен анықтауды үйренеді.

4-ші кезең. «Сезім» ойыны. Бұл кезеңде балалар сезімнің көмегімен тілдік сипаттамалар құрастырады.

Мақсаты: байланыстыра сөйлеу дағдысын дамыту, оқушы қиялын шыңдау.

Мұғалім: - Суретке қараңдар, оған еніңдер. Суреттен қандай дыбыс шығуы мүмкін?

Оқушы: - Мен ақ қарға қараймын, одан сықырлдаған дыбыс шығады.

- Мен қыз балаға қараймын. Оның беті тоңып кеткен.

Мұғалім: - Сендер қандай дыбыс естідіңдер?

Оқушы: - Мен желдің дыбысын, балалардың айқайлаған дауысын естідім.

Мұғалім: - Қолдарыңды беттеріңе тигізгенде нені сезінесіңдер?

Оқушы: - Бетімнің тоңғанын сездім.

Қардың суық екенін сездім.

6-ші кезең. Оқушылар объектінің қайда, қалай орналасқанын анықтайды және оны екі өлшемді және үш өлшемді кеңістікке бағдарлану арқылы сипаттайды. Объектіге «жан бітеді» және сахнадан өз орнын «табады». Оқушының міндеті – объектіні сюжетті суреттегі орны бойынша сипаттау, содан кейін оны сахнадан көрсету.

Мақсаты: тілдік дағдыларын пайдаланып, қойылым қою.

Біртіндеп картинаның сахнадағы композициялық үлгісі құрылады. Бала сахнадан өзінің орналасқан жері бойынша сипаттама әңгіме құрастырады.

Оқушы: Мен – шанамын. Саня мені тауға сүйреп келеді. Балалар маған қызығып қарап тұр. Менің оң жағымда Аня өз шанасына отырып сырғанап барады.

«ӨТШТ» технологиясын осылайша дамытып қолдануға болады, ол мұғалім шығармашылығына тікелей байланысты.

Практикада қолдану

Апробация және енгізу. «ӨТШТ» технологиясы 2023 жылдың 1 тоқсанынан бастап ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№24 орта мектебі» КММ базасында 4-сынып оқушылары арасында тәжірибелік сынаққа еніп, «ӨТШТ» технологиясы апробациядан өткізілді.

Күтілетін нәтижелер:

- ▶ оқушының сөйлеу дағдысы қалыптасады;
- ▶ сөздегі дыбыстарды анық айта білуге үйренеді;
- ▶ сөздік қорлары молаяды;
- ▶ байланыстырып сөйлей білуге дағыланады;

- ▶ мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Енді апробацияның қалай жүзеге асқанына тоқталайық. «ӨТШТ» технологиясын оқу-тәрбие үрдісіне енгізбес бұрын әдістеме бірлестігінде бұл технологияның шығу тарихы туралы, қарастыратын мәселелері, қойылған мақсаты мен шешетін міндеттері туралы шеберлік сыныбын өткізіп, мұғалімдерді технологиямен таныстырдым.


«ӨТШТ» технологиясын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында жұмыстың 4 кезеңі анықталды:

- ▶ Бастапқы диагностика;
- ▶ Практикалық кезең;
- ▶ Қателіктер бойынша жұмыс және рефлексия;
- ▶ Қорытынды диагностика.


Сонымен қатар эксперименттік 4 «А» сыныбы және бақылау сыныбы ретінде 4 «Б» сыныбы таңдалып алынды. Зерттеуде білім деңгейі бойынша сөйлеу дағдысының әр тоқсан бойынша диагностикасы жүргізілді (Сурет №1).

Эксперимент мониторингісіне қарап отырсақ, 1 тоқсанда екі сыныптың да сөйлеу дағдысы бір деңгейде болды, 2 тоқсаннан бастап эксперименттік сыныптың сөйлеу дағдысының қалыптаса бастағаны байқалады, ал 4 тоқсанда 4 «А» сыныбының көрсеткіші 4 «Б» сыныбына қарағанда 17%-ға жоғары екендігін көрсетті (Сурет №1). Бұл өз кезегінде «ӨТШТ» технологиясының оқушының сөйлеу дағдысын дамытуда тиімді екенін көрсетеді.

Келесі ретте 4 «А» және 4 «Б» оқушыларының «Жыл мезгілі» тақырыбы бойынша «ӨТШТ» технологиясын қолдану арқылы тіл меңгеру параметрлері алынып зерттелді, оқушылар сюжетті картинадағы сөздерді атай алу, объектілерді салыстыра алу, оларды сипаттай алу, ерекшеліктерін анықтап айта алу қабілеттері тексерілді (Сурет №2).



Сурет №2. Сюжетті суретті ағімелеу параметрлерінің қорығындызсы




Диаграммада байқалғандай 4 «А» эксперимент сыныбының оқушылары барлық деңгейде жақсы көрсеткішке қол жеткізді. Мұндағы сандар көрсетілген қабілетті меңгерген оқушы санын білдіреді (Сурет №2).

Оқу жетістіктерін талдаудан басқа, оқушылардан «Сендерге сюжетті суретпен жұмыс жасаған ұнай ма?» деген сұраққа жауап беруі сұралып, сауалнама жүргізілді (Сурет №3). Сауалнамаға технология енгізілген 4 «А» оқушылары қатысты. Көріп отырғанымыздай, оқушылардың 88%-ы қазақ тілі сабақтарында сюжетті суретпен жұмыс жасаған «ұнайды» деп жауап берген, 12%-ы ғана «ұнамайды» деп көрсеткен.

Бұл сандық деректер «ӨТШТ» технологиясының жалпы статистикалық маңызын анықтайды. Сонымен қатар, сапалы кері байланыстың болуын, мотивацияның жоғарылауын, ұғымдарды тереңірек

Сурет №3. «Сендерге сюжетті суретпен жұмыс жасаған ұнай ма?» сауалнамасының нәтижесі



түсінуді және оң өзгерісті анықтады. Бұл нәтижелер тек «ӨТШТ» технологияның оқушы көңіл күйінің оң әсерін ғана раста-

майды, ол сыныптағы жағымды оқу ортасын құру, оқушының ішкі және сыртқы уәжін арттыруға, сондай-ақ ерекше қабілеті бар оқушылардың әлеуетін көтеруге ықпал етеді.

«ӨТШТ» технологиясы мұғалімнен нақты әдістемелік ұсыныстары бар сабақ құрылымдары мен ұжымдық, топтық ойынды құрастыруды талап етеді, сондықтан бұл әдісті қолдану үшін мұғалімнің бойында шығармашылық қасиет пен біліктілігі жоғары деңгейде болуы қажет. Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті - педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермеуі керек, сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге тәрбиелеуі тиіс, сонда ғана білім сапалы болмақ.

Ұсыныстар

Жоғарыдағы мысал ретінде сипатталған жұмыстың нәтижесінде оқушылар:

- ▶ объектілерді түрлі белгілері бойынша салыстыруды;
- ▶ түрлі үлгілерді қолдану арқылы объектілердің белгілері бойынша жұмбақ құрастыруды;
- ▶ объектілер арасында кез келген деңгейде байланыс орнатуды;
- ▶ осы байланысты бағалау тұрғысынан түсіндіруді, яғни талқылауды;
- ▶ физикалық байланыс деңгейінде объектілердің қарым-қатынасын түсіндіруді;
- ▶ картина жазықтығына бағдарлануды, бағдарлау сипаттамаларының негізінде объектіні табуды;
- ▶ жазықтық сипатына ие бағдарларды көлемдіге ауыстыруды, яғни «суретке жан бітіруді»;
- ▶ объектінің бейнесін өзіне қабылдауды және жанды суреттегі орнын сипаттауды үйренеді.

Мұғалім балалардың сөйлеу дағдысын дамытуда осы технология бойынша жүйелі жұмыс жасағанда ғана сапалы нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан оқытушы

ізденімпаз, байқағыш, шығармашыл, креативті болуы керек. «ӨТШТ» технологиясын оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту үшін бастауыш буын сыныптарында ғана емес, сюжетті суреттің күрделілігіне орай орта және жоғары буында да тиімді құрастырып өткізуге болады.

Қорытынды

«ӨТШТ» технологиясы – оқушыларға өз пікірлерін айтуға, оны дәлелдеуге, балаларды басқа оқушыны тыңдай білуге, сыныптасына баға беруге, шешілмеген мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге өз пайдасын тигізеді. Бағдарламаға сай өтілетін тақырып аясында сюжетті суреттер бойынша құрастырылған тапсырмалар арқылы білім алушылардың теориялық білімдері тереңдей түседі, сөздерді дұрыс айтуға, қисынды байланыстырып сөйлеуге, есте сақтауын дамытуға, сауатты сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Ең бастысы, бала тіл меңгеруде жалығып кетпейді, бір кезеңнен екінші кезеңге өтуі арқылы олардың қызығушылығы артады. Мұғалім оқушыға берілген тапсырмаларды орындату арқылы еркін қиялдауға, шығармашылықпен айналысуға кедергі келтіретін психологиялық селқостықты жоюға ықпал жасайды. Балада танымдық қызығушылық пайда болады, олардың оқу іс-әрекеттерге белсенділігі артып, білімінің сапалы болуына, басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі байқалады.

Қорыта айтқанда, «ӨТШТ» технологиясы арқылы оқушылардың білім, білік, дағдыларын өмірмен байланыста отырып ойын жүйелі жеткізе білу дағдыларын жетілдіру - оқушылардың қазақ тілін жеткілікті деңгейде меңгертуге қол жеткізудің бірден-бір тиімді тәсілі.

Қолданылған деректер тізімі

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 107 б.
2. **Альтшуллер Г.С.** Краски для фантазии. Прелюдия к теории развития творческого воображения. - Петрозаводск, 1991.

3. **Дьяченко О.М.** «Воображение дошкольника». - М., 1986.
4. **Заика Е.В.** «Комплекс игр для развития воображения». Вopr.психологии. М. - 1993. №2.
5. Қазақстан республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы: РОНД, 2002. –360 б.
6. **Мурашкова И.Н.** «Игры для занятий ТРИЗ с детьми младшего возраста» // «Педагогика + ТРИЗ». Гомель, 1997.
7. **Сидорчук Т.А., Лелюх С.В.** Составление детьми творческих рассказов по сюжетной картине (Технология ТРИЗ): Методическое пособие для воспитателей детских садов и родителей // Издательство: АРКТИ, 2019.

● **ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ С ПОМОЩЬЮ ТЕХНОЛОГИИ ТРИЗ В ОВЛАДЕНИИ КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ**

Закарьянова А.К.

КГУ «Средняя школа №24» отдела образования
по городу Усть-Каменогорску управления образования ВКО

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути формирования речевых навыков учащихся на уроках казахского языка в русской школе с помощью технологии «ТРИЗ» при овладении казахским языком. В статье показано, как учащиеся могут достичь уровня конструирования рассказа, увеличив словарный запас через сюжетную картинку при изучении другого языка.

Ключевые слова: технология ПТС, речевые навыки, метод, творчество, сюжетные сюжеты.

● **FORMATION OF STUDENTS' SPEECH SKILLS USING TRIZ TECHNOLOGY IN MASTERING THE KAZAKH LANGUAGE**

Zakaryanova A.K.

KSU «Secondary school №24»
Department of Education for the city of Ust-Kamenogorsk
of the Department of Education of East Kazakhstan region

Abstract. This article discusses the ways of forming students' speech skills in Kazakh language lessons in Russian schools using «TRIZ» technology when mastering the Kazakh language. The article shows how students can achieve the level of story construction by increasing their vocabulary through a story picture when learning another language.

Keywords: PTS technology, speech skills, method, creativity, plot plots.

МРНТИ 14.33.09

● ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ («УЧЁТ И АУДИТ») ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ WORLDSKILLS

Контрбаева Ж.Д.

КГКП «Костанайский политехнический высший колледж»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Костанай

Аңдатпа. Мақала бірінші сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға арналған. Зерттеу барысында бірінші сынып оқушыларының оқу-тәрбие процесінде танымдық белсенділігін дамыту арқылы бейімделуі мен қарым-қатынасының қалыптасу деңгейлері анықталды. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін толыққанды жағдай жасау үшін ата-аналар мен психологиялық қызмет мамандарын тарта отырып, бірінші сынып оқушыларымен апробациялық жұмыс жүргізілді. Мақала материалдары бастауыш сынып мұғалімдеріне, педагог-психологтарға, әдіскерлерге, сондай-ақ оқытудың педагогикалық бағыттарының студенттеріне пайдалы болады.

Түйінді сөздер: танымдық белсенділік, бастауыш сынып оқушылары, бейімделу, танымдық сала.

● PSYCHOLOGICAL ADAPTATION OF FIRST GRADE STUDENTS

Sakenova A.K.

«Gymnasium school No.75» of the akimat of Astana city

Abstract. The article is devoted to the organization of psychological and pedagogical work aimed at the formation of cognitive activity in first grade students. The study revealed the levels of formation of adaptation and communication of first grade students through the development of their cognitive activity in the educational process. In order to create full-fledged conditions conducive to the development of cognitive activity of younger schoolchildren, approbation work was carried out with first-grade students with the involvement of parents and psychological service specialists. The materials of the article will be useful for primary school teachers, educational psychologists, methodologists, as well as students of pedagogical training areas.

Keywords: cognitive activity, primary school children, adaptation, cognitive sphere.



МРНТИ 14.29.09

● ПРИМЕНЕНИЕ ПЕСОЧНОЙ ТЕРАПИИ В РАБОТЕ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С РАС

Амренова Н.Т.

КГУ «Специальная школа-интернат №1» акимата города Астаны

Сагадатов А.Х.

КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции № 2» акимата города Астаны

Аннотация. Эта статья рассматривает эффективность песочной терапии в работе с младшими школьниками, особенно с теми, у кого диагностированы расстройства аутистического спектра. Песочная терапия, основанная на игре и творчестве, предоставляет детям возможность выражать свои эмоции и переживания в невербальной форме, способствуя развитию их коммуникативных навыков, социализации и самовыражению. В статье рассматриваются преимущества и недостатки данного метода, а также его практическое применение в условиях образовательной среды. Результаты исследований и практический опыт подтверждают эффективность песочной терапии, что делает ее значимым инструментом в современной педагогической практике.

Ключевые слова: младшие школьники, эмоциональная сфера, песочная терапия, коррекция, эмоциональный фон.

Введение

В современной образовательной системе наметилась тенденция к всесторон-

нему развитию ребенка, охватывающему не только интеллектуальную, но и эмоциональную сферу. Тем не менее, эмо-

циональному развитию часто уделяется недостаточное внимание, что приводит к дисбалансу в формировании личности ребенка. В связи с этим особое значение приобретает использование нестандартных подходов и инновационных методов в работе с детьми. Одним из таких прогрессивных методов является песочная терапия, относящаяся к арт-терапии, которая доказала свою эффективность в развитии положительных эмоций у младших школьников и способствует их гармоничному эмоциональному становлению.

Традиционно основная форма работы психологов с детьми – вербальная коммуникация, однако нередко она оказывается неэффективной, поскольку многие дети испытывают затруднения в вербальном выражении своих переживаний. В таких случаях песочная терапия выступает как продуктивная техника коррекционно-развивающего процесса. Песочная терапия в работе с младшими школьниками представляет собой увлекательный и естественный способ развития эмоциональной сферы, основанный на использовании песка и различных миниатюрных фигурок.

Актуальность статьи обусловлена согласно Постановлению Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249, в рамках утвержденной Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования на 2023 – 2029 годы, особое внимание уделяется доступности среднего образования для детей с особыми образовательными потребностями. В организациях среднего образования планируется создание инклюзивной образовательной среды, которая включает физическую безбарьерную благоприятную среду, а также методические, кадровые и другие ресурсы, обеспечивающие качественное и доступное образование для всех детей, включая тех, кто имеет расстройства аутистического спектра (РАС) [1].

Исследования показывают, что песочная терапия, в частности игра с песком, может быть ценным инструментом для развития коммуникативных навыков у младших школьников с расстройствами аутисти-

ческого спектра (РАС). Луки Лу (Lucy Lu) обнаружил, что занятия по песочной игре привели к увеличению вербального выражения, социального взаимодействия и символической игры у детей с аутизмом [2]. Аналогичным образом паркер (Parker) подчеркивает потенциал игры с песком в работе с детьми с аутизмом, у которых ограничены социальные навыки и коммуникативные способности [3]. Махадиева А. К. также подчеркнула преимущества песочной терапии в развитии теории мышления, самостоятельности и креативности у детей с аутизмом [4]. Эти исследования в совокупности подчеркивают потенциал песочной терапии в развитии коммуникативных навыков у младших школьников с расстройствами аутистического спектра.

Методика

Песочная терапия – одно из направлений немедицинской психотерапии, возникший в рамках аналитической психологии. Это способ общения с миром и самим собой, способ снятия внутреннего напряжения, воплощения его на бессознательно-символическом уровне, что повышает уверенность в себе и открывает новые пути развития [5].

Песочная терапия дает возможность прикоснуться к глубинному, подлинному Я, восстановить свою психическую целостность, собрать свой уникальный образ, картину мира.

Автор метода песочной терапии, швейцарский аналитик Дора Кальфф, считает что «картина на песке может быть понята как трехмерное изображение какого-либо аспекта душевного состояния. Неосознанная проблема разыгрывается в песочнице, подобно драме, конфликт переносится из внутреннего мира во внешний и делается зримым».

Основная цель песочной терапии – достижение клиентом эффекта самоисцеления посредством спонтанного творческого выражения.

Основная задача песочной терапии – соприкосновение с вытесненным и пода-

вленным материалом личного бессознательного, его включение в сознание [6].

Песочная терапия имеет ряд преимуществ в работе с младшими школьниками. Во-первых, она характеризуется естественностью и доступностью, так как основана на природном для детей желании играть с песком, что делает ее привлекательной и увлекательной формой работы. Во-вторых, она способствует сенсорному развитию: работа с песком и фигурками развивает мелкую моторику, координацию и сенсорные функции, что благотворно сказывается на общем развитии ребенка. В-третьих, песок выступает как проективная среда, позволяющая ребенку выражать свои переживания и эмоции в безопасном и невербальном формате, что способствует эмоциональному самовыражению. В-четвертых, работа с песочным миром способствует развитию самопознания и саморегуляции, что помогает детям лучше понимать и контролировать свои эмоции. В-пятых, создание песочных картин и сюжетов развивает воображение, креативность и фантазию детей.

Можно использовать как сухой, так и влажный песок. Для увлажнения песка используется пульверизатор с водой. Песок можно приобрести в зоомагазинах или специализированных магазинах, предлагающих материалы для творчества. Песочницу следует заполнить на две трети, что потребует 5–6 килограммов песка.

Песочница представляет собой деревянный ящик из хвойных пород дерева, размером 70 см в длину, 50 см в ширину и глубиной 8–10 см [7].

Для песочной терапии используются фигурки людей, животных, птиц и сказочных персонажей. Фигурки должны быть сделаны из различных материалов: дерева, глины, пластмассы и металла. Коллекция должна включать как большие, так и маленькие объекты, красочные и бесцветные, красивые и уродливые. Не рекомендуется использовать крошечные фигурки для занятий с маленькими детьми. Можно приобрести как отдельные фигурки, так и

целые тематические наборы. Полезно использовать также природные материалы, такие как ракушки, веточки и камни. Все фигурки для песочной терапии должны быть доступны детям во время занятий. Фигурки можно хранить по-разному: на полках по группам или темам, либо вперемешку.

Примерная инструкция для клиента перед началом работы с песком: «Представьте, что вы мудрец, путешествующий по миру в поисках места, где ещё не ступала нога человека, чтобы создать там новый мир».

Для тревожных и нормативных клиентов: «Вы можете создать этот мир, следуя вашей мудрости».

Для детей: «В этом мире будет все, что нужно. Там могут быть люди, дома, леса, животные — всё, чтобы люди могли жить хорошо».

Для клиентов со сниженным контролем: «В мире будут свои законы и правила, которые помогут ему быть гармоничным».

Практическое применение

Нами в КГУ специальная школа-интернат №1 акимата города Астаны в период с сентября 2023 года – по февраль 2024 года были проведены психолого-педагогические коррекционные занятия с целью изучения формирования коммуникативных навыков и сенсорных предпочтений у младших школьников с расстройствами аутистического спектра.

Каждое занятие состоит из трех основных этапов:

1. Вводный этап. На этом этапе психолог устанавливает контакт с ребенком, объясняет правила работы и знакомит его с сенсорным материалом. Например, можно попросить ребенка «поздороваться» и «попрощаться» с песком, дотронувшись до него (варианты: коснуться всей ладонью – внутренней, затем тыльной стороной; пальцами одной руки, затем пальцами другой руки, потом всеми пальцами одновременно; сжать кулачки с песком, затем медленно высыпать его в песочницу).

2. Основной этап. Ребенок создает свой песочный мир, используя песок и фигурки. Психолог сопровождает процесс, на-

блюдая за действиями ребенка и поддерживая его.

Игра «Рыбалка»
(кинетический песок)



Игра «Моя семья»
(кварцевый песок)

3. Завершающий этап. Ребенок делится своими впечатлениями от песочной игры, обсуждает с психологом созданный им мир и интерпретирует его значение.

Использование песочной терапии позволяет преодолеть коммуникативные барьеры у детей с расстройствами аутистического спектра, обусловленные наличием определенных языковых проблем, социальных навыков и поведения.

Целью занятия являлось формирование коммуникативных навыков во время совместных занятий творческой и игровой деятельностью.

Задачи занятия: стимулировать речевую активность ребенка (в том числе звукоподражательную), научить его взаимодействовать во время игры, моделировать жизненные ситуации из стереотипных сенсорных игр.

Песочная терапия применялась в различных формах:

- ▶ Индивидуально: сеанс проводится с одним ребенком.
- ▶ В группе: в сеансе участвуют несколько детей, что способствует развитию

социальных навыков и взаимодействия в коллективе.

- ▶ Комбинированно: сочетает элементы индивидуальной и групповой терапии, что позволяет учитывать индивидуальные особенности каждого ребенка и создавать оптимальные условия для его эмоционального развития

Использовался легкий песочный столик, занятия проходили в игровой форме с элементами, которые заинтересовали ребенка: трактор, кукольный набор «семья». Развитие игры осуществлялось с помощью взрослых, от простых операций с песком до осмысленной игры. Постепенно вводился сюжет, обозначенный комментариями взрослых. Постоянное поддержание интереса ребенка к занятиям и расширение взаимодействия позволили предотвратить появление стереотипных игр с песком.

По результатам работы шести месяцев было замечено что в коммуникативном развитии детей произошли качественные и количественные изменения.

У тех детей которые занимались по программе песочной терапией наблюдалась



Игра «Мир ДИНО»
(интерактивная
песочница проектор)

положительная динамика во взаимодействии, как в условиях школьной организации, так и дома. Родители отметили улучшение поведения ребенка, появление новых навыков общения.

Для оценки использовалась балльная система.

Уровни развития коммуникативных умений, навыков:

Низкий уровень: умение выражать просьбы/требования, отказ, согласие, реагировать на свое имя, отвечать на приветствия и простые вопросы, привлекать внимание.

Средний уровень: умения называть различные предметы, людей (по имени), описывать действия и местонахождение предметов; отвечать и задавать простые вопросы, адекватно выражать собственные эмоции.

Высокий уровень: умение описывать свойства, прошедшие и будущие события, умение задавать вопросы, связанные с понятием времени; умения сообщать о собственных эмоциях и чувствах; формирование социального поведения.

Опросник был разработан в соответствии с рекомендациями А.В.Хаустова. (А.В.Хаустов. Формирование навыков речевой коммуникации у детей с расстройствами аутистического спектра, 2010г.).

№		Сентябрь,%	Февраль, %
1	Формирование умений выражать просьбы / требования	13	14
2	Формирование социальной ответной реакции	12	16
3	Формирование умений называть, комментировать и описывать предметы, людей, действия, события	15	20
4	Формирование умений привлекать внимание и задавать вопросы	12	15
5	Формирование умений выражать эмоции, чувства; сообщать о них	11	12
6	Формирование социального поведения	13	15
7	Формирование диалоговых навыков	9	11

Сравнительная диаграмма

**Рекомендации**

Работая с данной методикой, можно отметить положительные и отрицательные стороны терапии.

Положительные:

1. Подойдет любому ребенку. Разнообразие видов искусства сопровождается фантазией и креативностью специалиста. Так можно найти подход к каждому, и бороться с индивидуальными проблемами.
2. Дети с аутизмом плохо соотносят чувства со словами и редко говорят о своих эмоциях. Творчество – это возможность выразить состояние без слов.
3. Обходятся блокирующие и защитные стороны сознания аутиста. Арт-терапия стимулирует быть открытым.
4. Ребенок-аутист социализируется, учится доверять.

Отрицательные:

1. Ребенок может не проявлять интерес к предложенным методикам. Новое может пугать.

2. Иногда приходится начинать с банальных вещей (как держать карандаш), а скука может отпугнуть ребенка или не привлечь его внимания.

3. Эффективность в регулярности. Необходимо помнить о повторении для закрепления навыка – на это иногда уходят месяцы.

В ходе организации песочной терапии необходимо находить адекватные возможностям ребенка приемы игровой деятельности. Попытки сразу установить контакт или навязать определенные виды деятельности без учета доступного этому ребенку уровня коммуникации (общения, могут создать атмосферу непонимания. Поэтому поначалу не должно быть никаких речевых инструкций, ребенку предоставляется полная свобода. Далее происходит включение взрослого в деятельность, что дает ребенку понять преимущества совместной работы со взрослым.

Заключение

В заключение, песочная терапия представляет собой эффективный и инно-

вационный метод работы с младшими школьниками, особенно с теми, у кого диагностированы расстройства аутистического спектра. Этот метод, основанный на творчестве и игре, обеспечивает возможность детям выражать свои эмоции и переживания в невербальной форме, способствуя развитию их коммуникативных навыков, социализации и самовыражению. Исследования и практический опыт показывают положительную динамику в развитии детей, занимающихся песочной терапией, что подчеркивает ее важность в современной образовательной системе.

Список использованных источников

1. Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249.
2. Lu L. et al. Stimulating creative play in children with autism through sandplay // The Arts in Psychotherapy. – 2010. – Т. 37. – № 1. – С. 56-64.
3. Parker N., O'Brien P. Play therapy-reaching the child with autism // International Journal of Special Education. – 2011. – Т. 26. – № 1. – С. 80-87.
4. Махадиева А.К. Ата-ана мен аутист бала қарым-қатынас жүйесіндегі стрессті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу // Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D010300 – Педагогика және психология. — С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. — Павлодар: 2019. — 181 б.
5. Основы песочной терапии : практическое руководство / сост. Н. Г. Новак ; Гомельский гос. ун-т им. Ф. Скорины. – Гомель : ГГУ им. Ф. Скорины, 2018. – 33 с.
6. Аутаева А.Н., Айдарқұлова А.Ж. Есту қабілеті нашар балаларда ұсақ моториканы дамытудағы құмды ойын терапиясын дамытудың тиімді жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, 2023. – №2(73). – 56-60 б.
7. Прутникова Т.Г. Песочная терапия. Методическое пособие. – Көкшетау: Келешек – 2030, 2011. – 86 с.

● ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ АУТИЗМ СПЕКТРІ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Амренова Н. Т.

Астана қаласы әкімдігінің «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ

Сағадатова А.Х.

Астана қаласы әкімдігінің «№2 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ

Аңдатпа. Бұл мақалада құм терапиясының бастауыш сынып оқушыларымен, әсіресе аутизм спектрінің бұзылуы диагнозы қойылған балалармен жұмыс жасаудағы тиімділігі қарастырылады. Ойын мен шығармашылыққа негізделген құм терапиясы балаларға өздерінің эмоциялары мен тәжірибелерін ауызша емес түрде білдіруге, олардың қарым-қатынас дағдыларын, әлеуметтенуін және өзін-өзі көрсетуін дамытуға мүмкіндік береді. Мақалада осы әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ оны білім беру ортасында практикалық қолдану қарастырылады. Зерттеу нәтижелері мен практикалық тәжірибе құм терапиясының тиімділігін растайды, бұл оны қазіргі педагогикалық тәжірибеде маңызды құралға айналдырады.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып оқушылары, эмоционалды сала, құм терапиясы, түзету, эмоционалды фон.

● SAND THERAPY FOR THE FORMATION OF COMMUNICATION SKILLS IN PRIMARY SCHOOL CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDERS

Amrenova N.T.

KSU «Special boarding school №1» of the akimat of Astana

Sagadatova A.H.

KSU «Office of psychological and pedagogical correction №2» of Astana city akimat

Annotation. This article examines the effectiveness of sand therapy in working with elementary school children, especially those diagnosed with autism spectrum disorders. Sand therapy, based on play and creativity, provides children with the opportunity to express their emotions and experiences in a non-verbal form, contributing to the development of their communication skills, socialization and self-expression. The article discusses the advantages and disadvantages of this method, as well as its practical application in the educational environment. The results of research and practical experience confirm the effectiveness of sand therapy, which makes it a significant tool in modern pedagogical practice.

Keywords: schoolchildren, emotional sphere, sand therapy, correction, emotional background.

FTAMP 14.29.09

● ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚУ ӘРЕКЕТІНЕ ҮЙРЕТУ

Есениязова А.К.

Атырау облысы білім басқармасы
Махамбет ауданы білім бөлімінің
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектеп» КММ

Аңдатпа. Бұл мақалада ерекше балалардың дамуы үшін оқудың маңыздылығы талқыланып, оқуға үйрету бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың тұжырымдалған ой-пікірлері, ұсыныстары жазылды. Әліпби және әріппен таныстыру кезеңіндегі ерекше оқыту-үйрету жұмыстарының тиімді тұстары, сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету, сөздер мен сөз тіркестерін оқуды үйретудегі ерекшелік, дауыстап оқу дағдыларын дамытудың пайдалылығы, «саусақпен оқу» әдісінің бала үшін көмегі, жаңа сөздерді меңгерту қадамдары, оқуға үйренуге байланысты ойындар ойнау, өз бетінше оқуға ынталандыру жолдары туралы айтылады. Сондай-ақ оқуды үйренудегі дислексия және «қызықсыз оқу» сияқты қиындықтарды жеңу жолдары сараланып, оқуға үйрену процесін аяқтағаннан кейін оқу дағдыларын дамытуды қалай жалғастыру керектігі туралы да айтылады.

Түйінді сөздер: ЕББҚ баланы дамыту, кітап оқуға үйрету, оқыту әдістері

Кіріспе

Кітап оқу – баланың ерте жастан үйренуге тиісті ең маңызды дағдыларының бірі. Бұл дағды білім әлемін ашып, ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар сөйлеу, есте сақтау, қиялдау, ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Оқу балаға жаңа сөздерді меңгеруге және сөздік қорын жақсартуға мүмкіндік береді, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады, мәтінді түсіну және ақпаратты талдау, бағалау қабілетін арттырады. Кітап оқу баланың қиялын, шығармашылық қабілетін дамытуға да көп ықпал етеді. Кітаптар балаға басқа әлемге еніп, өзін кейіпкердің орнында елестетіп, оның шытырман оқиғаларын басынан өткізуге мүмкіндік береді. Оқуға үйрену кезеңінде ата-аналар мен педагогтер балалардың осы маңызды дағдыдан толық пайда алуы үшін оқуды үйрену процесін ынталанды-

рып, қолдау көрсетуі маңызды. Жоғарыда айтқанымыздай, оқу – баланың дамуының ең маңызды дағдыларының бірі және бұл дағдыны үйрету ата-аналар мен оқуға үйретуші педагог мамандарға қиындық тудыруы мүмкін. Ата-аналар мен педагог мамандардың бұл қиындықты жеңуге көмектесуі және балаға оқудың барлық артықшылықтарын беру барысында біраз еңбектенуіне тура келеді. Оқушының ерекшелігін ескере отырып, педагогтің ыңғайлы және тиімді оқыту жолдарын іздестіретіні ақиқат. Көрнекті қоғам қайраткері, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» принципін ұстанғандықтан, 1-бастауыш мектеп балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздейді, сондықтан да мысалдарды қазақ баласына таныс мақал-мәтелдерден, нақыл сөздерден, мысалдардан алады.

Ал белгілі бір тақырыпқа лайықталып өзі жасаған текстер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын танытатын шағын әңгімелер түрінде беріледі» [1, 23] дейді. Бұл оқыту принципі қазіргі уақытта білім беру жүйесінде бастапқы оқуға үйрету барысында басшылыққа алынған. Танымға сәйкес келетін оқытудың санада берік орнығатыны, рухани өсуге әкелетінін педагог-ғалым сол кездің өзінде-ақ анық көрсеткен. Бүгінде зор мәнге ие болып отырған мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуға үйрету, жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету өзекті мәселе.

Ерекше білім беру қажеттілігі – бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі [2, 41]. Білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің маңыздылығы күннен-күнге артып келеді. «Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕББҚ) – бұл көптеген дамыған елдерде кеңінен таралған түсінік, өйткені инклюзивті білім берудің принципіне сәйкес әр оқушының жемісті білім алуы үшін барлық жағдайларды жасауға мектептің назарын аударады» [3, 29]. Өзге қоғам мүшелерімен тең жағдайда білім алуға, өсіп-өркендеуге, еңбек етуге тартылуына мемлекет тарапынан үлкен қолдаулар жасалуда. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға алғаш оқу мен жазуды үйрету, белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгертумен бірге, өзімізді қоршаған орта туралы танымын қалыптастыру – өркениетке құлаш ұрған заманның басты талабы. Олар өз – өздеріне тұрмыстық қызмет етуге үйренуге, салмақты дәрежеде танымдық білім алуға, қарым-қатынас жасауда шеттетілмей жеке тұлға ретінде қоғам мүшесі санатында өздерін құқығы толық қорғалған азамат сезінулері тиіс.

Жалпы білім беретін мектептегі арнайы сынып оқушыларын оқуға үйрету қалай жүзеге асады? Ерекше баланың оқу әрекетінің әрбір кезеңіне бейімделуі бірден қалыптаспайтыны анық. Оларды міндеттеу, үгіттеу арқылы оқуға деген ынтасын

аша алмаймыз. Керісінше, оқу бала танымына қиындықтар келтірген соң, кейбірі оқудан бірден тартынып, алшақтап кетеді. Сондықтан оқушының оқуға деген қызығушылығын тудыру және арттыру үшін тиімді әдістерді іздестіріп, орынды пайдаланған жөн. Мұғалім тарапынан оқушыны оқуға үйрету ісі жүрсе, ал оқушыда үйрену үдерісі іске асатыны белгілі. Үйрену – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұратын процесс. Сондықтан үйренуші рөліндегі оқушы жаңа ұғым-түсініктерді, өзінің осыған дейінгі білімімен салыстырып, жаңа ақпаратпен толықтырады, ойлау және қабылдау кеңістігінің аясын кеңейте түседі. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Мектеп жасына дейінгі баланың бар ермегі ойын болып келсе, мектеп табалдырығын аттаған соң, оқу іс-әрекеті шешуші рөлді атқарады. Осыған орай баланың психологиялық дамуы, жалпы ойлауы айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Ғалым Л.С.Выготский бұл туралы төмендегідей пікірін білдіреді: «Бұрын-соңды оқымай келген бала оқуға кірген соң, оның ойы мен интеллектісі өзгереді. Яғни бала табиғи ойдан мәдени ойлау деңгейіне көшеді, ал бұл – үлкен үдеріс» деп тұжырымдаған [4, 510]. Мақала ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқуға үйретуге, баласын оқуға үйреткісі келетіндерге немесе оның оқу дағдыларын жетілдіргісі келетін және оқуды сәтті үйренуге, баланың шығармашылық және психикалық әлеуетін ашуға ұмтылатындарға пайдалы болады. Бұл еңбектің мақсаты – ата-аналар мен педагог мамандарға ерекше баланы оқуға үйретудің негізгі қадамдары мен кеңестерін беру. Оқуды үйренудің негізгі қадамдарын, сонымен қатар табысты оқуға және оқу жолында туындауы мүмкін қиындықтарды жеңуге арналған ұсыныстар беріледі.

Әдістеме

Оқуды үйренуге дайындық жұмыстарына тоқталамыз. Оқу дағдысын қалыптастыру үшін алдымен сөйлеу мен естуді дамыту қажет. Сөйлеу мен естуді дамыту оқуды үйренудің маңызды аспектісі. Жақсы дамыған сөйлеу дағдылары және есту, есте сақтау қабілеті балаға дыбыстарды түсіну-

ге және оларды әріптермен байланыстыруға көмектеседі, бұл баланың оқуды жақсы және тезірек үйренуіне мүмкіндік береді. Сөйлеу мен есту қабілетін дамытудың бір жолы – үлкендердің баламен анық, дұрыс сөйлеп сөйлесуі. Бала сөйлеуді үлкендерден үйренеді. Тілі шықпаған, дыбыстарды анық айта алмайтын балалардың көбейіп кеткені қоғамдық мәселеге айналғаны рас. Сондықтан сөйлеуді, сөйлесуді отбасында бала туғаннан бастаған жөн. Ересектердің дауыстап анық сөйлеуі балаға сөздер мен дыбыстарды естуге, сонымен қатар сөздердің дұрыс айтылуы мен интонацияны аңғаруына мүмкіндік береді. Бұл баланың сөйлеу дағдыларын дамытуға және сөздердің дұрыс айтылуын үйренуге көмектеседі. Сондай-ақ баланы сөйлеген кезінде өз ойын жеткізуге ынталандыру маңызды. Ата-аналар мен мұғалімдер баламен сөйлесіп, оған сұрақ қоюы, басталған әңгімені өрбіту үшін жетелуі өте маңызды. Мида суреттелген бейнені жеткізуге талпыну сөйлеу мен ойлаудың дамуына ықпал етеді. Есту қабілетін дамытудың жолы – сөзбен және дыбыспен ойнау. Бала дыбыстар мен сөздерді қайталай алады, сонымен қатар оларды ажыратып, сөздердегі дыбыстарды ерекшелей алады, дыбыстарды әріптермен ажыратуды және байланыстыруды үйренеді. Сөйлеуді дамытудың тағы бір жолын М.Жұмабаев әсерленуден туатынын, «біз бір затты суреттесек, сол заттың жанында тұрған басқа заттарды да суреттей қоймаймыз. Мысалы, біз киіз үйдің оң жақ босағасында тұрған кебезені суреттесек, соның жанында тұрған қазан, ошақ, шелек, астау өздері ана кебезеге еріп келіп суреттеледі. Балада осы көршілестік ассоциациясы күшті болады. Мұның себебі бала сыртқы сезім құралдарына қарағанда көзді көп жұмсайды. Балаға не нәрсе үйретсек те көрсетіп (наглядно) үйрету керек екендігі осыдан», - деп түйіндейді [5, 82]. Сөйлеу мен елестету, эмоционалды қабылдау оқуды үйренудің басқыштары екені осыдан-ақ айқын. Ата-аналар мен тәрбиешілер баланың оқуды тез және оңай меңгеруі үшін сөйлеу, сөйлесу, диалогқа рөлдік түсулерді мақсатты түрде ұйымдастыруы және есту қабілетін дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Сөйлеу мен естуден соң естің, яғни есте сақтаудың, естіген

мен білгенді қайта жаңғыртудың мәні зор. Бұл жөнінде М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде «Ес өмір үшін аса керек. Ес болмаса, бүгін жаттағанын бүгін ұмытып тұрса, өмірінде адамның білімі артпас еді. Адам адамды білмес еді. Ес болса ғана адам білімді болады. Ес болса ғана адам дұрыс ойлай алады. Ес неғұрлым мол, бай болса, ой да терең болады. Терең ойлы адамдардың аса есті болғандығы бізге тарихтан белгілі. Балада ес болмаса, оған еш нәрсе үйрену де мүмкін емес. Сондықтан тәрбиеші баланың есті болуына аса көп күш жұмсау керек» [5, 86] деп тұжырымдаған екен. Қазіргі таңда есті, ойлауды қалыптастыруда ұсақ моториканы дамыту оқуды үйрену үшін аса мәнге ие. Ұсақ моторика – қолдың, саусақтардың, көздің, тілдің ұсақ бұлшық еттерінің қимылдарын басқара білу деген сөз. Жақсы дамыған ұсақ моторика балаға кітапты оңай ұстауға, парақтауға, әріптер мен сөздерді жазуға және оқуға көмектеседі. Ұсақ моториканы дамытудың бір жолы – конструкторлық құрастырғыштармен ойнау, басқатырғыштар шешу, модельдеу және дәстүрлі емес форматта сурет салу, саусақ жаттығуларының қайсыбір түрлерін үнемі қолдану, ермексазбен мүсіндеу. Бұл дамыту жұмыстары баланың қолдары мен саусақтарының ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі, сонымен қатар қозғалыстарды басқаруды үйретеді. Ұсақ моторика мен ірі моториканы дамыту арқылы баланың дамуын қалыптастыруды қазақ қауымы бала тәрбиесінде бұрыннан да тұрмыс – тіршілікте, ойында қолданғанбыз. Ол дәуірде оны қағазға хаттап түсірген ешкім болмаса да балалар икемді, белсенді және ұзақ жырлар мен хиса-дастандарды жатқа айтқандығы рас дүние. Басқасын айтпағанда арқан есу мен қамшы өру, ши тоқу, құрт жасау, асық иіру, тоғыз құмалақ ойнаудың өзі неге тұрады. Ірі моториканы дамытудың жолы – қозғалыс, көз бен қолдың дәл қозғалысын қажет ететін ойыншықтар мен ойындарды ойнау. Мысалы, үстел теннисі, доппен ойнау, секіргіш жіппен секіру, дартс ойнау. Бұлар кітап пен мәтінді басқару үшін өте маңызды болып табылатын көз бен қол координациясының дамуына ықпал етеді. Ақырында, дауыстап ән айту, қысқа өлеңдер жаттатқызу тілдің ұсақ моторикасын

дамытуға көмектеседі. Дауыстап әндету, жатқа айту кезінде бала дыбыстар мен сөздерді естиді, тіл мен еріннің қимылын басқара отырып, қимылды ым-ишарамен қостай отырып эмоцияларын көрсетуді, ән мен өлеңді жатқа дұрыс айтуға үйренеді. Жаттағанды жаңғырта алу арқылы жадыны дамытамыз. Шығарманың мазмұнын ойлай аламыз, болжай аламыз, керекті ақпаратты саналы түрде іздестіре білетін боламыз. Осылайша, ұсақ моториканы дамыту, дене қозғалысын қамтамасыз ететін ойындар ойнау - оқуды үйренудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ «Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсені бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болу керек, бақылау деген сөз қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп қақиып тұр деген сөз емес. Олай тұрсаң, бала ойнай алмайды. Егер енді баланың ойынына қатысқың келсе, өзің бала болып қатыс. Яғни ойындарына бөгет, оралғы болма. Балалар сенің жеткен адам екеніңді сезбейтін дәрежеде болсын. Балаға нағыз қолайлы ойыншық бір үйім құм деген бір педагогтің сөзі дұрыс сөз» [5, 95]. М.Жұмабаевтың осы айтылған жүйелі сөзінің төркініне бойласаңыз, ұсақ моториканы дамыту мен ірі моториканы дамыту - баланың ойлау қабілетінің дамуының бірден-бір кепіл екеніне көз жеткізесіз. Осы айтылған «бір үйім құм» ойыны қанбаған балада ойлау мен түйсінудің болмайтынын айғақтайды. Сондықтан қандай бала болса да ойнап отырып ойлауға, жаңаны тамсана үйренуге құлықты болуы үшін жалқытырмас оқыту әдістерімен үйреткен жөн.

Жалпы білім беретін мектептің арнайы сынып оқушыларын оқу дағдысына үйретуді зерттеу жұмысының басты тақырыбы ретінде ала отырып бірнеше мақсат көзделді:

- ▶ ЕББҚ бар оқушылардың әліпбидегі барлық әріптерді білуі және оларды дұрыс дыбыстап айтуы;
- ▶ буындап оқу мен тұтас оқуды ыңғайластыра қолдану, яғни әуезді сазбен созып оқу арқылы сөзді тұтас шығару;
- ▶ есте сақтау мен оқылған шығарма

мазмұнын санада қайта жаңғыртуды қалыптастыру;

- ▶ оқумен қатар үйретілетін жазу дағдысына төселдіру мақсатында дыбысты ести білуге баулу;
- ▶ эмоцияларын шығарып, шығарманы сезініп баяндауларын қалыптастыру;
- ▶ оқу техникасын жетілдіру.

Оқу дағдысына үйретудің алғышарты әліпбиді көрсетіп, оның не екенін түсіндіруден бастаймыз. Ерекше балалар үшін әліпбидегі әріптерді жарқын суретті атаулары арқылы есте сақтау пайдалы болады. Әріптерді топтап көрсете отырып дыбыстап айтып үйреткен жақсы нәтиже берді. Мысалы, А және Й әріптері. Әріптерді үйрене отырып жадыны дамыту мақсатында санамақ жұмбақ, өлеңді де қатар жаттауды іске асырдық. Ой мен тілдің бірлікте дамуына ұмтылдық.



А

Алма кетті домалап,
Өзен бойын жағалап.
Кім алманы қуады,
Сол кісі ойыннан шығады!

Й



А – дауысты дыбыс ● Й – дауыссыз дыбыс ●



Т

Асты тас, үсті тас
Ортасында шандыр бас.
Бұл не? (тасбақа)



Ш

Өрге қарай баспайды,
Өрден төмен зырлайды.
Бұл не? (шана)

Осы бағытта психолог-дәрігер А.Р.Лурияның «Оқшауланған сөздер қатарын үйрену эксперименті жалпы психологияда да, клиникалық психологияда да белгілі. Ол пациентке кез келген ретпен есте сақтауы және қайталауы тиіс дискретті (бір-бірімен байланысы жоқ) сөздер қатарын оқудан тұрады» [6, 52] деп өз тәжірибесінде есте сақтауды айқындау қызметінде қолданғанындай оқу үрдісінде де осы тәсілді кеңінен қолдануға әбден болады. Бұл үдерісте әріптерді көрсетіп, сөзді айтып есте қалдыруға, сөздік қорды көбей-

туге әрекет жасалады. Мысалы, «А және Й» әріптерін үйреткенде алма, домалау, езен, қуалау, ойын, йод немесе «Т және Ш» әріптерін үйреткенде тасбақа, асты, үсті, ортасы, бас, шандыр, шана, өр, зырлау деген сөздерді бірнеше рет айтқызу, есте жаңғыртып қайта айтқызу пайдалы бола-


ды. Қанша сөз ойында қалғанын есепке алып отырамыз. Содан кейін ғана баланы үлкен шрифтпен жазылған буындармен таныстыруды бастаймыз: АЙ, АТ, АШ, ТА, ША. Осыған сәйкес оқу үшін ерекше тақта жасап алсаңыз, оқуға үйрену анағұрлым тиімді қадамдармен алға басады.

АЙ	АТ	АШ	АР	ҒА	НА	ПА
ТАЙ	АТА	АША	АРА	АҒА	АНА	АПА
АТАЙ	ШАЙ	ШАР	ШАР	ТАҒА	ПАНА	АПАЙ
АРАЙ	ШАНА	ШАРА	ШАРА	ТАРА	АҒАЙ	НАН

(А, Й, Т, Ш, П, Н, Ғ, Р әріптерін өткеннен кейінгі оқыту тақтасы)

Оқытуды дауысты дыбыстардан бастаған дұрыс, өйткені олар оңай естіледі және есте сақтау оңай. Бала әр әріпті дұрыс айтып, оның қалай көрінетінін білуі керек. Оқи отырып сөздердің мағынасын түсіндіре отыру іске асады. Мысалы, «АШ» – есікті аш, терезені аш, кітапты аш, «ШАЙ»

– шай сусын, шайды ішеміз т/б. Балаға әріптерді есте сақтау үшін әртүрлі ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады. Ермексазды баланың «досына» айналдыру біршама оқу мәселесін шешеді. Саусақтың икемді қозғалысы дамудың алғышарты екені мәлім дүние.



Айтқандай-ақ бұл жұмыстарды жасау үшін ынта оянуы тиіс. Ынта туысында психолог С.Есқазиева белгілі ағартушы Жүсіпбек Аймауытовтың: «Бұрын таныс емес тың нәрсеге бала ынталы болмайды, бұрын білетін ескі нәрсеге де ынталы болмайды. Ынтаны қоздыратын – жаңа мен ескі нәрсе. Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрселерде жаңалық болу керек. Ол жаңалық бұрын ойда бар нәрсені не толықтырғандай, не дәлелмен бекіткендей, не бұрынғыны бекерге шығарғандай, болмаса күшейткендей бір өзгеріс кіргі-

зетін болу керек. Бір күндегі көз үйренген таныс нәрсеге көңіл қойып қарамаймыз, егер ол нәрсе азырақ өзгеріс пайда болса, әуес қып қызығып қарай бастаймыз... Ол ынтаны оятады. Өмір ақылға жаңа әсер беріп отырады. Сондықтан адам жаңадан жаңаны іздемек. Ынта - ақылдың қызметі. Ол – қызметті шақыратын оқыту» [7, 16] деп талдағанын айтады. Осыншалық орынды жасалған саралауға сүйенсек, әріпті көрсетіп әрі дыбыстатып үйретуде баланың ынтасын жойып алмас үшін тың, қызықты әдістерді орнымен пайдаланамыз. Мыса-

лы, кітаптан таныс әріпті іздеуді сұрай ала-сыз немесе сөздерді жасау үшін магниттік әріптерді пайдалана аласыз. Әріптермен танысу қызықты және көңілді болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Ойындар мен жаттығуларға қатысудан бала ләззат ала отырып, әріптерді есте сақтайды және оқуға тартылады. Белгілі жаңашыл педагог А. С. Макаренко айтқандай «Әрбір жақсы ойында ең алдымен жұмыс күші және ой талпынысы болады» [8, 256]. Ойынның түпкі мақсаты – ой талпынысы, ақылдың кемелденуі балаларды рухани байлыққа бастайды. Әліпбимен және әріптермен танысуда, оқуды үйренуде ата-аналар мен мұғалімдер балаға әліпбидің барлық әріптерін меңгеріп, оларды дұрыс айтуды үйренуге көмектесулері керек, ойын мен жаттығуларды пайдалана отырып, оқуды қызықты және оның сүйікті ісіне айналуына ықпал жасағандары дұрыс. Әліпбимен және әріптермен танысуда, оқуды үйренуде ата-аналар мен мұғалімдер балаға әліпбидің барлық әріптерін меңгеріп, оларды дұрыс айтуды үйренуге көмектесулері керек, ойын мен жаттығуларды пайдалана отырып, оқуды қызықты және оның сүйікті ісіне айналуына ықпал жасағандары дұрыс.

Сөздердің дыбыстық талдауын үйрену. Сөздердің дыбыстық талдауын үйрену оқуды үйренудегі тағы бір маңызды қадам болып табылады. Бала сөздерді бөлек дыбыстарға бөліп, әріптермен байланыстыруды үйренуі керек. Алдымен екі немесе үш дыбыстан тұратын қарапайым сөздерден бастап, балаға сөзді дыбыстарға бөлуді көрсетуге болады. Әндете дыбыстап созып қандай әріптің дыбысы екенін ажыратуға баулимыз. Ал бұл жұмыс қатесіз жазуға үйренудің негізі деп түсіну керек. Мысалы, «апа» сөзін «а-п-а» дыбыстарына бөлуге болады. Бала сөзде қанша дыбыс барын анықтай алуы керек. Содан кейін дыбыстарды әріптермен байланыстыруды көрсетеміз. Бала әр дыбысқа қай әріп сәйкес келетінін аңғарып, одан соң жалғас дыбысты әріп таңбасымен сәйкестендіре білуі керек. Мысалы, «а» дыбысы «п» дыбысына, «п» дыбысы «а» дыбысына дегендей. Сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету үшін әртүрлі ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады.

Мысалы, баладан бір сөзде еститін барлық дыбыстарды атауды сұраңыз немесе магниттік әріптерді пайдаланып сөздерді жасап, дыбыстарды әріптермен байланыстырыңыз. Сөздердің дыбыстық талдауын үйрену бала үшін қызықты, суретті көрнекі және түсінікті болуы керек екен. Бала неліктен сөздерді дыбысқа бөлетінін және дыбыстарды әріптермен қалай байланыстыру керектігін түсінуі тиіс. Бала сөздерді дыбысқа бөліп, әріптермен байланыстыруды үйретсе ғана үйренеді және барлық жұмыс барысында, көрнекілік қолдануды ұмытпау қажет. Өйткені қандай бала болса да көзбен көріп, қолмен ұстағанын ұзақ уақыт есте сақтап бойына сіңіретін болады. Ата-аналар мен педагог мамандар ойын мен жаттығуларды пайдаланып, балаға сөздерді дыбыстық талдауды үйренуге көмектесе алады, сонымен бірге оқу процесін оған қызықты және түсінікті етеді.

Кіші жастағы балаларға дыбыстарды таза айтуға үйретуде педагогтер өздері тереңінен аңғармаса да ым – ишара, яғни вербальді емес сөйлеу құралдарын да пайдаланады. Мұндай қарым-қатынас кішкене балалардың түсініктірек ұғынуларына көмекші болады. Оны педагог бет қимылымен, қолын сермелеумен, нұсқаумен, дене қозғалысымен көрсету барысында іске асырады. Өйткені әлі жазбаша сөйлеу іске аспағандықтан ауызша айту мен көзбен көріп түсіну кезеңінде бұл әдіс те пайдасын тигізеді. Бұл жөнінде педагогика ғылымдарының докторы, дефектолог Г.Л.Зайцева «Сөйлеудің бастапқы формасы – дактил, өйткені ол оқытудың бастапқы кезеңіндегі тапсырмаға ең қолайлы болады. Бұл кезеңде мұғалім дайындық сыныбының балаларына ауызша – дактилді түрде жазбаша жазылған плакаттарды қолданады. Балалар барлық материалды есту, көру арқылы қабылдайды, бұл кезде олардың сөйлеуі ауызша - дактилдік айтылу болып табылады. Сөйлеудің дактилдік және ауызша түрлерін оқыту қатар жүргізіледі. Балалар бірте-бірте мұғалімнің ауызша сөзін дактилді қимылыз түсінуге үйренеді: жаңа материал ауызша - дактилді, содан кейін тек ауызша айтылатын болады» [9, 89]. Біздер сөйлеу кезінде ым-ишараны қолданатын болсақ,

балаға мейлінше жақсы әсер туғызатын боламыз. Өзіміз дауыстап оқып берген шығармаларды жеткізуде, өлең мен жұмбақтарды жаттатуда, рөлдік ойындарда аса маңызды болып есептелетін дыбыстың анық айтылуын өз мәнінде үйрету біздің парызымыз.

Сөздер мен сөз тіркестерін оқуға үйрету. Сөздер мен сөз тіркестерін оқуға үйрету – әліпбимен таныстыру және сөздерге дыбыстық талдау жасаудан кейінгі оқуды үйренудің келесі кезеңі. Бұл кезеңде бала жеке сөздерді ғана емес, сонымен қатар қысқа сөз тіркестерін де оқуды үйренуі керек. Мысалы, *АЛА ДОП, ҚЫЗЫЛ АЛМА*. Баланың тек буындар бойынша ғана емес, сонымен қатар сөзді тұтас оқу үшін әуезді созып айтуды қолданамыз. Сонда оқушымыз буын сайын тоқтап, буындарды қайта-қайта қайталап, шатасып, оқуға қызығушылығын жоғалтпай сөзді «тұтас» шығаратын болады. Сол тәрізді сөз тіркестері бойынша оқи алуы маңызды. Содан кейін біздің оқу әрекетіміз мәтіндердің күрделілігін біртіндеп арттыру әдістемесін қолданумен ұласуы тиіс:

1-мәтін. Қыс. Қар аппақ. Қарлы қыр аппақ. Айнала тамаша!

2-мәтін. Қыс мезгілі. Далада қар жауып тұр. Балалар қармен ойнап жүр. Олар қардан аққала жасады. Балалардың қолдары тоңды. Бірақ аққала әдемі болып шықты. Аққаланың көзі көмірден жасалды.

Бірнеше сөзден және қайталанатын конструкциялардан тұратын қысқа және қарапайым мәтіндерден бастау керек. Қайталанатын сөздер балаға сенім, күш пен жігер бере отырып «жеңіс» сезімін сыйлайды. Біртіндеп жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қосу арқылы мәтіндердің ұзақтығы мен күрделілігін арттыруға болады. Әр бала өз қарқынымен оқиды, сондықтан баланы асықтырудың және қысым көрсетудің қажеті жоқ. Оқуды үйрену үшін балаға қысым мен стрессті сезінбейтін ыңғайлы және жайлы жағдай жасау маңызды.

Дауыстап оқу дағдыларын дамыту. Дауыстап оқу баланың айтылым, интонациямен

сөйлеу және мәтінді түсінуін дамытуға көмектеседі. Дауыстап оқу дағдыларын дамыту үшін баладан қысқа мәтіндерді дауыстап оқуды және оқығандарының мазмұны бойынша сұрақтар қойып жауап сұрауға, тақырыбына қарап мазмұнын болжатуға, өз жанынан сөйлемдер қосуна, мазмұн барысына өз пікірін білдіруге, «еркін» әңгімелеуге мүмкіндік береміз. Еркін әңгімелеуге мүмкіндік беру дегеніміз мәтіндегі сөздер мен сөйлемдерді қайталану емес, қалай түсінгеніне қарай айтқызу. Сол арқылы баланың қиялын шектемей сөйлету. Баланың өз дауысын естуін, ойындағы бейнені сөзбен суреттеуге талпынуын қадағалауымыз қажет. Дауыстап оқуға байланысты ойындарды ойнауға болады. Бір әріпті ауыстырып жаңа сөз жасау немесе әріптерді біртіндеп алып тастап, не қосып оқып ойнаймыз. (*қар – тар – жар – бар – шар; асық – сық – ық; бал, бала, балақ т/б*). Жаңылтпаштарды барынша тез оқуды қимылмен көрсетіп оқып айту. (*Мынау – бас, баста – шаш. Шаш – баста, баста – шаш*). Түсінік танымына жақын жұмбақтарды шешу, жауабын айтып, жазып оқуды іске асыру. (*Қардай аппақ, жесең тәтті-ақ. Жауабы не? Қант*). Дауыстап оқу тек дұрыс және анық емес, сонымен қатар мәнерлі болуы керек. Бала мәтіннің эмоциясын, интонациясын және көңіл-күйін жеткізуді үйренуі керек. Сонымен қатар, дауыстап оқу баланың дыбыстарды талдау және синтездеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Практикада қолдану

Баланы оқуға үйретуде және ынтасын арттыруда, оқу материалын жүйелі ұғынуында салыстыру ой операциясы зор маңызға ие. Салыстыру бір нәрсені екінші бір дүниеден айырмашылығын анықтау немесе ортақ тұстарын табу болғандықтан, ой үдерістерінің ерекше түріне жатады. Жапония мемлекетінде оқуға деген талпынысын оятуда өз-өзімен салыстырып отыру керек дейді. Мәселен, «Жанарға қара, сенен тез оқиды» деп емес, «кешегіге қарағанда бүгін сен жақсы оқыдың», «бұл тапсырманы орындауға сенің қабілетің әбден жетеді» мадақтау сөздері жиі қолданылса, бала өзіне мақсат қойып, оны дер кезінде және дұрыс орындауға тыры-

са түседі. ЕББҚ балалар да сынып ішінде өзара білім бәсекесіне түсе алады. Зерттеудің екінші жылғы нәтижесінде оқуға үйренудің түпкі мақсатына жету барысында бұрынғы көрсеткіш пен қазіргі көрсеткіштерді салыстырып талдау барысында

айырмашылықтарды көре алдық (16 ай мерзім). Сыныпта ерекше білім беру санатына жататын 6 оқушы білім алуда. Пайыздық көрсеткіш арнайы сынып оқушыларының саны есебіне сәйкес көрсетілді.

	Әріптерді түгел таниды	Буындап оқуы, тұтас оқуы	Дыбыстарды ести білу мен анық айтуы	Шығарма мазмұнын есте сақтауы	Шығарманы эмоциямен сезініп мазмұндауы	Оқу техникасын орындауы
1 оқушы	+	+	V	+	V	+
2 оқушы	+	+	+	+	+	+
3 оқушы	+	+	+	V	V	V
4 оқушы	+	+	+	+	+	+
5 оқушы	+	+	+	+	+	V
6 оқушы	+	+	+	+	+	V
	100%	100%	83,3%	83,3%	66,6%	49,9%

(2-сынып, ЕББҚ оқушылардың мақсатты оқуға үйрену көрсеткіші. «+» - жеткілікті, «V» - толық жеткілікті емес)

Кестені талдау барысында оқуға үйренудің екінші жылының (16 ай мерзім) қорытындысы сипатталды. Арнайы сыныптағы оқу дағдысының даму үдерісі оң диагностикалық өлшеммен бағаланды. Бастауыш сыныптың 3-4 сыныптарында бұл даму көрсеткіші жоғарылайды деп болжанады.

Оқыту, тәрбиелеу, дамыту бірлікте іске асатын процесс екендігін, «үлгерімі төмен» оқушыны «күшті» оқушыға қарай тартумен емес, әр баланың жеке тұлғалық өзіндік дамуына назар аударуды, оның күшіне сенуді, сенім артуды көздейді. Біздің жағдайымызда ерекше балаларды оқу дағдысына үйрету қалыпты балаларды оқуға дағдыландыруға қарағанда басқа сипатта болуы, әрқилы көрінуі жоғарыда айтқанымыздай әр балаға же-

келей қарым-қатынас жасаумен бағалы болады. Оқуды үйрену бір мезгілде қарапайым және күрделі екендігін ескеріп, оқыту жұмыстарын біртіндеп іске асыру жасалды. Оқуға үйрену әсерленіп оқумен ұласқаны үлкен пайда әкеледі. Буындарды қайта-қайта айтқызып жаттата беру қызығушылықты жоғалтып, жалықтырып жібереді. Сондықтан оқыту кезінде буын мен буынның арасын жалғап, (созып қосып), дыбыстарды сазды әуезбен жалғастырып айтып жаңа сөздерді жасап оқу керек. Мысалы, А-ТА – АТА, АЙ-ША – АЙША, ША -Й – ШАЙ, НА – Н – НАН. Ерекше балалар осы әдіспен оқыту кезінде айтулы қиындықсыз оқуды меңгере алды. Егер буын-буынмен оқитын болса, тұтас сөзге айналдыру қиын болатын болды.

ПА НА ША ТА АЙ	а-та а-па а-на а-ша
А-тан а-пан ша-пан па-на та-на ша-на Ай-ша Ай-наш айна	А-тай а-пай шаш нан тап шап ата апа ана

Жоғарыда айтқанымыздай, әліппидегі әріптермен танысу, танумен қатар тіл бірліктері өзара бірлікте жұмсалады. Тіл дамыту жұмыстары, жаттау, тілді жаттықтыру, дыбыстық талдау жасау, ойландыру, суретін салу, бейнелеп айту тәрізді дидактикалық мазмұндағы процестер үздіксіз атқарылуы дұрыс болады. Буыннан - сөз, сөзден - сөз тіркесі, қысқа сөйлемдер, қысқа мәтіндер, ұзақ мазмұнды мәтіндер болып саты – сатымен оқуға үйрену іске асады. Оқуға ұсынылатын жұмыс кестеге жазылып ірі шрифтімен берілді. Кестеге салынған оқу материалдары балалар

үшін тиімді болды. Өзінің дауысын есту, дауыстап оқығанын түсіну, дара сөздерге фонетикалық талдау жасау жақсы көрсеткіштер көруге, мінез-құлықтағы өзгерістерді байқауға әкелді. ЕББҚ балалар зейінді, сабырлы және «жақсы» болғысы келетін нышандарын байқатты. Оқуға үйрену әріптерді жазу, өткенді қайталаумен санада жаңғыруымен жалғасуы міндетті, өйткені ұмытып қалу ерекше балаларда жиі көрініс тапты. ЕББҚ балаларды оқуға үйренуге байланысты тапсырмалардың үлгісі:



Тоңсаң, жылытып күлдірер,
Тамағыңды пісірер.
Өз еркіне жіберсең,
Бәрін-бәрін бүлдірер.
Бұл не? (от))

О – дауысты дыбыс ●



Қ
Сырты қатты-ақ,
Жесең, тәтті –ақ,
Бұл не? (қарбыз)

Қ – дауыссыз дыбыс ●

1. Оқы:

От оқ ор ош ой ол он то ро но ло	О-тау о-рау қо-ра Шо-ра ақ-қу то-ғай
То-рай тор-ғай Қа-ла қа-лақ	Қай-ла қай-ра Қайрат, ойна. Қуат, ойна. Ару, ойна.

2. «Орақ» сөзіне фонетикалық талдау жаса. ●● Орақ туралы әңгімеле.

3. Көркем жазамыз: О және Қ дыбыстарын және сөздер жазамыз.

4. О және Қ әріптерін екі жолға жазбаша түрде жаз.

5. Әріп атауларын қайтала: Аа Йй Тт Шш Пп Нн Ғғ Рр Лл Уу Оо Ққ (жалғасы бар).

Аталған оқыту – үйрету зерттеу жұмысына, яғни әліппидегі әріптерді танытуға 7 айға жуық уақыт жұмсалды. Бұл кезеңде арнайы сыныптағы (1-сынып) әр оқушының

танымы мен даму деңгейінің түрлі екендігін ескеріле отырып кестеге салынды (7 ай мерзім).

	Әріптерді таниды	Буындарды созып қосады	Ішінара тұтас сөздерді оқиды	Сөздерді тұтас оқиды	Оқыған сөзін, қысқа сөйлем мағынасын түсінеді
1 оқушы	+	+	+	+	-
2 оқушы	+	+	+	+	+
3 оқушы	+	+	+	-	-
4 оқушы	+	+	+	+	+
5 оқушы	+	+	-	-	+
6 оқушы	+	+	+	-	+
Пайыздық көрсеткіш	100%	100%	83,3%	49,9%	66,6%

(1-сынып, ЕББҚ оқушының танымы мен даму деңгейінің көрсеткіші)

Оқу дағдысына үйрету кезінде сөздердің айтылуына, интонациясына, оқу мәнеріне мән берген жөн. Бала оқылған сөзді, сөйлемді анық естіп, түсінуі тиіс, сонымен қатар кейіпкерлердің эмоциясын, көңіл-күйін, мінезін жеткізе білуі керек.

Саусақпен оқу. Саусақпен оқу – баланы оқуға үйретудің тиімді әдісі. Бұл әріптер мен дыбыстардың жазбаша түрін байланыстыруға көмектеседі, бұл оқуды жеңілдетеді және мәтінді түсінуді жақсартады. Бұл әдіс баланың дауыстап оқу кезінде саусақпен кітаптағы сөзді немесе сөз тіркесін оқуды орындауын қамтиды. Осылайша ол әріптердің жазылуын олардың дыбыстық айтылуымен байланыстырады. Бұл жағдайда бала дыбыстарды педагогпен, ата-анасымен бірге немесе өз бетінше айта алады. «Саусақпен оқу» әдісін қолдану баланың ұсақ моторикасын және қолды үйлестіруді дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар бұл әдіс баланың сөйлеу ырғағы мен интонациясын жақсы түсінуге мүмкіндік береді, сөйлеу және есту қабілетінің дамуына жақсы әсер етеді. Баланың оқу дағдысын ілгерілету үшін мәтіннің көлемін және күрделілігін біртіндеп арттырып отырса тіптен жақсы. Зерттеу жұмысы барысында ЕББҚ оқушыда саусақпен оқуға үйретуде ерекшелік байқалды. Оқушының сөз астынан ұстаған саусағын қарындаш ұшымен итеріп отыруға тура келді. Өйтпеген жағдайда дыбыстарды қосып оқуды іске асыра алмады, бұл оқуға үйрену барысында кездескен

қиыншылық болды. Оқушы ұзақ уақыт көз бен тіл, саусақ ұшын байланыстыру әрекетіне түсе алмады. Сондықтан оқушымен бірлікте, көмектесу арқылы ғана оқу мүмкін болды. Бұдан шығатын қорытынды әр оқушының дара ерекшелігіне назар аудару, күрмеулі мәселені шешудің жолын табуы нұсқайды.

Балаға жаңа сөздерді үйрету. Балаға жаңа сөздерді үйрету оқуды дамытудың маңызды кезеңі. Жаңа сөздерді меңгеру сөздік қорын молайтады және мәтінді түсінуді жақсартады. Сөз басында айтқанымыздай әр дыбыспен таныс болған сайын ауыз әдебиеті үлгілерінің әр түрін жаттауды, шығармаларда кездескен сөздерді психолог-дәрігер А.Р.Лурияның сөздерді кез келген ретпен есте сақтау мен түсініп қайталауды іске асырдық. Осы ретте тіл кемістігі бар балалардың біршама дұрыс сөйлеуге бейімделе бастағанын ата-аналары, өзге пән мұғалімдері байқай бастады. Бірақ кейбір баланың сөздерді түсіну категориясында кемшін тұстары болды. Оған себеп күрделі тіл бұзылыстары мен аутизмнің салдары деп танылды (9 ай мерзім). Оқығанын түсіне алу дәрежесін бақылауды міндетті түрде іске асыру қажет. Мәтінді педагог оқып беріп, мазмұны талданады, әңгімеленеді, балалардың пікірі мен өзіндік ойлары тыңдалады. Оқушылардың жекелей және мұғаліммен бірге оқуы жүзеге асырылады. Бұл жұмыстардың қорытындысын төменде берілген кестеге түсіреміз. Мәтіндегі сөйлем саны-

на қарай, мазмұнына сәйкес сұрақтарды біртіндеп қоямыз және мәтін мазмұнын қаншалықты түсіне алғанын бақылау үшін мәтін мазмұнын баяндауына итермелейміз. Кестені екі деңгейде қарастыру керек. Өйткені ЕББҚ балалардың түсінігін жеткізбеуі, түсінсе де жеткізе алмауы әбден мүмкін екендігі ескерілді. Кестелердің күнделікті толтырылуы педагогке оқушының оқу материалын қаншалықты

түсіну дәрежесі барлығын айқындауына мүмкіндік береді. Оқушының көрсеткіші әр талдауда бірқалыпты болмайтынын ескереміз, ол оқушының физиологиялық немесе психологиялық жағдайына, берілген оқу материалына да қатысты әр алуан бола алады. Кестелердің жиынтығын есепке ала отырып, нақты қорытындыны жасауға болады.

	Төменгі -деңгей	Жоғары -деңгей	Төменгі -деңгей	Жоғары -деңгей	Өзіндік даму
	Сұраққа бір сөзбен жауап береді	Сұраққа сөйлем құрап жауап береді	Мәтін мазмұнын мұғалім көмегімен баяндайды	Мәтін мазмұнын өз жанынан баяндайды	Өзге оқушылардың баяндаған мазмұнына пікірін қосады
1 оқушы	+		+		
2 оқушы		+		+	+
3 оқушы	+		+		
4 оқушы		+		+	+
5 оқушы		+		+	+
6 оқушы		+	+		+

(2-сынып, ЕББҚ оқушының сөздік қоры мен түсіну деңгейінің көрсеткіші)

Жаңа сөздерді үйреніп, оларды үнемі қайталап отыру маңызды және жаңа сөздерді үйрету үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Мысалы, суреттерді көрсетіп, жаңа сөздердің мағынасын түсіндіруге, жаңа сөздерді қамтитын мәнмәтіндік тапсырмаларды да пайдалануға болады. Мысалы, баладан жаңа сөзді пайдаланып сөйлем құрауды сұраймыз. Бала жаңа сөздерді үйренгеннен кейін, білімді бекіту үшін оларды үнемі қайталау маңызды. Жаңа сөздерді қайталау білімді бекітуге көмектесіп қана қоймай, есте сақтау қабілетін жақсартып, жадыда сақтауға ықпал етеді. Жаңа сөздерді пайдаланып дауыстап оқу да айтылу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Жаңа сөздерді үйрену ұзақ процесс және нәтиже бірден байқалмауы мүмкін. Бірақ жүйелі түрде жаттығу және қайталау арқылы бала міндетті түрде жаңа сөздерді үйренеді және мәтіндерді жақсы түсінеді. Тағы бір айта

кету қажет ұғым, егер ата-ана отбасында баламен қарым-қатынасқа түсіп сөйлеспейтін болса, ондай балалар оқып тұрса да түсіне алмайтын жағдайда болады да оқуға үйрену өз нәтижесін бере алмайды. Оқуға үйрену дегеніміз – түсіну ұғымымен тығыз байланыста екенін ұмытпаған дұрыс. Мектепте, отбасында оқушыны «жұмсау», қозғалысқа келтіретін тапсырмалар беру аса маңызды. Мысалы, киімін ілу мен жинау, құралдарын ретпен қою, гүлге су құю, жануарларды тамақтандыру т/б. Мұндай тапсырмалар үйде, сыныпта берілетін болса, ЕББҚ оқушылардың жалпы дамуына оң әсер беретіні ақиқат. Олар айнала дүниені түсінетін, шешім қабылдай алатын, жақсы мен жаманды ажырататын даму жолына түседі.

Ойындар. Ойындар – баланы оқуға үйретудің және оның кітап пен мәтінге деген қызығушылығын дамытудың тамаша

тәсілі. Ойындар оқу процесін қызықты етуге көмектеседі. Оқу дағдыларын дамытуға көмектесетін ойындардың бірі – сөздік ойын. Ойын үшін сөзді таңдап, баладан сол әріптерді пайдаланып басқа сөздер жасауды сұрау керек. Бұл ойын балаңызға сөздердің дыбыстық талдауын жақсартуға, сөздік қорын кеңейтуге және әріптер мен дыбыстарды жылдам байланыстыруды үйренуге көмектеседі. Тағы бір қызықты ойын «Шеңбердегі әріптер» болуы мүмкін. Ойын үшін қағазға әліпбиді жазу керек, содан кейін әр әріпті қиып алып, оларды үстелге шеңбер етіп орналастыру керек. Содан кейін баладан шеңберде тұрған әріптерді пайдаланып сөздерді тауып, құрастыруды сұрау керек. Бұл ойын балаға әліпбидегі әріптерді және олардың ретін тезірек тануға көмектеседі. Оқу ойындары балаларға мәтінді жақсы түсінуге, оқу дағдыларын жақсартуға және сөздік қорын кеңейтуге көмектеседі. Ең бастысы – бала оған қуана қатысуы үшін ойындар қызықты болуы керек. Қазақта «Баланың ойынын тыйма, ойын тыясың» деген аталы сөзі біздің бала тәрбиелеуде, санасы мен мінезін тәрбиелеуде ойынды басты құрал еткеніміздің тектен -тек емесі тағы да көрініс тапқаны ғанибет емес пе. Қазіргі кезде лэпбуктерді оқу процесіне жеке дара балаларды интеллектуалды жетілдіру мақсатында қолданамыз. Білім берудегі олқылықтарды жетілдіру сабақтарында жекелеген балалардың оқуын дамытуда жақсы жетістіктерге қол жеткіздік. Лэпбуктердің тиімділігі оның әр бөлігінің бірнеше бағыттағы тапсырмалар ұйымдастыруға ұтымдылығында. Оның жинақы әрі көп қырлылығы бала мен педагог үйретуші үшін таптырмас үйрену алаңы.

Ұсыныстар

Оқуды үйренудегі қиындықтарды қалай жеңуге болады? Дислексия және басқа оқу бұзылыстары бар баланың оқуды үйренуі ұзақ процесс. Дислексия және басқа оқу бұзылыстары баланың оқуды үйренуін қиындатады, бірақ оларды арнайы әдістер мен тәсілдер арқылы басқаруға болады. Оқуда қиындық көретін балаларды оқуға үйрету үшін бірнеше қадамдарды ұйымдастыруға болады:

- ▶ ақпаратты қабылдауға көмектесетін аудио кітаптар мен бағдарламаларды пайдалану;
- ▶ дислексиямен ауыратын балалар үшін бөлмеден алаңдататын нәрселерді алып тастау;
- ▶ арнайы қаріптер мен әріп өлшемдерін пайдалану;
- ▶ оқуға жеткілікті уақыт беру;
- ▶ оқу үшін қолайлы жағдай жасау.

Сондай-ақ, балаға оқу бұзылыстарын жеңуге, қолдау көрсетуге және оқу дағдыларын дамытуға көмектесетін логопед, дефектолог, психолог және басқа сарапшылармен бірлікте жұмыс атқару жемісті болады. Егер бұл процесте тиісті шаралар қабылданса және қолдау көрсетілсе баланың дамуына еш кедергі болмайды. Дислексия және басқа оқу бұзылыстары кедергі болып табылмайды.

Балалардың оқудан жалығуы мүмкін бе? Балаларда кей уақыттарда оқудан жалығатын немесе мүлде оқуға құлқы болмайтын жайттар да кездесуі заңдылық. Ондай жағдайлар балада оқуға деген қызығушылығы әлі қалыптаспаған тұрғыда болады. Бірақ балаға бұл мәселені жеңуге көмектесетін бірнеше әдіс бар.

1. Баланы қызықтыратын тақырыптағы мәтінді, кітапты таңдаймыз. Оқу бала үшін қызықты әрі оқығанын түсінуді керек, әйтпесе оның қызығушылығы тез жоғалады.
2. Иллюстрацияланған кітаптар сияқты әртүрлі оқу пішімдерін қолданамыз. Бұл баланың мәтін мазмұнын оңай қабылдауына, содан кейін басқа кітаптарға қызығушылығын арттыруға көмектеседі.
3. Өзіңіз дауыстап оқыңыз немесе қызықты оқи алатын басқа біреуді шақырыңыз. Бұл балаға ертегінің, әңгіменің мазмұнын жақсырақ түсінуге көмектеседі.
4. Балаларды мектеп кітапханасына апарып, өз бетінше кітап таңдауына, өздерін тәуелсіз сезінулеріне мүмкіндік беруіміз керек.

5. Жаңа сөздерді есте сақтауға және мәтіннің мағынасын түсінуге көмектесу үшін суреттер, әндер немесе флэш-карталар, атрибуттар сияқты қосымша материалдарды пайдалану керек.

Қорытынды




Қорытындылай келе, балалар оқуды үйренген сайын олардың дағдылары біртіндеп дамиды. Егер бала оқуға бірден қызығушылық танытпаса, оны оқуға мәжбүрлемеген дұрыс. Уақыт өте келе оқу дағдысы баланың ес, жады, зейін, қабілеттерінің оянуына сай қалыптасатын болады. Сайып келгенде, ең бастысы, баланың оқу қуанышын сезінуіне және кітапқа деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына ықпал ету. Кітап оқуға үйрету – мәдени тәрбие берудің бастауы. Сондықтан «Мәдени тәрбие беру мектеп пен қоғамның міндеті, ал отбасы бұл салада ештеңе істей алмайды деп есептейтін ата-аналар қатты қателеседі» [6, 293]. Отбасы мүшелері ерекше балаларды оқуға үйретуде мектеппен бірлесіп бірлікте жұмыстанулары тиіс. Педагог мамандардың қолдауымен іске асқан оқу әрекеті жемісті болатыны анық.

ЕББҚ бала оқуда қиындық туғызса, оқуды үйрену ұзақ уақыт алуы мүмкін екені




мәлім процесс. Сондықтан шыдамдылық пен баланы жігерлендіруді есте ұстаған жөн. Оқыту біртіндеп және ақылға қонымды шектерде болуы керек. Әрбір бала бірегей және оқу дағдыларын меңгеру үшін әр түрлі уақыт пен тәсілдерді қажет етеді.

Оқуды үйренуде мадақтау мен қолдау маңызды рөл атқарады. Баланың әрбір жетістігі үшін, тіпті ең кішкене жетістігі болса да мақтап, мадақтау керек. Бұл оның мотивациясын сақтауға және одан әрі дамуына көмектеседі. Баланың кітап оқудағы әрбір жетістігі алға басқан қадам. Егер бала қиындыққа тап болса, оған сәтсіздікке ұшырағандай сезінуге жол берілмейді. Оның орнына оған қиындықтарды жеңу және оқуды жалғастыру жолдарын табуға көмектесек, оқуды реттеу әлдеқайда мүмкін болады.




Оқуға үйрету процесі оқу дағдысын меңгеру ғана емес, сонымен бірге баланың оқуға деген сүйіспеншілігін тудыру болып табылады. Бала оқу дағдыларын сәтті меңгерген кезде оның жазу сауаттылық дағдысы да қатар дамыды. Жазу дағдысының қалыптасуы оқуды үйрену кезеңінде бірлікте іске асырылып, оқушының даму деңгейін көрсетті.



1, 2, 3-сурет



4, 5, 6-сурет



7, 8, 9-сурет

Оқуға үйрену процесі барысында жазылм дағдысы, атап айтқанда естіп жазу (жатжазу) жақсы деңгейде көрсеткіш көрсете алды. Мұнымен тоқтап қалмау керек, болашақта оқу дағдылары мен оқуға құмарлықты дамытуды жалғастыру маңызды. Сондай-ақ баланы өзінен басқа оқуды жақсы көретіндермен қарым-қатынас жасауға ынталандыру керек. Оның кітапханаға, кітап көрмелеріне және оқуға құмар басқа балаларды кездестіруге болатын әдеби іс-шараларға баруын ұйымдасты-

рамыз. Сонымен қатар бала өз бетімен оқуды білсе де, онымен бірге кітапты дауыстап оқуға болады. Бұл оның сөздік қорын дамытуға, әртүрлі стильдер мен жанрларды сіздің дауыс ырғағыңыздан сезініп, түсініп үйренуге көмектеседі. Қорыта айтқанда, оқу – бұл дағдыларды дамыту ғана емес, баланың болашағына жол ашатын, педагогтен кәсіби біліктілікті талап ететін күрделі процесс болып табылады.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Байтұрсынов А.** Тіл тағылымы, – Алматы: Ана тілі, 1992. - 23 б;
2. **Елисева И.Г., Чумакова О.Ф.** Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику. Методические рекомендации. – Алматы, 2015. - 315 с;
3. **Сиротюк А.Л.** Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения. – М.: ТЦ Сфера, 2003. - 164 с;
4. **Выготский Л.С.** Собр. Соч. В 6-ти. Т.3. – Москва, 1983. - 510 с;
5. **Жұмбаев М.** Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 138 б;
6. **Лурия А.Р.** Нейропсихология памяти. – Москва: Педагогика, 1974. - 52 с;
7. **Есқазиева С.** Мағжан Жұмбаевтың «Педагогика-сын» оқыту. – Алматы, 2008. - 16 б;
8. **Макаренко А.С.** Книга для родителей. – Москва: Педагогика, 1988. – 293 с;
9. **Зайцева Г.** Дактилология. Жестовая речь Учебное пособие для педагогических институтов. – Москва: Просвещение, 1991 - 89 с.

● ОБУЧЕНИЕ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Есениязова А.К.

КГУ «Средняя школа имени Ахмет Байтұрсынұлы»
отдела образования Махамбетского района управления
образования Атырауской области

Аннотация. В данной статье обсуждается важность образования для развития детей с особыми потребностями, представляя выводы и рекомендации исследователей, которые изучали методы обучения. Статья очерчивает эффективные аспекты учебно-образовательной деятельности во время знакомства с алфавитом и буквами, включая обучение фонетическому анализу слов, особенности обучения чтению слов и фраз, пользу развития навыков чтения вслух, помощь метода «чтения пальцем» для ребенка, шаги к освоению новых слов, игры, связанные с обучением чтению, и способы мотивации к самостоятельному чтению. Также рассматриваются проблемы дислексии и «незаинтересованного чтения» в процессе обучения, и исследование завершается предложенными показателями развития для детей с особыми потребностями и обсуждением, как продолжать развивать навыки чтения после завершения процесса обучения.

Ключевые слова: развитие детей с особыми потребностями, обучение чтению, методы обучения

● TEACHING EDUCATIONAL ACTIVITIES TO CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Yeseniyazova A.K.

KSU «Akhmet Baitursynuly Secondary School» of the Makhambet district Education Department
of the Atyrau region

Abstract. This article discusses the importance of education for the development of children with special needs, presenting the findings and recommendations of researchers who have studied teaching methods. The article outlines effective aspects of educational activities during acquaintance with the alphabet and letters, including teaching phonetic analysis of words, features of learning to read words and phrases, the benefits of developing reading skills, the help of the “finger reading” method for a child, steps to learn new words, games related to learning to read, and ways of motivation for independent reading. The problems of dyslexia and “disinterested reading” in the learning process are also considered, and the study concludes with proposed development indicators for children with special needs and a discussion on how to continue to develop reading skills after completing the learning process.

Keywords: developing special needs children, teaching to read, teaching methods

FTAMP 14.29.09

● БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУ ҚИЫНДЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ МЕН АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Искакова А.А.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Binom School мектеп-лицейі, Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада дислексия түсінігі, оның негізгі белгілері және адамның күнделікті өміріне әсері, дислексияның ықтимал себептері, әсер ететін факторлары туралы айтылады. Сондай-ақ дислексия белгілері бар балаларға көмектесудің әртүрлі әдістері қарастырылады. Тиімді көмек көрсету мақсатында дислексияны диагностикалау мен емдеудің заманауи зерттеулері мен тәсілдері талданады.

Түйінді сөздер: дислексия, диграфия, дискалькулия, диагноз, дезориентация.

Кіріспе

Дислексия – бұл оқу кезінде, сондай-ақ мәтін жазу кезінде сөздерді тез және анық танудың қиындықтарымен сипатталады. Мұндай құбылыс баланың оқығанын түсінбеуінен, сәйкесінше материалды игермеуінен байқалады. Дер кезінде түзету жұмыстары болмаған жағдайда сөздік қоры толықтырылмай, барлық пәндер бойынша қиындықтар туындап, баланың жаңа білім алуға деген ынтасы жоғалады. Мұқият бақылаған кезде балада дислексия белгілері айқын көрінеді. Патологияның негізгі белгілері:

- ▶ Сөздердегі әріптер немесе буындардағы оқу тәртібінің өзгерісі;
- ▶ Мәтіндегі сөздерді дыбысқа сәйкес келетін сөздермен ауыстыруы;
- ▶ Оқушының негізгі оқу дағдыларын игерудегі қиындықтары;
- ▶ Оқу жылдамдығының нашарлығы;

- ▶ Баланың әңгімелерді, ережелер мен оқу материалдарын дауыстап оқудан бас тартуы.

Осыған дейінгі зерттеулер «дислексия» түсінігі ақыл-естің төмендігі және басқа ментальді мәселелермен тікелей байланысы болғанын айтса, соңғы зерттеулер көру, есту және интеллект бұзылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстардың жоқтығын дәлелдеді.

1977 жылы неміс терапевті, ғалым Адольф Куссмаул, кейінірек ағылшын терапевті В.Прингл Морган (1986) интеллектісі сақталған балалардағы оқудың бұзылу жағдайын сипаттады. «Дислексия» терминін алғаш рет 1887 жылы офтальмолог Рудуольф Берлин енгізген.

Қазір дислексия терминінің мағынасын сипаттайтын көптеген сипаттамалар бар. Батыс (A.W.Ellis, T.R.Milles, P.Ott, R.G.Rudel, R.Davis, P.A.Aroon, H.W. Catts) ғалымдары дислексияға оқу, жазу, емле, санау және

басқа да бұзылыстарды жатқызса, ресейлік (Г.А.Каше, А.Н. Корнев, Р.И. Лалаева) зерттеушілер дислексия терминін тек оқудың бұзылуы деп түсіндіреді. Бүгінгі таңда Халықаралық Дислексия Қауымдастығы (IDA) ұсынған шетелдік және қазақстандық мамандар жиі қолданатын түсінік: «Дислексия – бұл нейрологиялық шығу тегі бар оқытудың ерекше қабілетсіздігі». Ол нақты сөздерді тану кезінде пайда болған қиындықтар мен жеткіліксіз оқу және жазу дағдыларымен сипатталады.

Қазақстанда дислексиямен жұмыс 1976 жылдан, түзету жұмыстарын диагностикалау тақырыптары логопедтерді даярлау бағдарламасына енген кезден бастап шешілуде. Бұл кезеңді шартты түрде логопедиялық деп атауға болады. 2018 жылдан бастап дислексия проблемасы логопедиядан психологиялық-педагогикалық бағытқа көшті.

Дислексия белгілері:

1. Оқығанда, кітапты тым жақын ұстайды.
2. Көзіге байланысты мәселелер пайда болады.
3. Жазуы нашар, әріптері түсініксіз.
4. Оқу кезінде ол бір көзін аздап немесе мүлдем жауып алады.
5. Басын бұрып, бір көздің жұмысын блоқтайды.
6. Оқу кезінде немесе одан кейін бас ауруы.
7. Басын алға-артқа шайқайды.
8. Көзін жиі уқалайды.
9. Тез шаршайды.
10. Оқу үлгерімі жасына сай емес.
11. Оқу кезінде ол сөздерді өткізіп жібереді.
12. Шамамен бес жасында әріптер мен сөздерді кері жазады.
13. Оқу мен үй тапсырмасын орындағысы келмейді.
14. Негізгі геометриялық фигураларды есте сақтау, анықтау және көбейту қиынға соғады

Дислексия түрлері:

Фонематикалық дислексия – дыбыстық-әріптік бұзылыстар.

Семантикалық дислексия – техникалық тұрғыдан дұрыс оқылған сөздердің, сөйлемдердің, мәтіннің бұзылуында көрінетін оқу түрі.

Аграмматикалық дислексия – сөйлеудің грамматикалық құрылымының бұзылысы.

Мнестикалық дислексия – дыбыс пен әріп арасындағы байланыстарды орнату процестерінің және сөйлеу жадының бұзылуы.

Оптикалық дислексия – кеңістіктегі сөздерді және сөйлемдерді оқығанда көрнекі әріптерді бір-бірінен («О» және «С», «Р» және «Н», «D» және «А») ажырата алмауы. Бала оқып жатқанда бір сызықтан екіншісіне секіріп немесе кері (оңнан солға қарай) оқуы.

Тактильді дислексия – оқу үшін Брайль алфавитін қолданатын зағип адамдарда кездеседі. Бұл әріптерді жанасу арқылы анықтаған кезде олар дұрыс қабылданбайтындығында немесе адамға қажетті жолға назар аудару қиынға соғатындығымен көрінеді.

Жоғарыда сипатталған дислексия белгілері анықталған кезде бала логопед, психолог, психоневролог, балалар невропатологында тексеруден өтуі қажет. Диагностикалық тексеруде офтальмологтың және невропатологтың электроэнцефелограмма жүргізуімен консультациясы енгізілуі мүмкін. Ең алдымен жұмысты логопед маманнан бастау керек, себебі арнайы мамандар мәселенің бағыты мен түзету жолдарын біледі.

Әдістеме

Мектеп оқушыларында дислексияны анықтау және түзетудің бірнеше әдістері бар. Ең танымал әдістердің бірі Р. Дэвис және А. Н. Корнев әдістері.

Р. Дэвис оқу мәселелерін зерттеу орталығының негізін қалаушы, АҚШ-тың Калифорния штатындағы дислексияны тү-

зету орталығында дислексияны түзетудің тиімді әдісін жасады. Р. Дэвис әдісі көп жағдайда 99% сәтті нәтиже береді.

Р.Дэвис әдісі бойынша дислексия белгілерін талдайтын бірнеше параметрлер бар. Олар:

- ▶ анамнез (анасында жүктілік және бо-сану кезеңі, сырқат болуы);
- ▶ сөйлеуі;
- ▶ артикуляция;
- ▶ ұсақ моториканың даму дәрежесі;
- ▶ лексика, грамматика, фонематика, дыбыстық айтылым, сөйлеуінің дамуы;
- ▶ жазбаша сөйлеуі (үлгіден көшіріп жазу, диктант жазу);
- ▶ оқуды меңгеру деңгейі (қарқыны, дұрыстығы, оқу тәсілі, мәтінді түсіну, типтік қателіктердің болуы);
- ▶ сөйлеуді талдау және синтездеу күйі;
- ▶ әріптерді визуалды танудың қалыптасу деңгейі;
- ▶ кеңістіктегі бағдарлау күйі.

Р.Дэвис әдісі тек жазбаша тілді үйретіп қана қоймай, ол өзін-өзі ұйымдастырудың дағдыларын қалыптастырады.

Р. Дэвис бойынша оңай оқып үйренудің үш қадамы бар.

Бірінші қадам – әріптермен оқу. Мақсаты: оқу кезінде баланы солдан оңға қарай назарын аударуға үйрету, әріптерді сөз ретінде тануды үйренуге көмектесу. Бұл кезеңде сөздердің мағынасын түсінудің қажеті жоқ. Басты мақсат – сөздегі әріптерді тану және оларды сол тәртіпте оқып үйрену. Бұл әдіс ми мен көзді оқу кезінде солдан оңға қарай өтуге үйретеді.

Дислексиктер көбінесе оқумен байланысты қиындықтарға тап болады, олар тым жылдам оқуға тырысады немесе оқылатын материалға көп көңіл бөледі. Сондықтан оларға оқу үшін күрделі емес ең жеңіл кітапты таңдау керек. Егер балада мәтіндегі көп сөздерді көргенде шатасу

пайда болса, сіз оқылатын мәтіннің астындағы мәтін жолдарын қағаз парағымен жаба аласыз. Баланың бағдарын шатастырып алмау өте маңызды. Бала назарын жоғалтып алған жағдайда үзіліс жасау қажет.

Екінші қадам – көзбен жүгіртіп, әріптерді қосып оқу. Мақсаты: солдан оңға қарай көзбен оқу арқылы сөздерді тану. Егер бала жаңа оқығанын айта алмаса, онда сөзді қайтадан оқудың қажеті жоқ. Керісінше, әріптерді оқып, қалай елестететіні туралы, бұл нені білдіретіні туралы сұраңыз, содан кейін оны қайта оқытыңыз. Әріптерді тану кезінде жеңілден күрделіге қарай ауысып отыруы керек.


Үшінші қадам – суреттердегі тыныс белгілері. Мақсаты: оқылатын ақпаратты түсіну.

Кез келген мәтінде әр аяқталған ойдан кейін тыныс белгілері бар, олардың көмегімен мәтін мазмұны ерекшеленеді. Тыныс белгілері арқылы аяқталған ойды елестетуге немесе сезінуге болады. Оқып болған мәтіннен соң баладан не түсінгенін, тыныс белгілерінің мағынасын сұраңыз. Егер бала түсінбеген жағдайда арнайы сөздіктен қарап түсіндіруге болады.

А.Н. Корнев әдістемесі оқу мен жазудағы қиындықтарды анықтауға көмектеседі. ДЕАӘ (МРВД) әдістемесін 6-8 жастағы балаларды жаппай профилактикалық тексеру кезінде қолданған жөн. Әдістеме арнайы жабдықты қажет етпейді, мұғалімдерге де, ата-аналарға да пайдалануға қол жетімді. Орындау уақыты: 5-8 минут. Аталған әдістеме 1-суретте көрсетілген.

А.Н. Корнев әдістемесі төмендегідей тапсырмалардан тұрады:

1. «Сөздерді ретімен айту».
2. «Дыбыстарды қайталау»
3. «Жұдырық, қабырға, алақан» әдісі
4. «Сандарды қайталау»
5. «Оң, сол» бағыт-бағдарды анықтау
6. «Сурет бойынша әңгіме құрастыру».

Проба	Керсеткіш	Пікірлер	Балл
1. Сөздерді ретімен айту	Жыл мезгілдерінің атауы: тәртіп бойынша дербес, реті бойынша көмек, қате жауап, жауап жоқ Аптаның күндерін атау: тәртіп бойынша дербес, реті бойынша көмек, қате жауап, жауап жоқ		0-екі сұраққа да дұрыс жауап берді 2-бір сұраққа дұрыс жауап берді 3-бірде-бір сұраққа жауап бермеді
2. Дыбыстарды қайталау (Ритм)	Қарапайым дыбыстар ш; шш; шшш; шшшш иө жоқ Күрделі дыбыстар шшш; шшшш; шшшшш иө жоқ		0 – екі тапсырма да дұрыс орындалды-0 балл 2-тек қарапайым ритақтар орындалады 3-бірде-бір тапсырма орындалмады
3. Жұдырық-Қабырға-алақан бойынша әңгіме құрастыру	Демонстрациялар саны 1 2 3 4 5 Әрекет саны жетекші сұрақтар қолданылды элементтерді тізімдеу жауап жоқ Себеп-салдарлық байланыстарды түсіну толық жауап толық емес жауап жауап жоқ 		0-1-ші демонстрациядан кейін бір-екі әрекетті дұрыс ойнату 2-2 демонстрациядан кейін немесе бірінші әрекетте 3 2-әңгіме қате немесе тәуелсіз, бірақ әрескел қателіктермен (маңызды бөліктердің бос орындары, оқиғалар тізбегінің бұзылуы) жетекші сұрақтар бойынша құрастырылған 3-расказдың орнына заттар қайта есептеледі 4 - суреттердегі заттарды да тізімдемейді себеп-салдарлық байланыстар 0-дұрыс түсіндіруге үміттенемін 1-түсініктеме толық емес 3-анық емес Қорытынды баға-1 және 2 сомасы бойынша.

1-сурет: А.Н. Корнев әдісінің үлгісі

6,5-7,5 жастағы балаларды зерттеуде төмендегі критерий бойынша бағаланады: «Сөздерді ретімен айту», «Дыбыстарды қайталау», «Сандарды қайталау». Ұпай саны 5 тен көп болса, дислексияға бейімділікті көрсетеді.

7,5-8,5 жастағы балаларды зерттеуде «Сөздерді ретімен айту», «Сандарды қайталау», «Оң сол» бағыт бағдар және «Сурет бойынша әңгіме құрастыр» тапсырмалары бойынша бағаланады. Ұпай саны 5 тен көп болса, дислексияға бейімділікті көрсетеді.

Практикада қолдану


Қараша айынан бастап Астана және Атырау қалалары бойынша әр Vinom School мектеп-лицейінің психолог, логопед, дефектолог ұстаздары Р. Дэвис әдісі бойынша лицензияланған әдіскер, клиникалық психолог, педагогика ғылымдарының магистрі Е.С. Данилованың жетекшілігімен «Дислексия мен дисграфияны диагностикалау және түзету әдістері» курсынан өтті. Курс барысында теория, диагностика жүргізу және түзету-дамыту жұмыстары тәжірибеде көрсетілді.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Vinom School мектеп-лицейі мамандары төмендегі алгоритм бойынша жұмыстар жүргізді.

1. Мектепте бастауыш сынып ұстаздарына «Оқу қиындықтарының алдын алу және мектеп бағдарламасын сәтті игеруге дайындық» тақырыбында семинар өтті. Семинар барысында ұстаздар А.Н. Корнев әдістемесімен танысып, тәжірибеде қалай жүргізілетінімен та-

нысты. Диагностиканың мақсаты мен міндеті, ата-аналар мен ұстаздарға көмекші құрал екені түсіндірілді.

2. Ата-аналардың келісімі бойынша барлық бастауыш сынып оқушылары А.Н. Корнев бойынша диагностикадан өтті. Мектебімізде жалпы оқушылар саны – 1716. А.Н Корнев әдістемесі бойынша анықталған оқушылар саны – 133. Оның ішінде 7-еуі инклюзия тобындағы оқушылар.



1-кесте: А.Н.Корнев әдісі бойынша қорытынды

3. Анықталған 126 (7 инклюзия топтағы баланы қоспағанда) оқушының ата-аналарымен жиналыс өткізіліп, Р.Дэвис бойынша тереңдетілген диагностикаға келісім алынды.
4. Р.Дэвис бойынша тереңдетілген диагностикада әрбір оқушыны егжей-тегжейлі туған кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейінгі даму процесі зерттелінді. Зерттеу бойынша анықталған 63 оқушыда дислексия белгілері анықталды.
5. Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша оқушыларда төмен-

дегідей қиындықтар анықталды. Атап айтқанда:

1. Өлшем бірліктерге байланысты қиындықтар (кг, минут, ақша);
2. Математикалық амалдар (+, -, *, /);
3. Мәтіндердің мазмұнын, мағынасын, жеке сөздердің мәнін түсіну;
4. Өріптерді толық танымау (ь, ъ, й, ю, у);
5. Тыныс белгілерін назарда ұстамау;
6. Қатарды сақтамау;

7. Сөйлем арасында қандай әріппен жазуды ескермеу;
 8. Фонетикалық, фонематикалық бұзылыстар.
6. Жоспар бойынша анықталған оқушылардың әрбірімен 30 сағаттық жеке түзету-дамыту жұмысы жүргізіліп, динамикасы туралы мектеп әкімшілігіне есеп берілді.

Дислексияның алдын алу және түзету жаттығулары.

Түзету-дамыту шараларына логопед, психиатр және психолог қатысады.

Логопедпен сабақта бала, әдетте, артикуляция, дыбыстық әріптік байланыстарды нығайту бойынша жұмыс істейді, буындарды біріктіруді, ең бастысы – оқылған мәтінді түсінуді үйренеді. Бұл жағдайда балаға психологиялық көмек өте маңызды. Психолог логикалық және кеңістіктік қабылдауды қалыптастыратын әртүрлі әдістерді қолданады. Дислексияны түзетуге бағытталған барлық әдістер ойын түрінде ұйымдастырылуы керек.

Көптеген мамандар жұмыста Р.Дэвис сипаттаған стандартты емес әдісті қолданады. Ол қағазға жазылған сөздер мен символдарды, олардың қабылдауына байланысты проблемалардан арылуға болатын бейнелі өрнекті дайындауды қамтиды. Әдіс көмегімен бала қиялдай алады, ол өзінің бағдарлау нүктесін анықтайды. Түзету жұмыстары:

Пластилин – дислексиялық балалармен жұмыс істеуде тиімді болатын жалғыз құрал. Біріншіден, пластилин ерік-жігер мен шыдамдылықты дамытуға көмектеседі, өйткені бәрі бірден жұмыс істей алмайды. Бірақ, ең бастысы, пластилин саусақтардың, алақандардың және жалпы қолдың бұлшықеттерін нығайтуға көмектеседі. Илеу кезінде пластилин қызады, жылу саусақтарға беріледі. Бұл жүйке жүйесі мен бұлшықеттерге өте пайдалы. Қосымша құралдың келесі түрі – жас ерекшелігіне байланысты мәтіндер тізбесі. Мысалы:

1. Бір әріптен ерекшеленетін сөздер қатарын оқу: қол – сол, қыз – қыс, үтік – үтір, т.б.
2. Таңбалануы бойынша сөздер тізбесін оқу: күз, күн, көз, нан, нар, нұр, т.б.
3. Қате сөзді табу (бірдей жазылған, бір әріпі басқа сөзді табу): шаңғы, шаңғы, шанғы, шаңғы, ұй, ұй, үй, үй, т.б.
4. Бір әріп көмегімен сөздердің жуан және жіңішке болуы: Гүлназ – Гульназ, Ержан – Ерхан, аз – ас, шай – жай, т.б.
5. Бір-бірімен түбірі байланысты сөздер тізбегін оқу: су – сулы – судай, орман – орманшы, орманда, т.б.
6. Бүкіл мәтінді оқымас бұрын буын арқылы оқу және қиын сөздердің мағынасын нақтылау: ша-тыр-да, көк-тем-де-гі, ба-қыт-ты, т.б.
7. Аралас әріппен жазылған сөздерді оқу: ҚарАҒай, БЕЛдеМше, т.б.

Фонематикалық талдауды дамыту бойынша жұмыстың бастапқы кезеңдері сөйлеуге бағытталады. Алайда бұл әдіске ұзақ тоқталу ұсынылмайды. Логопедияның түпкі мақсаты – фонематикалық талдау әрекеттерін ақыл-ой тұрғысынан қалыптастыру.

Көптеген сарапшылардың айтуынша, екі бірдей дислексик болмайды, сондықтан түзету жұмыстары әрқашан жеке ерекшелігіне қарай жасалады. Көбінесе мұндай диагноз ересек өмірде де сақталады, сондықтан түзетуді мүмкіндігінше тезірек бастау маңызды.

Ұсыныстар

Кез келген басқа диагноз сияқты, дислексияның алдын алуға немесе оның дамуын бәсеңдетуге болады. Ол үшін алдын алу шараларын үнемі ескеріңіз.

- ▶ Балаларыңызға мұқият болыңыз. Сөйлеуі жылдам қарқынмен дамуы керек;
- ▶ Сөйлеуі кеш дамыса, себебін анықтауға тырысыңыз. Сөйлеудің дамуы қол моторикасының қалыптасуына өте тәуелді екенін көп адамдар біле бермейді.

- ▶ Сөйлеу функциясына жауап беретін ми аймақтарына импульстар саусақтардағы жүйке жүйесі арқылы жүретіндігі белгілі. Сондықтан балаларға сурет салу, мүсіндеу және басқа да жұмыстармен айналысу өте маңызды. Қазіргі таңда құм терапиясы, пластилин және т. б. арқылы сөйлеуді дамытудың заманауи әдістері қолданыла бастады.
- ▶ Баланың саусақтары монотонды әрекеттерге үйреніп қалмауы және дамуын тоқтатпауы үшін сабақтарды мезгіл-мезгілімен қиындатып отыру керек.
- ▶ Кішкентай баланы шаршатпау үшін сабақтар тым ұзақ болмауы керек.

Оқудың бұзылуы баланың бүкіл оқу процесіне, оның психикалық және сөйлеу дамуына теріс әсер етеді. Оны тудыратын механизмдер ауызша да, жазбаша да бұзылуларды қалыптастырады. Сондықтан сөйлеу мен психиканың барлық спектріне кешенді әсер ету арқылы бұл бұзылысты сәтті жеңу мүмкін.

Тапсырмаларды таңдау кезінде келесі принциптерді ескеру қажет: тапсырмалардың кезеңдермен күрделенуі, жаттығулардың көп мөлшерде болуы. Сонымен қатар дидактикалық принциптер: жеке көзқарас, қол жетімділік, көрнекілік, нақтылық. Дислексиялық балалар стандартты емес ойлауға қабілетті, бұл оларға туындаған мәселелерді креативті шешуге мүмкіндік береді. Олардың түйсігі жақсы дамыған, олар ізденімпаз және бай қиялға ие.

Қорытынды

Дислексияның этиологиясын түсіну үшін оның пайда болу себептерін түсіну маңызды. Уақытша аспект ретінде босанғанға дейінгі, босану кезеңі және босанғаннан кейінгі кезеңнің себептерін ажыратуға болады. Босанғанға дейінгі патологиялық себептер: гипоксия, инфекция, анаға әсер ететін күйзелісті жағдайлар.

Мұндай жағдайдың алдын алу үшін: салауатты өмір салтын ұстану; дұрыс тамақтау

нужет. Егер ас мәзірінде майлы теңіз балықтары мен теңіз өнімдері немесе жүктіліктің ортасынан бастап және босанғаннан кейін әйелдер балық майын қабылдаса, балаларда жүйке-психикалық дамудың жоғары көрсеткіштері байқалады. 2-2,5 жаста сөйлеу және ұсақ қол моторикасы жақсы дамыса, 4 жаста интеллектуалды дамудың жоғары деңгейі байқалады. Сонымен қатар жүктілік кезеңінде қандай да бір ауру немесе инфекция анықталса, дәрігер нұсқауын дұрыс уақытында орындау керек.

Босану кезеңінде көбінесе босану кезіндегі жарақаттардан сақтану маңызды. Босанудан кейінгі кезеңнің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, дұрыс таңдалмаған оқыту әдістемесі немесе денсаулығына бір дерттің себебінен зақым келу, ата-ананың баланың дамуына тиісті назар аудармауы да болуы мүмкін. Туылғаннан кейін, өмірдің алғашқы айларынан бастап, ата-аналар баламен үнемі сөйлесуі керек, қарым-қатынас дыбыстарды қабылдауға және оның жадында бейнелер жасауға мүмкіндік береді. Ол сөйлей бастағанда, әндер мен ертегілерді бірге ойлап тауып, баланы ертегіні немесе оқиғаны жалғастыруға және аяқтауға шақыра аласыз. Мектепке дейінгі жаста есте сақтау мен зейінді дамыту маңызды. Балада ойлау, есту және көру зейінін дамыту керек. Арқаға немесе қолға әріптерді жазу арқылы тактильді сезімдерді дамытуға болады.

Соңғы жылдардағы зерттеулер дислексияның пайда болуының генетикалық негізін көрсетеді. Қарапайым тілмен айтқанда, дислексия тұқым қуалайды, егер отбасында әкесі немесе анасы дислексик болса, онда балалардағы дислексияға бейімділік ықтималдығы өте жоғары болады.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Лалаева, Р.И., Венедиктова, Л.В.** Диагностика и коррекция нарушений чтения и письма у младших школьников /Р.И.Лалаева, Л.В. Венедиктова. – СПб.:Союз, 2001. 9 б.
2. **Лалаева, Р.И.** Нарушения чтения и пути их коррекции у младших школьников / Р.И.Лалаева. – СПб.: Союз, 2001. 25 б.

3. Логопедия / Под ред. Л.С. Волковой. – М.:ВЛАДОС, 2007. 470 б.
4. **Ефименкова Л.Н.** Коррекция устной и письменной речи учащихся начальных классов. – М.: Владос, 2001. 125 б.
5. **Корнев А.Н.** Нарушения чтения и письма у детей. – Санкт- Петербург, «Речь», 2003. 330 б.

● О СПОСОБАХ ВЫЯВЛЕНИЯ И ПРОФИЛАКТИКИ ТРУДНОСТЕЙ ЧТЕНИЯ И ПИСЬМА У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Искакова А.А.

Школа-лицей Vinom School имени Ахмета Байтурсынова
г.Астана

Аннотация. В этой статье рассказывается о понятии дислексии, ее основных симптомах и влиянии на повседневную жизнь человека, возможных причинах дислексии, факторах, влияющих на нее. Также рассматриваются различные способы помощи детям с симптомами дислексии. Анализируются современные исследования и подходы к диагностике и лечению дислексии с целью оказания эффективной помощи.

Ключевые слова: дислексия, диграфия, дискалькулия, диагностика, дезориентация.

● ON WAYS TO IDENTIFY AND PREVENT READING AND WRITING DIFFICULTIES IN PRIMARY SCHOOL CHILDREN

Iskakova A.A.

BINOM school school-lyceum named after Akhmet Baitursynuly
Astana city

Abstract. This article describes the concept of dyslexia, its main symptoms and impact on a person's daily life, possible causes of dyslexia, and factors affecting it. Various ways of helping children with dyslexia symptoms are also being considered. Modern research and approaches to the diagnosis and treatment of dyslexia are analyzed in order to provide effective assistance.

Keywords: dyslexia, digraphy, dyscalculia, diagnosis, disorientation.

МРНТИ 14.29.37

РАЗВИТИЕ ЗРИТЕЛЬНОГО ВОСПРИЯТИЯ У ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВОМ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Умарова С.А.КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции №2»
управления образования г.Шымкент

Аннотация. Одним из важных аспектов глубинного исследования психофизического развития детей с расстройствами аутистического спектра (РАС) является визуальное восприятие. Целью данного исследования является оценка эффективности программы психолого-педагогической поддержки, основанной на методологии прикладного анализа поведения в Аутизм-Центре «Асыл Мирас» г. Шымкент, на формирование зрительного восприятия у детей с РАС. Анализ показывает значительное влияние данной программы на формирование зрительного восприятия у детей с РАС, стандартизируя подход к обучению и обеспечивая эффективную помощь, опираясь на современные исследования и лучшие практики в этой области.

Ключевые слова: расстройство аутистического спектра, зрительное восприятие, прикладной анализ поведения.

Введение

В современных исследованиях акцентируется внимание на глубоком анализе разнообразных аспектов психофизического развития детей, что имеет значимость в контексте научного и практического применения. Одной из актуальных задач в области специального образования является изучение расстройства аутистического спектра.

Современная классификация расстройств развития включает две основные диагностические категории: детский аутизм и расстройство аутистического спектра (РАС) [1]. Расстройство аутистического спектра (РАС) — это расстройство психического развития, характеризующееся дефицитом социального общения и взаимодействия, а также ограниченными или повторяющимися моделями поведения, интересов и деятельности [2].

2000 жылы оған педагогика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді. Ол 2010 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының БД 14.65.02 біріккен диссертациялық кеңесінде «Мектепте жаратылыстану-ғылыми білім беруді дамытудың теориясы мен практикасы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 2019 жылдан Ресей Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының шетелдік мүшесі.

Д.М. Қазақбаева 200-ге жуық ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Олардың көпшілігі мектепте физиканы оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, үздіксіз білім берудегі сабақтастық, білім беруді стандарттаудың әдіснамалық негіздерін жасау проблемалары бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар ол жаратылыстану және физика пәндері бойынша білім тұжырымдамаларының, оқу бағдарламаларының, «Физика» пәні бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының, жалпы білім беретін мектептің 7 және 9 сыныптарына арналған «Физика және астрономия» жаңа буын оқулықтарының, 12 жылдық мектептің 11 және 12 сыныптарына арналған «Физика» оқулықтарының, 2019 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан 9-10 сыныптарға арналған жаңартылған мазмұндағы оқулықтардың, «Мек-

тепте жаратылыстану-ғылыми білім беруді дамытудың теориясы мен практикасы» атты монографияның, анықтамалық және әдістемелік құралдардың авторы.

Қазіргі таңда Данагүл Мұқажанқызы Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА әзірленетін (7-9-сыныптар, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптар) «Физика» пәнінен жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламасын дайындайтын топтың жетекшісі болып табылады.

Данагүл Қазақбаеваның ғалым және әдіскер-педагог ретіндегі еңбегі жоғары бағаланып, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде қол жеткен нәтижелері үшін еліміздің Білім министрінің Құрмет грамоталарымен (1996, 2003жж.), республиканың білім беру саласына сіңірген ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» (1997ж.) және «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған.

Білікті әдіскер әрі зерттеуші ғалым Данагүл Қазақбаева жаратылыстану бағытындағы білім салаларының академиялық мазмұнын, бағалау талаптарын және білім стандарттарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жолында жас сарапшылар мектебін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосуда.



ҚҰРМЕТТІ ЖАНБОЛ ОКТАБРЬҰЛЫ!

Сізді өміріңіздегі айтулы белес – мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырыңызды отандық орта білім беру мен мемлекеттік қызмет саласына арнап, педагогикалық ғылым салаларын дамыту мен болашақ педагог кадрларды даярлау ісіне зор үлес қосып келесіз. Еліміздің іргелі академиялық ортасы – Алтынсарин академиясын басқарған лауазымдық қызметте білікті басшы, шебер ұйымдастырушы және парасатты азамат еңбегімен танылып, жас әдіскер ғалымдар мектебін қалыптастыруға атсалыстыңыз.

Ғылыми педагогикалық ортадағы еңбегіңіз одан әрі еселеніп, мақсат-жобаларыңыз сәтті жүзеге аса беруіне тілектеспіз!

Құрметті Жанбол Октябрьұлы, мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Өзіңізге зор денсаулық, игі жақсылық пен отбасыңызға бақ-береке тілейміз!

**Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
ұжымы**

Жанбол Октябрьұлы Жилбаев – Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің басқарма төрағасы-ректор, п.ғ.к., профессор, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, «Құрмет» орденінің, «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері.

Жанбол Жилбаев – 1964 жылы 1 мамырда Қарағанды облысы Нұра ауданы Плаховка ауылында дүниеге келген. 1988 жылы Қарағанды педагогикалық институтын «Алғашқы әскер дайындық және дене шынықтыру» пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Қа-

рағанды оқу орталығынан экономист-есепші, 1999 жылы Д.А. Қонаев атындағы гуманитарлық университетінің Қарағанды филиалынан заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1988 жылы Қарағанды қаласындағы №88 орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәні жетекшісі болып бастап, кейін осы мектептің директоры болды. 1993-1995 жылдары аралығында Қарағанды қаласы Ленин аудандық білім беру бөлімінің басшысы, 1995-1996 жылдары Қарағанды қалалық білім бөлімінің басшысы, 1996-1999 жылдары Қарағанды облыстық білім басқармасы бастығының

орынбасары, 1999 жылы Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, 1999-2010 жылдары Қарағанды қалалық білім бөлімінің басшысы, 2010-2011 жылдары Қарағанды облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары, 2011-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласы бойынша Талдау және құқықтық насихат департаменті директорының орынбасары, 2012-2013 жылдары Қарағанды облысы әкімінің орынбасары, 2013-2020 жылдары аралығында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті қызметтерін атқарған. Алтынсарин академиясын басқарған уақытта орта білім жүйесін жаңғырту саясатын жүзеге асырып, XXI ғасыр талаптарына сай заманауи қазақстандық мектеп қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негізін дамытуға өз үлесін қосты.

Бүгінде таңда Жанбол Жилбаев Ертіс-Баян өңірінің ұстаздар ордасы – Марғұлан университетін басқаруда. Осы жыл-

дар ішінде жоғары оқу орны материалдық-техникалық тұрғыда орнықты қалыптасып, жоғары білім беру сапасы нығайды. Соның арқасында университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттері жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда академиялық әлеуеті артып, білім мен ғылым, өнер мен спорт салаларында әртүрлі жетістіктерге жетті. Сонымен қатар университет шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, оқытушылар мен студенттер академиялық ұтқырлық бойынша сол оқу орындарында тағылымдамадан өтіп, тәжірибе жинақтауда. Ж.Жилбаев басшылыққа келгелі педагогикалық оқу орны университет мәртебесін алды және қазақ археологиясының негізін салушы, академик Әлкей Марғұланның есімі берілді. Жанбол Октябрьұлының басшылығымен университеттің 60 жылдық мерейтойына, Әлкей Марғұланның 120 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар жоғары деңгейде өтті.



ҚҰРМЕТТІ ЗӘУРЕ АБДЫКЕНҚЫЗЫ!

Сізді өмір жолындағы биік белес – 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырыңызды білім-ғылым жолына арнап, отандық математика ғылымы салалары және мектеп математикасын оқытудың академиялық мазмұны, сапасы және білім стандарттарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ісіне зор үлесіңізді қосып келесіз.

Сіз ғылыми академиялық ортада зерделі сарапшы әрі кәсіби шебер маман ретінде танылған және әдіскер ғалымдар мектебін қалыптастыруға атсалысудасыз.

Қымбатты Зәуре Абдыкенқызы, айтулы күнде Сізге зор денсаулық, толайым табыс пен бақ-береке тілейміз!

**Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
ұжымы**

Зауре Абдыкеновна Жұмағұлова – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD.

Еңбек жолын 1986 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетін тәмамдағаннан кейін мұғалімдік қызметтен бастады. 1986-2005 жылдары Ақмола облысы мектептерінде математика пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және мектеп директоры қызметін атқарды. 2005-2011 жылдары «Оқулық» РҒПО-ның ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері және ғалым хатшысы лауазымында еңбек

етті. 2011 жылдан Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында жетекші ғылыми қызметкер лауазымында табысты жұмыс жасауда. 2019-2020 оқу жылы Академияның Орта білім мазмұны институты директорының орынбасары қызметінде болды.

Академия ұжымына зерттеуші ғалым, білікті маман, әдіскер әрі практик ретінде танылған З.Жұмағұлова мектептің математика курсы оқытуды ғылыми-әдістемелік және әдіснамалық сүйемелдеу жұмысын жоғары жауапкершілікпен жүзеге асырып келеді. Ол жаңа оқу жылының басты құжаты – Әдістемелік нұсқау хатын

әзірлеу жұмысына да белсенді қатысады. Оның табанды еңбегі арқасында жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптарына, 12 жылдық оқытуға көшу бойынша тәжірибелік мектептердің 5-12 сыныптарына арналған оқу бағдарламалары, 1-11 сыныптарға арналған оқу жоспарлары, Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде оқытатын мектептерінің 5-8 сыныптары үшін өтпелі оқу бағдарламалары әзірленді.

3. Жұмағұлованың ғылым жолында жеткен жетістіктері де бір төбе. Ол РФ Мәскеу қаласында мектеп математикасын оқыту әдістемесі бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Әдіскер ғалымның 50-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері, оның ішінде математика пәнінің 36 оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендері, Халықаралық ғылыми-өлшемдік деректер (Scopus пен Web of Science) базасына тіркелген журналдар мен халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрген жарияланымдары бар. ЖОО-ның математика ғылымы магистранттарының диссертациялық жұмыстарына жетекшілік жасайды.

«Ғылымдар патшасы – математика» ілімінің маманы орта білім беру деңгейлері арасында, сол сияқты ЖОО-лар мен мектептер арасындағы білім беру мазмұнының сабақтастығы мәселесіне сарап-

тама жасап, еліміздің педагогикалық қауымдастығына математика пәнін оқыту әдістемесіне арналған курстар, вебинарлар мен форумдарды тұрақты жүргізеді. 2022 жылы ҚР математика мұғалімдері съезінің секциялар жұмысын ұйымдастырып, модератор қызметін атқарды.

Сонымен қатар Зәуре Жұмағұлова «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК сарапшысы, ҰБТ-дағы республикалық апелляция комиссиясының, республикалық орта білім беру ұйымдары білім алушыларын қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның, мектептерге халықаралық мәртебе беру бойынша республикалық комиссияның мүшесі және отандық педагогика ғылымы саласы бойынша диссертациялық кенестің уақытша мүшесі болып табылады.

Білім және ғылым саласындағы ұзақ жылғы адал еңбегі мен толайым табыстар үшін Зәуре Абдыкенқызы «Ыбырай Алтынсарин» тәсбелгісі (2020 ж.), «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» медалі (2000 ж.), «Халық алғысы» (2020 ж.) медалі және т.б. жоғары наградалармен марапатталған.

Зәуре Абдыкенқызы тұлғалық қасиеттері мен кәсіби білім-білігі қызметтес жастарға өнегелі үлгі екені сөзсіз.



ҚҰРМЕТТІ МАЙРА САЙЫМҚИЗИ!

Сізді өмір жолындағы биік белес – 50 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жоғары мектептегі оқытушылық қызмет пен ғылыми ізденіс жолын ғылыми-әдістемелік зерттеулермен ұштастыра отырып, еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, кәсіптік және техникалық білім беру салалары, олардың академиялық саясатын жүзеге асыруға өзіндік үлесіңізді қосып келесіз. Сіз үздіксіз білім беру саласының білікті де тәжірибелі сарапшы маманы ретінде шыңдалып, білім беру мазмұнын қазіргі заман құндылықтары және құзыреттерімен байытуға атсалысудасыз.

Майра Сайымқызы, мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, игі жақсылық пен бақ-береке тілейміз!

**Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
ұжымы**

Майра Сайымқызы Сапиева – педагогика ғылымдарының кандидаты, Алтынсарин академиясының Үздіксіз педагогикалық білім беру орталығының жетекші ғылыми қызметкері, білікті сарапшысы.

Майра Сапиева 1997 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін тәмамдап, еңбек жолын осы ЖОО-да оқытушы болып бастайды. 2007-2020 жылдар аралығында Қостанай мемлекеттік университеті Өнер кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2004-2008 жылдары Еуразия гуманитарлық институтының аспирантурасында «Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдіс-

темесі» мамандығы бойынша оқып, 2010 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 2020-2021 оқу жылы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінде жұмыс істеді. 2021 жылдан Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында еңбек етіп келеді.

Алтынсарин академиясындағы қызмет жолында Майра Сайымқызы мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби дамуы бойынша қазақстандық мазмұнға ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізді, кәсіптік-техникалық бағытта

мамандар даярлаудың білім беру бағдарламалары мазмұнына сәйкестігіне талдау жасады, Педагогтердің кәсіби стандартын (2022 ж.) және оның әдіснамасын әзірледі. Сонымен қатар ол Педагогтердің кәсіби стандарт нормаларын сынақтан өткізіп, аталған стандартты валидациялау бойынша жұмысты орындады. Сондай-ақ МЖМБС талаптары бойынша педагогикалық және инклюзивті білім беру, қашықтықтан оқыту, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі тұрақты жұмыс тобына қатысады. Қазіргі таңда педагогтердің қолданыстағы кәсіби стандартын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

2015-2017 жылдар М.С. Сапиева ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде іске асырылған «XX-XXI ғғ. тоғысында Қазақстан композиторларының академиялық аспаптық музыкасы (1980-2014жж.)» ғылыми жобасына жетекшілік етті.

2021-2023 жылдар аралығында М.С. Сапиева «Білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде іске асырылған «Үздіксіз кәсіптік педагогикалық білім берудің қазіргі жай-күйін зерттеу және Lifelong Learning Teacher (педагогикалық үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын әзірлеу» ғылыми зерттеу тобының мүшесі ретінде қатысты. 2021-2023 жылдар аралығында Оқу-ағарту министрлігінің педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының 2020-2023 жылдарға арналған білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу жөніндегі Сараптамалық кеңес жұмысына да атсалысты.

Майра Сайымқызы 2022 жылдан еліміздің Ғылым және жоғары білім министрлі-

гінің Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша сарапшысы, ал 2023 жылдан Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, қосымша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі Салалық кеңесінің мүшесі және 2024 жылдан ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Талап» КеАҚ Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының сарапшысы.

Ғалым М. Сапиеваның 100-ден аса ғылыми еңбегі, оның ішінде Scopus дерекқоры журналдарындағы мақалалары, бірнеше монографиясы мен оқу құралдары, №43656 «Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің деңгейлік мазмұны (ұлттық біліктілік шеңбері бойынша 5-8 деңгейлер)» авторлық куәлігі бар.

Майра Сайымқызы жоғары білім беру саласындағы ұзақ жылғы адал еңбегі үшін Қостанай облысы әкімінің Құрмет грамотасы (2011 ж.), «Университеттің дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (2014 ж., 2019 ж.), ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы (2016 ж.), Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (2019 ж.), ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Оқу-ағарту министрлігінің Еңбек сіңірген қызметкері» Құрмет дипломымен (2024 ж.) марапатталған.

Майра Сапиеваның үздіксіз педагогикалық білім беру саласындағы академиялық әрі білікті сарапшылық мол тәжірибесі қазіргі орта білім және кәсіптік білім беру саласын зерделеуші мамандар үшін өнегелі үлгі екені сөзсіз.

«АЛТЫНСАРИН АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жарияланымдарға қазақ, орыс, шет тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Мақалаларды авторлар мұқият тексеріп, өңдеуі керек.
2. Мақалалар компьютерде терілуі керек, аралық интервал – 1, өрістер: сол жағы - 30 мм, оң жағы - 15 мм, жоғарғы жағы - 20 мм, төменгі жағы - 20 мм, сондай-ақ «Windows-ке арналған Word» мәтіндік редакторындағы электронды мақала қабылданады.
3. Мақаланың көлемі (әдебиеттер тізімін, кестелерді, суреттер, олардың атауын қоса алғанда) 10 беттен аспауы тиіс.
4. Суреттер көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы тиіс.
5. Мақалалар келесі ережелерге сәйкес қатаң түрде рәсімделуі керек:
 - ▶ ФТАМР (ғылыми техникалық ақпараттың мемлекетаралық айдары) <https://grnti.ru/>;
 - ▶ мақаланың тақырыбы мақала мазмұнын толықтай ашуы керек және 12 сөзден аспауы керек. Техникалық параметрлер: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, қалың, абзац орталықтандырылған болуы керек;
 - ▶ автордың (авторлардың) аты-жөні мен тегі, сондай-ақ мекеменің толық атауы мынадай техникалық параметрлерге сәйкес келуі тиіс: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, орталықтандырылған абзац;
 - ▶ аңдатпа мақаланың негізгі ақпаратын қамтуы керек, көлемі 100 сөзден аспағаны жөн. Аңдатпа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. Аңдатпа келесі параметрлерді сақтауы керек: кегль - 12 пункт, гарнитура - Times New Roman, көлбеу (курсив), солдан оңға шегініс - 1 см, жоларалық интервал – дара;
 - ▶ түйінді сөздер аңдатпадан кейін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс және 4-7 сөз жеткілікті. Түйінді сөздер келесі параметрлерді сақтауы керек: кегль - 12, гарнитура - Times New Roman, көлбеу (курсив), сол-оң жақ шегініс - 1 см, жоларалық интервал – дара;
 - ▶ мақала мәтіні: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, жоларалық интервал – дара;

Мақаланың құрылымы: кіріспе, әдістеме, практикада қолдану, ұсыныстар, қорытынды және қолданылған деректер тізімінен тұрады.

МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (1500 – 2500 сөз)

Кіріспе (200-400 сөз)

Кіріспеде әдістемелік мақала тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін жазылу керек. Мақаланың мақсаты мен міндеттерін тұжырымдап, осы тақырып бойынша жазылған отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалады.

Әдістеме (400-750 сөз) (*технологияны қолдану / озық педагогикалық тәжірибе / авторлық бағдарлама / әдіс / тәсіл*)

Бұл бөлімде әдістеменің толық сипаттамасы ұсынылады. Оның ерекшеліктері, негізгі реттілігі мен принциптерін сипаттау керек. Білім беру немесе оқушылармен жұмыс істеу процесінде қолданылатын әдістер жазылады.

Практикада қолдану (500-850 сөз)

Бұл бөлім әдістемені іс жүзінде қалай нақты қолданылғанын көрсетуге арналған. Сабақтар, авторлық бағдарлама, жобалар немесе басқа білім беру іс-шаралары сияқты әдістемені нақты білім беру процесінде қолдану барысын келтіреді. Әдістемені қолдану нәтижелерін талдау және оның тиімділігіне баға береді. Сонымен қатар осы бөлімде әдістемені қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері де жазылады.

Ұсыныстар (200-250 сөз)

Ұсыныстар бөлімінде басқа педагогтерге әдістемені оқу процесіне сәтті енгізу бойынша ұсыныстар беріледі. Бұл әдістемелерді қолдануға дайындық бойынша кеңестер, нәтижелерді бағалау әдістері, әртүрлі оқу топтары мен контекстерге бейімделу және басқа да практикалық ұсыныстар жазылады.

Қорытынды (200-250 сөз)

Қорытынды – бұл әдістемелік мақаланың соңғы, бірақ маңызды бөлімі. Бұл бөлімде мақалада жазылған ойлардың, әдістемелердің, олардың практикада қолданылуы бойынша жалпы тұжырымы жасалынады. Қорытынды қысқа, бірақ мазмұнды болуы керек және педагогтердің

практикалық қызметі мен білім беру процесін дамыту үшін зерттеудің маңыздылығын атап өтуі керек.

Қолданылған деректер тізімі

Осы журналға арналған әдебиеттер тізімінде мақала мәтінінде сілтеме жасалған дереккөздер ғана көрсетілуі керек. Тізімді жасамас бұрын, тізімдегі барлық дереккөздердің мақалада болғандығын тексеру керек. Сондай-ақ ел ішіндегі зерттеулер мен жарияланымдарға негізделген жұмыстарды қоса алғанда, отандық көздердің болуы міндетті. Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 сәйкес ресімделуі керек. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде берілуі керек. Мақалада келтірілген сілтемелер нөмірленген және төртбұрышты жақшада болады.

- ▶ кестелер мәтіндегі сілтемеден кейін орналастырылады, оларды мәтінде атап өту ретімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы болады. Диаграммалар мен графиктер кестелерді қайталамауы керек. Кестелердің материалы мәтінге қосымша сілтеме жасамай-ақ түсінікті болуы керек. Кестеде қолданылған барлық қысқартулар оның астында орналасқан жазбада түсіндірілуі керек;
 - ▶ суреттер TIFF кеңейтімі бар жеке файлдармен ұсынылады (*.TIF) немесе JPG (Word бағдарламасына ендірілмеген). Әр суретте мәтінде бір сілтеме болуы керек, суреттердегі нөмірлеу өтпелі болуы керек, суреттерге қолтаңбалар жеткілікті толық ақпаратты қамтуы керек;
 - ▶ қысқартулар тек жалпы қабылданған – өлшем атауларын, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдерді және т. б. қолдануға рұқсат етіледі;
 - ▶ математикалық формулаларды Microsoft Equation ретінде теру керек (әр формула бір объект).
6. Редакция мақаланы әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды. Талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға қабылданбайды.
7. Мақаланың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберілуі керек: **bak@uba.edu.kz**

8. Байланыс телефоны: 8(7172) 725882

9. Жеке бетте автор туралы мәліметтер болуы керек: толық аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (болған жағдайда), біліктілік санаты, жұмыс орны;

- ▶ мақаланың атауы және автордың (авторлардың) тегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде («Мазмұны» үшін);

10. Басылымда мақала жариялау ақылы. Бір мақала (көлемі 10 парақтық) құны - 5058 теңге тұрады.

Мақаланы қарау тәртібі

Журналдың электрондық поштасына келіп түскен мақалалар келесі талаптар бойынша қаралады:

- ▶ техникалық ресімделуі;
- ▶ құрылымға сәйкес жазылуы;
- ▶ журналдың тақырыптық бағытына сәйкестігі;
- ▶ лицензияланған Антиплагиат жүйесінде тексеру;
- ▶ жасанды интеллектіні қолдану;
- ▶ сараптамалық талдау (**рецензиялау**) жасау;
- ▶ редакция алқа мүшелерінің ұсыныстары негізінде қайта өңдеу және толықтыру.

Рецензиялау – мақалаға ғылым және пән салалары мамандары жүргізетін дербес жазбаша ғылыми бағалау. Рецензент бағалауы негізінде ғана редакция жұмысты журналда жариялайды. Мақала авторына оның қалауы бойынша сараптамамен (рецензиямен) танысуға болады. Сараптама (рецензия) қолжазба авторына рецензенттің қолы қойылмай және тегі, лауазымы, жұмыс орны көрсетілмей ұсынылады. Рецензиялауға журнал талаптарына сай келетін және мақала мәтіннің кемінде **70%-ы түпнұсқа** болып табылатын жұмыстар жіберіледі. Рецензиялау мерзімі - **2 апта**. Оң бағалау мақаланы жариялауға жеткілікті негіз бола алмайды. Мақаланы журналда жариялау туралы түпкілікті шешімді журналдың редакция алқасының мүшелері қабылдайды.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ МЕТОДИЧЕСКОГО ЖУРНАЛА «ВЕСТНИК АКАДЕМИИ АЛТЫНСАРИНА»

1. К публикациям принимаются статьи на казахском, русском, иностранных языках. Статьи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.
2. Статьи принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word для Windows».
3. Объем статьи (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.
4. Объем рисунков не должен превышать 1/4 объема статьи.
5. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:
 - ▶ МРНТИ (межгосударственный рубрикатор научной технической информации) <https://grnti.ru/>;
 - ▶ заглавие статьи должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 12 слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, жирные, абзац центрованный;
 - ▶ инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), а также полное название учреждения должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, абзац центрованный;
 - ▶ аннотация должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 100 слов, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman, курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;
 - ▶ ключевые слова (4-7 слов): на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman, курсив, абзац - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;
 - ▶ текст статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал - одинарный;

Структура статьи: введение, методика, практическое применение, рекомендации, заключение и список использованных источников;

СТРУКТУРА СТАТЬИ (1500-2500 слов)

Введение (200-400 слов)

Во введении следует изложить важность и актуальность темы методической статьи. Формулируя цель и задачи статьи, следует дать обзор отечественной и зарубежной литературы, посвященной данной теме.

Методика (400-750 слов)

В этом разделе будет представлено подробное описание методики. Необходимо описать, как она разработана, основные этапы и принципы. Записать методы, используемые в процессе обучения или работы с учащимися.

Практическое применение (500-850 слов)

Этот раздел предназначен для демонстрации того, как методика была применена на практике. Предоставить опыт применения автором конкретной методики, как уроки, авторская программа, проекты или другие образовательные мероприятия, в реальном образовательном процессе. Проанализировать результаты применения методики и оценить ее эффективность. В этом разделе также описать преимущества и недостатки использования методологии.

Рекомендации (200-250 слов)

В разделе с рекомендациями предоставить рекомендации для других педагогов по успешному внедрению методики в учебный процесс. Сформулировать советы по подготовке к использованию данных методик, методы оценки результатов, адаптацию к различным учебным группам и контекстам, а также другие практические рекомендации.

Заключение (200-250 слов)

Заключение - это последний, но важный раздел методической статьи. В данном разделе делается общий вывод по изложенным в статье соображениям, методикам, их практическому применению. Заключение должно быть кратким, но содержательным и подчеркивать важность исследований для развития практической деятельности педагогов и образовательного процесса.

Список использованных источников

В списке литературы для данного журнала должны быть указаны только те источники, на которые ссылаются в тексте статьи. Перед составлением списка следует проверить, что все перечисленные источники были упомянуты в статье. Также обязательным требованием является наличие отечественных источников, включая работы, основанные на исследованиях и публикациях внутри страны. Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003. Все ссылки должны быть даны на языке оригинала. Ссылки и сноски, приведенные в статье, пронумеровываются и заключаются в квадратные скобки.

- ▶ таблицы помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;
 - ▶ рисунки (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков – сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;
 - ▶ сокращения разрешаются применять только общепринятые — названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;
 - ▶ математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).
6. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.
7. Электронный вариант статьи следует направлять по электронной почте: bak@uba.edu.kz
8. Контакт. тел.: 8(7172) 725882
9. На отдельной странице приводятся сведения об авторе: Ф.И.О. полностью, ученая сте-

пень и ученое звание (если есть), квал. категория, место работы;

- ▶ название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

10. Басылымда мақала жариялау ақылы. Бір мақала (көлемі 10 парақтық) құны - 5058 теңге тұрады.

Порядок рассмотрения статьи

Статьи, поступившие на электронную почту, рассматриваются по соответствию следующим требованиям:

- ▶ техническое оформление;
- ▶ написание статьи в соответствии со структурой;
- ▶ соответствие тематической направленности журнала;
- ▶ проверка в лицензированной системе Антиплагиата;
- ▶ использование методов искусственного интеллекта;
- ▶ экспертный анализ (**рецензирование**);
- ▶ переработка и дополнение на основании предложений членов редакционной коллегии.

Рецензия является самостоятельным письменным научным произведением, выполненным специалистами предметной области, к которой относится и рецензируемая статья. Рецензирование помогает редакции при принятии решения об опубликовании работы, а автору, через связь с редакцией, может помочь улучшить свою работу. Автору рецензируемой работы предоставляется, при его желании, возможность ознакомиться с текстом рецензии. Рецензия предоставляется автору рукописи без подписи и указания фамилии, должности, места работы рецензента. На рецензирование направляются статьи, удовлетворяющие всем формальным требованиям журнала и имеющие не менее **70%** оригинального текста. Сроки рецензирования – **2 недели**. Положительная рецензия не является достаточным основанием для публикации статьи. Окончательное решение о целесообразности публикации статьи принимается членами редколлегии журнала.

Журналдың құрылтайшысы:
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
«Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК.

Журнал 2023 жылдың
наурызынан шыға бастады.
Басылым 3 айда бір рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің Ақпарат комитетінде
қайта есепке қойылған
(2023 жылғы 20 ақпандағы Мерзімді баспасөз
басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке
қою туралы №KZ35VPY00064971 куәлік).

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің анықтығына,
сондай-ақ стилистикалық қателерге
авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды
редакцияның келісімінсіз
көшіріп басуға болмайды.

Мекенжайы:
010000, Астана қ.,
Мәңгілік Ел даңғ., 8/2
«Алтын Орда» БО.
E-mail: bak@uba.edu.kz
Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.
Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 36.5. RISO басылым.
Таралымы - 300 дана.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның
Дизайн және полиграфиялық қызметтер
бөлімінде басылып шығарылды.

Учредитель журнала:

РГП на ПХВ «Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина»
Министерства просвещения
Республики Казахстан.

Журнал издается с марта 2023 года.
Периодичность 1 раз в 3 месяца.

Журнал поставлен на переучет в Комитете
информации Министерства информации и
общественного развития
Республики Казахстан
(Свидетельство №KZ35VPY00064971
о переучете периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
от 20 февраля 2023 года).

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы
не отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достоверность
фактов и сведений в публикациях,
а также за стилистические
ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов,
опубликованных в журнале,
допускается только с согласия редакции.

Наш адрес:

010000, г. Астана,
пр. Мәңгілік Ел, 8/2,
БЦ «Алтын Орда».
E-mail: bak@uba.edu.kz
Подписано в печать 28.06.2024 г.
Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 36.5. Печать RISO.
Тираж - 300 экз.

Отпечатано в Отделе дизайна
и полиграфических услуг
НАО им. И. Алтынсарина.